



САМУРЫК  
КАЗЫНА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

1-ші томы

2014



# «Самұрық-Қазына»

Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

2014 жыл үшін жылдық есеп

1-ші томы

# МАЗМҰНЫ

## 2014 жыл үшін жылдық есеп

### 1-ші томы

<b>1. КІРІСПЕ БӨЛІМ</b>	<b>5</b>
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	6
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАФАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	8
1.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ	11
1.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2014 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТИЛЕРДЕ	12
1.3. 2014 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ	16
<b>2. ҚОР ТУРАЛЫ</b>	<b>21</b>
2.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТУ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ	22
2.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	25
2.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	26
2.4. ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	27
2.5. СЫРТҚЫ АУДИТ	28
2.6. КОРПОРАТИВТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ, АҚШАНЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ	29
2.7. ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «ХАЛЫҚТЫҚ ІРО» БАҒДАРЛАМАСЫ	30
2.7.1. <i>ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ</i>	30
2.7.2. <i>"ХАЛЫҚТЫҚ ІРО" БАҒДАРЛАМАСЫ</i>	30
2.8. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	32
2.8.1. <i>ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ</i>	32
2.8.2. <i>ҚОРДЫҢ ІРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУҒА ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУҒА (ҮИИДМБ) ҚАТЫСУ ШЕҢБЕРІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ</i>	32
2.9. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ	33
2.10. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНУЫ ДАМУ	33
2.10.1. <i>ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН ӨНДІРІСТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУҒА ЖӘНЕ ЖАҢАЛАРЫН ҚҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУДІҢ 2013–2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ</i>	33
2.10.2. <i>ЭЛЕКТРОНДЫҚ САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ</i>	34
2.11. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	36
2.11.1. <i>«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ КАДР САЯСАТЫ</i>	36
2.11.2. <i>ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ДУАЛДЫҚ ОҚЫТУ)</i>	41
2.11.3. <i>ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ</i>	41
2.11.4. <i>ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ</i>	42
2.11.5. <i>ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</i>	42
2.11.6. <i>ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ</i>	43
2.12. КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТARTУ КЕЗІНДЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ	44
2.13. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	44

	<b>3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	<b>47</b>
3.1.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП	48
3.2.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫ	51
3.2.1.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ, ДК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ	51
3.2.2.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ТОП-МЕНЕДЖЕРЛЕРДІҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДАРЫ	57
3.3.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2014 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	60
3.3.1.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	60
3.3.2.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	66
3.3.3.	ЗАҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	68
3.4.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	69
3.4.1.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	69
3.4.2.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	69
3.5.	ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	70
3.6.	АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ	71
3.7.	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ	72
3.8.	ІШКІ АУДИТ	75
	<b>4. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ</b>	<b>77</b>
4.1.	«МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ	78
4.2.	«ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ» СЕГМЕНТІ	80
4.2.1.	«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ	80
4.2.2.	«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ	83
4.3.	«ИНДУСТРИАЛЫҚ» СЕГМЕНТІ	85
4.3.1.	«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ	85
4.3.2.	«БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС	87
4.4.	«ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ	88
4.4.1.	«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ	88
4.4.2.	«ЭЙР АСТАНА» АҚ	90
4.5.	«ЭНЕРГЕТИКА» СЕГМЕНТІ	92
4.5.1.	«KEGOC» АҚ	92
4.5.2.	«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ	93
4.6.	«ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ» СЕГМЕНТІ	95
4.6.1.	«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	95
4.6.2.	«ҚАЗПОЧТА» АҚ	98
4.7.	«ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ЖОБАЛАРЫН БАСҚАРУ» СЕГМЕНТІ	100
4.7.1.	«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ	100
4.7.2.	ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ	102
	<b>5.«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ</b>	<b>104</b>
	<b>6. ГЛОССАРИЙ</b>	<b>106</b>



# «Самұрық-қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

2014 жыл үшін жылдық есеп

1-ші томы



## КІРІСПЕ БӨЛІМ

«Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесі төрағасының кіріспе сөзі

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасы төрағасының кіріспе сөзі

«Самұрық-Қазына» сөзінің шығу тегі туралы

«Самұрық-Қазына» АҚ 2014 жылғы цифрлар мен фактілерде

2014 жылғы қордың айтулы оқиғалары

# «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
**К. Қ. МӘСІМОВ**

## Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы өз қызметінің тиімділігін арттыру және Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді орындау жөніндегі белсенді жұмысын жалғастырды.

Негізгі экономикалық көрсеткіштердің көпшілігі оң серпінді көрсетті, ал Қазақстанның ІЖӨ 2014 жылы ағымдағы бағамен 38,7 трлн теңгені құрады. 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты ІЖӨ 4,3% артты. ІЖӨ құрылымында тауарлар өндіру көлемі 38,2%, қызметтер – 55,6% құрады.

Қазақстан әлемдік экономиканың бір бөлігі ретінде жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарларының әсерін бастан кешіруде. Қазақстанның экономикасы өзін әртараптандыру процесінде тұрғандықтан, сондай-ақ 2014 жылдың аяғында мұнай бағасының айтарлықтай құлдырауына байланысты, Standard & Poor's рейтингілік агенттігі елдің егемен рейтингін, және сонымен бірге «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингін «жағымсыз» болжамымен «BBB» дейін төмендетті. Соған қарамастан, Fitch Ratings рейтингілік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ активтерінің стратегиялық маңыздылығын және күшті қаржылық позициясын атап көрсетті, ол «Самұрық-Қазына» АҚ-ға 2013 жылы берілген «тұрақты» болжамы

бар «BBB+» деңгейіндегі кредиттік рейтингіні растады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2014 жылғы таза шоғырландырылған пайдасы екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда 332,3 млрд тенге мөлшерінде бағаланады.

2014 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша 1,05 трлн теңге сомасында бюджетке салықтар мен төлемдер төленді, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 15% көп.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Трансформациялау бағдарламасы бекітілді,



онда ұлттық әл-ауқат қорлары қызметін түрлендірудің шетелдік табысты тәжірибесі ескерілді. Бағдарламада мынадай үш бағыт қамтылады: қоржын компаниялардың құнын арттыру, қоржынның құнын және инвестициялық қызметті жүргізудегі Қордың тәсілдемесін өзгерту, өкілеттіктер мен жауапкершілікті қайта бөлу. Бағдарламаны іске асыру Қордың өзінің және оның қоржын компанияларының қызметіне, сондай-ақ Қордың қызметіне қатысатын мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тетіктеріне елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қор ЭЫДҰ-ның бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу бойынша жұмысты жалғастыруда. Мәселен, Директорлар кеңесі негізгі заманауи трендтер мен стандарттарды ескере отырып әзірленген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңа Корпоративтік басқару кодексін мақұлдады және оны Үкімет бекітті. Кодексте тұрақты даму, акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас, кәсіби директорлар кеңесі және атқарушы орган, тәуекелдерді басқару және ішкі

бақылау, ашықтық сияқты тиісті корпоративтік басқарудың маңызды қағидаттарына назар аударылады. Аталған қағидаттар Қор тобының ұзақ мерзімді құнын көбейту және тұтастай инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін маңызды.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Инвестициялық саясатына көзқарасы өзгерді. Еншілес ұйымдардың олардың директорлар кеңестерінің инвестициялық жобаларды іске асырғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Еншілес ұйымдардың инвестициялық қоржындарын қалыптастыруға, талдауға және мониторингілеуге жаңа тәсілдемелер айқындалды. 2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы жалпы \$2,5 млрд-қа жуық сомаға 12 ірі жобаны пайдалануға енгізді.

2014 жылы жекешелендірілген кәсіпорындардың саны ұлғайды. Мәселен, Қор жалпы сомасы 23 млрд астам теңгеге 23 компанияны өткізді.

«Халықтық IPO» бағдарламасы екінші кезеңінің шеңберінде жеке тұлғалардан

түскен неғұрлым әртарапандырылған құрылымы бар өтінімдермен «KEGOC» АҚ-ның жай акцияларын қор нарығына шығару жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысының екінші деңгейдегі банктердің капиталынан шығу жөніндегі тапсырмаларына сәйкес 2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ акцияларын Қор 2009-2010 жылдары дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде сатып алған «Темірбанк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «БТА Банк» АҚ акциялар пакеттерін өткізу бойынша мәмілелерді жүзеге асырды. 2014 жылдың желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген банктерді бақылау жеке инвесторлардың қолына толықтай өтті.

Тұтастай алғанда, 2014 жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары «Самұрық-Қазына» АҚ тобы қызметінің титімділігін арттыруға бағытталған ауқымды өзгерістер сенімді түрде бастау алынды, бұл бір мезгілде мемлекет жүргізіп отырған экономикалық саясатқа ауқымды үлес қосуға мүмкіндік береді.

# «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы  
**Ө. Е. ШӨКЕЕВ**

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобы 2014 жылды дағдарыс алдындағы кезең үшін біршама жақсы аяқтады. Бұған дағдарыстың белгілері әлі болмаса да, ықтимал қауіптердің алдын алу шараларының арқасында қол жеткізілді. Негізгі компанияның акционерлеріне жататын шоғырландырылған таза кіріс 2014 жыл ішінде екінші деңгейдегі банктерді есептегенде 333,7 млрд теңгені құрады. Операциялық пайда (ЕВІТDА margin) 20,1% деңгейінде тіркелді, бұл жоспарлы мәннен 3% жоғары.

Дамудың әлі бастапқы сатысында тұрған «Тау-Кен Самұрық» АҚ мен «Біріккен

химия компаниясы» ЖШС-ны қоспағанда, топтың барлық ірі компаниялары жылды таза кіріспен аяқтады. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ таза кірісі 199,2 млрд теңгені, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ – 33,6 млрд теңгені, «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК» АҚ – 15,2 млрд теңгені, «Самұрық-Энерго» АҚ – 13,3 млрд теңгені, «КЕГОС» АҚ – 8,6 млрд теңгені, «Қазақтелеком» АҚ таза кірісі – 6,7 млрд теңгені құрады.

2014 жылы Қор компанияларының тобы жалпы сомасы 2,5 млрд доллар 12 жобаны пайдалануға енгізді. 5,6 мыңнан астам уақытша және 800 астам тұрақты жұмыс орындары құрылды. Өткен жылдың барынша ірі жобалары – Алматы қаласын және қала маңы аймағын газдандыру, FTTN желілерін тарту, 500, 200 кВ

Қазақстанның ҰЭС желілеріне қосумен «Алма» 500/220 КС салу.

Осы жобаларды іске асырудың нәтижесінде Қор тобы бүкіл облыстық орталықтар мен қалаларда Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қол жетімділік, HD-бейне, SIP-телефония, FMC берді. Алматы өңірін элетрмен жабдықтаудың және Шығыс транзитіне қосудың сенімділігін қамтамасыз етті. Жаңа тұтынушыларды қосуға арналған жағдайлар жасай отырып, Алматыда газ тасымалдау мен тасу көлемін ұлғайтты.

Тұтастай алғанда, индустрияландырудың екінші бесжылдығын (ИИДМБ-2) және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ 2017 жылы ЕХРО халықаралық көрмесін өткізуге дайындық

шеңберінде бірқатар жобаларды іске асыруға Қордың белсенді түрде қатысқанын атап айту қажет.

Біз компаниялардың операциялық тиімділігін арттыру жолында жұмыс істейміз. Осыған байланысты Қор компанияларының тобы бойынша инновациялық жобаларға инвестициялар көлемін арттырамыз. 2014 жылы оларды іске асыруға шамамен 240 млрд теңге бағытталды, 2013 жылдың деңгейінен асу 105 млрд теңгені құрады. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық өзірленімдерге салымдардың үлесі де 2013 жылғы 2,7 млрд теңгеден 2014 жылы 8,8 млрд теңгеге дейін еселеп өсті.

Қор отандық бизнесті қолдау бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, сатып алулардағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 2010 жылғы 50%-дан 2014 жылы 75% дейін артты. 2014 жылдың қорытындылары бойынша Қор компаниялары тобының сатып алулары көлемі 3,9 трлн теңгені құрады. Сатып алулардағы жергілікті қамтудың үлесі 75% құрады, оның ішінде тауарлар бойынша – 63%, жұмыстар мен қызметтер бойынша 82% құрады. Бұл нәтижелерге сатып алу қағидаларында қор қабылдаған преференциалардың арқасында қол жеткізілді. Олардың ішінде – сатып алуды қазақстандық тауар өндірушілердің арасында міндетті түрде бастапқы ретте жүргізу, шарттың 30% мөлшерінде кепілді алдын ала төлем, сатып алуға қатысуына байланысты барлық қамтамасыз ету түрлерінен босату бар.

Біз Жекешелендірудің 2020 жылға дейінгі кешенді жоспарын іске асыруға кірісіп кеттік. «Самұрық-Қазына» қоры 106 активті өткізеді. 2014 жылы 23 компания бәсекелік ортаға өткізілді. Жасалған мәмілелердің жалпы сомасы 23 млрд теңгеден астам соманы құрады, бұл өт-

кізілген активтердің жиынтық бағалау құнынан 1,3 есеге асып түсті.

2014 жылы біз дамудың жаңа бағытына – топ компанияларын нысаны бойынша да, сондай-ақ мазмұны бойынша да өзгерту процесін бастадық. Мемлекет басшысының қатысуымен бизнесті трансформациялау бағдарламасы ресми түрде бастау алды. Біз сингапурлық Temasek, малайзиялық Khazanah және БАӘ-нің Mubadala тәжірибелерін ескере отырып, өзіміздің болашақ моделімізді жасадық. Біздің міндетіміз – қолда бар активтердің құнын ұлғайту, бизнес-процестерді және қоржын құрылымын оңтайландыру, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіру. «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасын іске асырудан туындайтын экономикалық тиімділік \$11 млрд бағаланады. Қордың қолданыстағы жүйесінен із де қалмайды. Жаңа форматтағы топта тек аса күшті компаниялар, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізетін және экономиканы әртараптандыруға нақты үлес қоса алатындар ғана қалады. Бұған барлығы: құрылым, регламенттер, процестер бағытталатын болады. 2014 жылы бірінші кезеңде біз пилоттық компанияларда: Қордың өзінде, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ-да, «Қазпочта» АҚ-да, АО «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да трансформациялау командаларын қалыптастырдық.

Әлеуметтік жауапкершілік – Қордың стратегиялық бағыттарының бірі. Біз Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі сияқты стратегиялық ҚНҚ айтарлықтай жақсартта алдық. Мәселен, 2014 жылы Қор бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі 2013 жылғы 12% көрсеткіштен асып, 70% құрады. Зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, Қор тобының әлеуметтік саясаты қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек қатынастарына қанағаттанушылығының артуына ықпал етті. Еңбек психологиясында оң өзгері-

стер болды. Құқықтық нигилизм деңгейі төмендеді, қақтығыстарды шешудің ішкі құралдарына деген сенім деңгейі артты.

Корпоративтік басқару серпіні оң серпінді көрсетеді. 2014 жылы бірқатар компанияларда корпоративтік басқару рейтингі 75 есептік көрсеткіш деңгейіне жетті.

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның егемен әл-ауқат қорларымен байланыстары айтарлықтай жанданды. Соның нәтижесінде біз Егемен әл-ауқат қорлары халықаралық форумының (IFSWF) ресми мүшесі болдық. Егемен әл-ауқат қорларын дамыту мен олардың өзара іс-қимылының өзекті мәселелері, сондай-ақ олардың әлемдік экономиканы дамытудағы рөлі талқыланатын тұғырнама біз үшін қол жетімді болды. Бұдан басқа, біз үшін шетелдік әріптестеріміздің озық трансформациялау тәжірибесін зерделеу үшін үлкен мүмкіндіктер ашылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ әлемдік дағдарысқа қарамастан, 2015 жылы бизнесті трансформациялауға басты назар аударатын болады. Бұл бағдарлама Қорды дамытудың негізі болып табылады. Ол Қор компанияларының дағдарыстық жағдайларға иммунитетін дағдайытты. 2015 жылы бағдарлама «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ-да бастау алады.

Әлемдегі экономикалық күрделі жағдайды ескере отырып, Мемлекет басшысы Қорға дағдарысқа қарсы іс-шараларды іске асыруды тапсырды. Осы жұмысты жүргізу үшін біз жүйелі негізде дағдарысқа қарсы жоспарды әзірледік, оны орындау Қор қызметінің басым бағыттарының бірі болады. 2015 жыл сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының индустриялық-инновациялық тиімділігін арттыру жөніндегі саясатымыздың қисынды жалғасына айналады.



## 1.1. «САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» атауы қазақ мәдениетінде ғана емес, сонымен бірге тұтастай шығыс мәдениетінде ерекше, қасиетті мағынасы бар қазақ тіліндегі «Самұрық» және «Қазына» деген екі сөздің үйлесімінен шыққан.

Мәселен, «Самұрық» Феникс атты мифтік құстың шығыстық ұқсас түрі болып табылады, оның көптеген айрықша қасиеттерінің арасында сиқырлы түрде: өзінің өмірлік циклдарының бірін жанып жатқан отта аяқтау сәтінде жылылық пен жарық бере, және өзінің күл арасынан қайта тууы сәтінде – жаңару бере отырып шексіз қайта туу қабілеті болды.

Аңыздағы Самұрық құсының осы қасиеті 2006 жылы мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі жаңа холдингтің атынан

көрініс тапты, ол активтерді мемлекеттік басқарудың бұрынғы тәжірибесінің жақсы жақтарын сақтап, және оған жаңа әлемдік озық практикаларды ендіре отырып, осы сапалық жағынан жаңа құрылымның Қазақстан экономикасының дамудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшуіне жәрдемдеседі деген мақсатпен құрылды.


«Қазына» өз кезегінде – әл-ауқатпен, капиталдың сенімділігімен және мұрамен қандай да бір түрде байланысты мағынаның көптеген жағымды мәндері мен реңктері бар сөз.

Осыған байланысты осы атаудың сол 2006 жылы болашақ ұрпақтың игілігі үшін ел экономикасын тұрақты дамыту мақсатында құрылған тағы бір құрылымға берілуі заңды болып көрінеді.

2008 жылы осы екі ұйымның қосылуы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ бірлескен іс-қимылынан синергетикалық тиімділікке қол жеткізуге бағытталды.

«Самұрық» және «Қазына» сөздерін Қордың атауында сақтау Қордың 2022 жылға дейінгі даму стратегиясында тұжырымдалған мақсаттарды – экономиканы оны әртараптандыру арқылы жаңартуды, ұлттық әл-ауқатты арттыруды және әлбетте, ұлттық болашақтағы әл-ауқаты туралы ғана емес, сонымен бірге осы уақытта да оны жақсарту туралы қамқорлық жасауды Қорға міндеттейтін әлеуметтік жауапкершілікті көрсетеді.

## 1.2. «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2014 ЖЫЛҒЫ ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ



«Самұрық-Қазына» АҚ  
компаниялары тобы қызметкерлерінің саны  
320 872 адамды құрады

(оның ішінде өндірістік персонал  
293 759 адам немесе қызметкерлердің жалпы санының 91,5%).

Барлық төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер

1 048 млрд теңге

(2013 жылмен салыстырғанда 15% артық).

Қордың шоғырландырылған түсімінің ЖІӨ  
шаққандағы көлемі 2014 жылы


13,3% құрады

(38 712 млрд теңгеге 5 138 млрд теңге).

## ЕДБ-мен қаржы-экономикалық көрсеткіштер

### Активтер


млрд теңге




5 жылда 3 823 млрд. теңге немесе 30% ұлғайды

### Меншікті капитал


млрд теңге




5 жылда 2 710 млрд. теңге немесе 30% ұлғайды



5 жылғы орташа пайда 559 млрд. теңге




5 жылда 1507 млрд. теңге немесе 42% ұлғайды



## ЕДБ-сыз қаржы-экономикалық көрсеткіштер




5 жылда 5 059 млрд. теңге немесе 44% ұлғайды



5 жылда 2 456 млрд. теңге немесе 44% ұлғайды


# ЕДБ-сыз қаржы-экономикалық көрсеткіштер

## Шоғырландырылған таза пайда




5 жылғы орташа пайда 641,1 млрд. теңге

## Кірістер




5 жылғы орташа пайда 641,1 млрд. теңге


## EBITDA, margin %



## ROE (Меншікті капиталдың рентабельділігі, %)



## ROE (Активтердің рентабельділігі, %)



## «Самұрық-Қазына» АҚ негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері

1-КЕСТЕ. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру, %-бен
Шоғырландырылған <b>таза пайда</b>	млрд теңге	234,5	439,8	-205,3	-46,7
Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған <b>таза пайда</b>	млрд теңге	271,5	407,2	-135,7	-33,3
EBITDA margin <sup>1</sup>	%	19,6	21,0	-1,4	-6,5
ROA <sup>2</sup>	%	1,5	2,9	-1,4	-49,0
ROE <sup>3</sup>	%	3,0	5,9	-2,9	-49,1

<sup>1</sup> EBITDA margin = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар) + (Сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы)) / Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

<sup>2</sup> ROA = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа активтер

<sup>3</sup> ROE = Таза кіріс / Бір жыл ішіндегі орташа меншікті капитал



2-КЕСТЕ. Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер, ЕДБ-сыз

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу	Өзгеру, %-бен
Шоғырландырылған <b>таза пайда</b> , ЕДБ-сыз	млрд теңге	332,3	719,4	-387,1	-53,8
Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған <b>таза пайда</b> , ЕДБ-сыз	млрд теңге	333,7	653,8	-320,1	-49,0
ЕВITDA margin, ЕДБ-сыз	%	20,1	21,3	-1,2	-5,5
ROA ЕДБ-сыз	%	2,1	5,0	-2,9	-57,3
ROE ЕДБ-сыз	%	4,3	9,8	-5,5	-56,3

3-КЕСТЕ. Сегменттер бөлінісіндегі 2013 жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге

Атауы	Мұнай-газ	Тау-кен өнеркәсібі	Тасымалдау	Телекоммуникация және пошта байланысы	Энергетика	Қаржы институттары	Корпоративтік орталық және жобалар
Сатудан түскен кірістер және пайыздық кірістер	3 196	405	1 029	232	320	29	216
Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар	2 334	331	752	173	222	25	104
<b>Жалпы пайда</b>	<b>863</b>	<b>74</b>	<b>277</b>	<b>59</b>	<b>98</b>	<b>4</b>	<b>112</b>
Жалпы өкімшілік шығыстар	177	29	92	27	27	3	30
Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар	359	6	6	7	3	0	0
Қаржылық кіріс	55	8	11	4	6	4	61
Қаржылық шығындар	202	12	52	8	28	2	10
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлес	427	11	45	0	13	5	0
Бағам айырмасынан кіріс/(шығын), нетто	66	-20	-81	-7	-2	-2	11
Тозу, таусылу және амортизация	210	21	110	40	37	0,2	0,4
НҚ, гудвилдің, өзге де активтердің құнсыздануы	353	6	3	4	80	10	1
Табыс салығы бойынша шығыстар	117	5	24	7	13	0,4	17
<b>Жалғасатын қызметтен бір жыл ішіндегі таза пайда</b>	<b>199</b>	<b>15</b>	<b>37</b>	<b>7</b>	<b>41</b>	<b>7</b>	<b>99</b>
Кезең ішіндегі тоқтатылған операциялардан таза кіріс/(шығын)	0,3	0	-0,7	0	-4	0	-38
<b>Кезең ішіндегі таза пайда/(шығын)</b>	<b>199</b>	<b>15</b>	<b>37</b>	<b>7</b>	<b>37</b>	<b>7</b>	<b>61</b>

## 1.3. 2014 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

### I тоқсан

#### ҚАҢТАР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да орталық аппаратты қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталды.

Қазақстан Үкіметі 2014 жылғы 8 қаңтарда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамын бекітті.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Өмірзақ Шөкеев Катар инвестициялық қорының басшысымен кездесті.

«Fitch Ratings» халықаралық рейтингілік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі («ЭДР») болжамын «Жағымсыздан» «Тұрақтыға» қайта қарады және ЭДР-ды «ВВ» деңгейінде растады.

Мемлекет басшысы үкіметке «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп жекешелендіруге жататын компаниялардың тізімін жасауды тапсырды.

#### АҚПАН

Жамбыл облысының әкімдігі мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасында бірлескен жұмыстар жоспары туралы келісімге қол қойылды.

«Қазпочта» АҚ сәлемдемелік жөнелтімдерді жеткізу мерзімі бойынша еуропалық көрсеткіштерге қол жеткізді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобы өндірісшілерінің жалақысын 10% ұлғайтуды тапсырды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеев Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөніндегі кеңес барысында еншілес компаниялардың басшыларына өндірістік персоналдың жалақы қорын қайта есептеу жөніндегі рәсімді жеделдетуді тапсырды.

### НАУРЫЗ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Серік Ахметовтің төрағалық етуімен өткен кеңесте Қор Басқармасының құрамын оған Бизнесі дамыту жөніндегі бас директорды енгізу жолымен кеңейту туралы шешім қабылдады.

«The Rompetrol Group N. V.» Директорлар кеңесі компанияның атауын «KazMunayGas International N. V.» деп өзгерту туралы шешім қабылдады.

### II тоқсан

#### СӘУІР

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы өзгерді.

«Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауыты тазартылған алтынның алғашқы партиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне жөнелтуді жүзеге асырды.

«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ «Үздік жұмыс беруші ұлттық компания» номинациясы бойынша «Сенім-2014» республикалық конкурсының жеңімпазы болды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде «Самұрық-Қазына» тобының жеке меншік секторға берілуге жоспарланып отырған компанияларының тізімін қарады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау жөніндегі ауқымды жобаның басталғаны туралы хабарлады.

«Самұрық-Қазына» АҚ «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде «KEGOC» АҚ қор нарығына шығару бойынша дайындық жұмыстарын бастады.

ҚР Президенті қыркүйекке дейін «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасын әзірлеуді аяқтауды тапсырды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында активтерді өткізу және бизнесті трансформациялау мәселелері талқыланды.

«Альянс Банк» АҚ жай және артықшылық берілген акцияларын сатуға қосылу туралы хабарлама.

Қазақстан Үкіметі «Самұрық-Қазына» тобының жекешелендіретін компанияларының түпкілікті тізбесін бекітті.

«Астана» президенттік клубы және «Галатасарай» мультиспорт клубы (Түркия) Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес (№ 2 хаттама/2014, 1-т.) оны жасауға ҚМГ-ның мүдделілігі бар «ҚМГ Кашаган Б.В.» ЖШЖК акционерлерінің құрамынан шығу жөніндегі мәмілені ҚМГ-ның жасасуы туралы шешім қабылданды – ҚМГ, Cooperatieve KazMunaiGaz U.A. және «ҚМГ Кашаган Б.В.» ЖШЖК арасындағы «ҚМГ Кашаган Б. В.» ЖШЖК капиталының акцияларын салу және беру туралы келісім.

## МАМЫР

«Қасиетті жол» қоғамдық қайырымдылық қоры «Ұлттық болашағы – дені сау балалар» жобасының шеңберінде «Самұрық-Қазына» ҰЭҚ» АҚ қолдауымен БЦП зардап шегетін балаларға арналған оңалту орталығының тұсауын кесті.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ мен Shenwu корпорациясының арасындағы меморандумға қол қойылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Б. Ж. Өтемұратов мырзаның арасында «Темірбанк» АҚ жай акцияларының «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі 79,88%-ын және «Альянс Банк» АҚ 16% жай және 16% артықшылық берілген акцияларын иеліктен шығару бойынша мәміле іске асырылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ 2014 жылғы 22 мамырда VII Астана экономикалық форумының және II Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы конференцияның шеңберінде «Корпоративтік басқару және қосылған құн»

тақырыбына «дөңгелек үстел» өткізуді ұйымдастырды.

## МАУСЫМ

«Қазақтелеком» АҚ трафик көлемі бойынша шектелмейтін ішкі де, сыртқы да ресурстарға 120Мбит/с дейін Интернет желісіне өткізгішті қол жетімділіктің рекордтық жылдамдығымен «iDNet 120» жаңа тариф жоспарын іске қосты.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының басылымы Қазақстандағы үздік ішкі корпоративтік газет деп танылды.

«Эйр Астана» әуе компаниясы Азия-Тынық мұхит өңірінің әуе компаниялары қауымдастығының (ААРА) толық құқықты мүшесіне айналды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы Сауат Мыңбаев және ENI компаниясының бас атқарушы директоры Клаудио Дескальци «Исатай» жобасын және «Судоверфь» жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жер астында сілтілендіру ерітіндісін өңдеу жөніндегі алғашқы ұтқыр кешенді іске қосты.

Қазақстан Республикасы мен ҚХР шекарасында өткізуінің жиынтық қабілеті 200 Гбит/с түйісін кеңейту жөніндегі уағдаластыққа «Қазақтелеком» АҚ бас коммерциялық директоры Рафаэл Әбіханов пен «China Telecom» аға вице-президенті Тан Ицзюняның кездесуіне қол жеткізілді.

Астана қаласының әкімдігінде Астана қаласының әкімдігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері

агенттігі арасында велосипед жолы инфрақұрылымын дамыту саласындағы өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қою салтанаты болып өтті.

«Қазпочта» АҚ Бизнесі трансформациядлау бағдарламасын іске қосуға соңғы дайындық іс-шараларын аяқтады.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумының төрағасы Тимур Құлыбаев пен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеев Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Ақордада Корей Республикасы Президентінің Мемлекеттік сапары шеңберінде екі мемлекеттің басшылары Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Корей Республикасының Президенті Пак Кын Хенің қатысуымен Балқаш ЖЭС туындыатушы қондырғылары электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтерді сатып алуға арналған ұзақ мерзімді шартқа қол қою салтанаты болды.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ орталық кеңсесінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеев қатысқан компания басшылығымен, Жаңғырту жөніндегі кеңестің мүшелерімен және ҚТЖ компаниялар тобының Бизнесі трансформациялау бағдарламасы командасымен жұмыс кездесуі болды.

25 маусымда Мәскеуде «Росатом» мемлекеттік корпорациясы мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дәстүрлі емес (балалар) энергетика (күн және жел) және сирек және сирек жер металдары өндірісі сала-

сындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«Қазпочта» АҚ-да Бизнесі трансформациялау бағдарламасы салтанатты түрде бастау алды.

### III тоқсан

#### ШІЛДЕ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «онлайн» режимінде республикалық телекөпір кезінде «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ энергетикалық қазандық жабдығының өндірістік желісін іске қосты.

«Самұрық-Қазына» АҚ өзіне тиесілі «БТА Банк» АҚ-ның 93% жай акцияларын «Қазкоммерцбанк» АҚ және К. Х. Рақышев мырзаның пайдасына иеліктен шығару жөніндегі мәмілені аяқтады.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ «Масал КБК» ЖШС қатысу үлестерін сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады.

#### ТАМЫЗ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Мемлекет басшысына трансформациялау бағдарламасына дайындық барысы туралы баян етті.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы «Қазатөмнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұжымына бұған дейін Қоршаған орта және

су ресурстары министрі лауазымында болған жаңа басшы Нұрлан Қаппаровты таныстырды.

«Самұрық-Қазына» АҚ ғимаратында Олимпиада чемпионы Владимир Смирновтың «Астана» президенттік кәсіпқой спорт клубының бас директоры ретінде қызметке тағайындауына байланысты баспасөз конференциясы болып өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысы малайзиялық «Khazanah» және сингапурлық «Temasek» басшылығымен кездесті.

«Самұрық-Қазына» АҚ әлеуетті инвесторлар үшін Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған бағдарламасына қатысу мәселелері бойынша алғашқы жария кездесуін өткізді.

#### ҚЫРКҮЙЕК

«Самұрық-Қазына» АҚ және Назарбаев Университет ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Трансформациялау бағдарламасын мақұлдады.

«KEGOC» АҚ «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде акцияларды қазақстандық қор нарығына шығару мәселесі бойынша қор нарығына кәсіби қатысушылармен кездесу өткізді.

«ҚазМұнайГаз» АҚ Трансформациялау бағдарламасының жобасын таныстырды.

«Қазпочта» АҚ автоматтандырылған алғашқы почта станция-

сын коммерциялық пайдалануға енгізді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша сатылатын тұрғын үйлерге өтінімдер қабылдау мәселесіне жаңа тәсілдеме ұсынды.

### IV тоқсан

#### ҚАЗАН

«Самұрық-Қазына» АҚ «Халықтық IPO» бағдарламасы белсенді фазасының басталғаны туралы хабарлады.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшылығы 2014 жылғы 6 қазанда Астанада өткен Трансформация форумында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа өз қызметін өзгерту бағдарламасын таныстырды.

«Қазақстан темір жолының» үш активі «Самұрық-Қазына» тобының Жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде 2,6 млрд теңге сомасына сатылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі «Халықтық IPO» шеңберінде «KEGOC» АҚ акцияларын орналастырудың негізгі параметрлерін анықтады.

2014 жылғы 16 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу

жөніндегі саясат бекітілді, оны іске асыруға 2014 жылғы 28 қазанда Қор Басқармасы Қор тобының ұйымдары консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандартты бекітті.

«Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде «KEGOC» АҚ акцияларын Қазақстан қор биржасына орналастыру туралы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне ҚР Үкіметі бекітті.

## ҚАРАША

«Самұрық-Қазына» АҚ жаңа Корпоративтік басқару кодексін әзірледі. Әлемдегі соңғы трендтер ескеріле отырып әзірленген жаңа Кодекс Трансформациялау бағдарламасының негізгі міндеттеріне: ұзақ мерзімді құнға және тұрақты дамуға бағдарланған.

2014 жылғы 10 қарашада «Альянс Банк» АҚ «Темірбанк» АҚ-мен және «ForteBank» АҚ-мен бірлесіп Қайта құрылымдау жоспарын және «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ның Альянс Банкке қосылуын бекіткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы болды.

«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностика жүргізудің нәтижелері туралы хабарлады.

Қазақстан қор биржасы «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде «KEGOC» АҚ акцияларын бастапқы орналастыруға жазылымның басталғаны туралы хабарлады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Егемен әл-ауқат қорлары халықаралық форумының (IFSWF) ресми мүшесі болды.

«ҚазЭлектроПривод» бірлескен кәсіпорнында қуаты жылына 1500 мың бағыттамалық жетектердің жергілікті өндірісі ашылды.

## ЖЕЛТОҚСАН

«Самұрық-Қазына» компаниялары тобы қытайлық әріптестерімен энергетика және көлік саласында бірқатар келісімдер жасасты.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Өмірзақ Шөкеев Қор компаниялары тобының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар тапсырды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қор компаниялары тобы өмірлік циклының мәртебесін диагностикалау бойынша семинар-брейн-сторминг өткізді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімовтің төрағалық етуімен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобы Трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы мәселені қарады және жаңа Корпоративтік басқару кодексін мақұлдады.

«Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша «KEGOC» АҚ акцияларын орналастыру қорытындыланды.

2014 жылғы 15 желтоқсанда «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 9 375 000 дана жай акциялары мөлшеріндегі (43,65%) мемлекеттік акциялар пакетін

«Самұрық-Қазына» АҚ орналастырылатын акцияларын төлеуге беру жүргізілді, соның нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ тағы да «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-ның Жалғыз акционеріне айналды.

2014 жылғы 26 желтоқсанда «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-ның 9 375 000 дана мөлшердегі жай акциялары (43,65%) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне сенімгерлікпен басқаруға берілді.

2014 жылғы 26 желтоқсанда «Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА Банк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы активтер беру нысанындағы «БТА Банк» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ бірігуінің нысаналы моделін және негізгі банк («Қазкоммерцбанк» АҚ) мен еншілес банк («БТА Банк» АҚ) арасындағы міндеттемелерді мақұлдады.

Торғай ЖЭС салу жобасы жөніндегі меморандумға қол қойылды.

2014 жылғы 30 желтоқсанда «Альянс Банк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы болды, онда «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ның «Альянс Банк» АҚ-ға қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыру шеңберінде мүлікті, құқықтар мен міндеттерді беру актісі, сондай-ақ «Альянс Банк» АҚ-ның «ForteBank» АҚ болып қайта аталуы бекітілді.

«Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры 15 жобаны іске асыруда, олардың жалпы тұрғын алаңы 659 мыңнан астам шаршы метрді құрайды.



# «Самұрық-қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

2014 жыл үшін жылдық есеп

1-ші томы



## ҚОР ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ аса ірі етұ тізбесі және олар туралы қысқаша ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдық құрылымы

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің бағыттары, мақсаттары және міндеттері

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Сыртқы аудит

Корпоративтік қазынашылық. Ақшаны басқару тиімділігі

Жекешелендіру бағдарламасы және «Халықтық IPO» бағдарламасы

Инвестициялық қызмет

Инновациялық даму

Жеткізілімдерді тиімді басқару және кәсіпкерлік ортаны дамыту

Адам ресурстарын дамыту және «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі

Консультациялық қызметтер тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу

Ақпараттық технологиялар

## 2. ҚОР ТУРАЛЫ

### 2.1. САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ АСА ІРІ ЕТҰ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Қор тобының құрылымына мұнай-газ, электр энергетикасы, көлік, телекоммуникация және басқаларды қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларының компаниялары кіреді.

Қор тобының құрамына 593 ұйым кіреді (2013 ж.: 599 компания), олардың ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығы, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығының 24 еншілес компаниясы, 347 еншілес компания, Қор тобының 221 қауымдасқан және бірлескен компаниялары және қаржылық инвестициялары бар.

Қор компанияларының қызметі акционерлік капиталдың құнын арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыруға жәрдемдеседі.

Қор тобының құрылымына экономиканың негізгі секторларындағы компаниялар кіреді, олар Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес мынадай сегменттер бойынша топтастырылған:

- Мұнай-газ;
- Тау-Кен өнеркәсібі;
- Тасымалдау;
- Телекоммуникациялар;
- Энергетика;
- Қаржы институттары;
- Корпоративтік орталық және жобалар.

**«Мұнай-газ» сегменті** көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау саласында жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүдделерін білдіретін ұлттық мұнай-газ компаниясы **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ** (бұдан әрі – ҚМГ, ҚазМұнайГаз) деген бір компаниямен ұсынылады.

Қор ҚМГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚМГ құрылымына 9 деңгейдегі 217 компания кіреді, олардың 151 еншілес компаниялар.

**«Тау-Кен өнеркәсібі» сегменті** «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, «Біріккен химия компаниясы» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» АҚ топтастырады.

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ** (бұдан әрі – ҚАӨ, Қазатомөнеркәсіп) атом энергетикалық станцияларына арналған уранның және оның қосылыстарының, ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, қосарлы қолдану материалдарының экспорты мен импорты бойынша ұлттық оператор

ры болып табылады. ҚАӨ қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- уран өндіру, уран өнімдерін өңдеу және сату;
- тантал мен бериллийден жасалған бұйымдар шығару және сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер;
- электр энергиясын, жылу энергиясын және су өндіру және сату;
- өзге де өнімдер өндіру және сату және негізгі өндіріс үшін қызметтер көрсету.

ҚАӨ жалғыз акционері Қор болып табылады. ҚАӨ құрылымына 4 деңгейдегі 81 компания кіреді.

**«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ** (бұдан әрі – ҚИ, Қазақстан Инжиниринг) республиканың аса ірі қорғаныстық-өнеркәсіптік кәсіпорындарында бірыңғай қаржы, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингілік құрылым болып табылады және ҚР Қорғаныс министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында болады.

ҚИ кәсіпорындары мұнай-газ, темір жол, агроөнеркәсіп, жылу-энергетика кешендерін білдіретін тапсырыс берушілер үшін өнімдер шығару мен қызметтер көрсетуге, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техника жасау мен жөндеуге маманданған. Оның құрылымына 3 деңгейдегі 35 компания кіреді.

**«Біріккен химия компаниясы» ЖШС** (бұдан әрі – БХК) жергілікті және әлемдік нарықта қажет етілетін қазіргі заманғы химия өнімдерін шығаруға арналған отандық көмірсутегі және минералдық шикізатты тереңдетіп қайта өңдеуге бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру жолымен Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібін дамытуға жәрдемдеседі.

2014 жылғы жағдай бойынша БХК активтерінің құрылымы 13 компаниямен ұсынылады.

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ** (бұдан әрі – ТКС) қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, басым қатты пайдалы қазбалардың (ҚПК) шикізаттық базасын тиімді игеру, өндірістік активтерді біріктіру және оларды тиімді басқару есебінен компанияның құнын арттыруды жүзеге асырады.

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК АҚ құрылымына 5 деңгейдегі 45 компания кіреді.



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

**«Тасымалдау» сегменті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» АҚ), «Эйр Астана» АҚ, «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ-ны қамтиды.**

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ** (бұдан әрі – ҚТЖ, Қазақстан темір жолы) қызметінің негізгі мақсаты экономика мен халықтың бағажды, жүк бағажын, жүктерді, почта жөнелтімдерін темір жол көлігімен тасымалдауға деген қажеттіліктерін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚТЖ» АҚ жалғыз акционері Қор болып табылады. ҚТЖ құрылымына 5 деңгейдегі 106 компания кіреді, олардың ішінде ҚТЖ-ға жүз пайыз үлеспен 68 компания тиесілі.

**«Эйр Астана» АҚ** (бұдан әрі – Эйр Астана) қызметінің негізі азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау болып табылады. Қор (51%) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» (49%) Эйр Астананың акционерлері болып табылады.

**«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ** негізінен әуежай қызметі жөніндегі қызметті көрсетеді.

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ және «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ іс жүзінде әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдайды және оларға қызмет көрсетеді, 2014 жыл ішінде 11 492 жуық әуе кемелеріне қызмет көрсетілді, оның ішінде «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ – 3 460 бірлік, «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ бойынша – 6 845 бірлік, «Павлодар әуежайы» АҚ бойынша – 1 187 бірлік.

**«Энергетика» сегменті** Қордың мынадай компанияларын қамтиды: **«Самұрық-Энерго» АҚ** (бұдан әрі – Самұрық-Энерго) және **«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ** (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ, KEGOC) және осы сегменттегі ең ірілері болып табылады, **«КОРЭМ» АҚ** (бұдан әрі – КОРЭМ), **«Ш. Шөкин атындағы Энергетика ҚазҰИ» АҚ** (бұдан әрі – ҚазҰИ) және **«Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС** (бұдан әрі – Қарағандыгипрошахт).

**Самұрық-Энерго** мен оның еншілес кәсіпорындары қызметінің негізгі түрлері электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын беру және бөлу; энергетикалық көмір өндіру; энергетика объектілерін қайта жөндеу, кеңейту және салу болып табылады.

Самұрық-Энергоның жалғыз акционері Қор болып табылады. Самұрық-Энергоның құрылымына Қорға қатысы бойынша 4 деңгейдегі 40 компания кіреді. Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын ұйымдарға 4 ұйым жатады.

**KEGOC** Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің (бұдан әрі – БЭЖ) жүйелік операторы болып табылады. Электр

энергиясын беру, желіге босатуды және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлеу, электр энергиясының өндірілуін/тұтынылуын теңгерімдеу жөніндегі және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясының шекаралас мемлекеттердің энергия жүйелеріне ток ауысудың шарттық шамаларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетеді, меншік нысанына қарамастан, ҚР БЭЖ объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады.

Қор иелену үлесінің 90%+1 акциясымен KEGOC-тың акционері болып табылады. KEGOC-тың құрылымына Қорға қатысы бойынша 4 деңгейдегі 4 компания кіреді.

**ҚазҰИ** электр энергетикасы саласында ғылыми және қолданбалы зерттеулер мен әзірленімдер, электр энергетикасы саласын қажет етілетін және бәсекеге қабілетті инновациялық ғылыми әзірленімдермен қамтамасыз ету, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерінің тиімді коммерциялануын қамтамасыз ету, отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы технологиялардың трансфертін енгізу, стратегиялық және жедел басқару жөніндегі тиімді жүйені жасау бойынша қызметтер көрсетеді. Қор 25 желтоқсанда ҚазҰИ-дың 50,005% мөлшеріндегі иелену үлесін бәсекелік ортаға өткізді.

**КОРЭМ** қызметінің негізгі түрлері орталықтандырылған алаңда электр энергиясымен сауда-саттықтар жүргізуге дайындықты қамтамасыз ету болып табылады, ал **Қарағандыгипрошахт** Тау-Кен өндірістерін жобалауды, ғимараттар мен құрылыстарды қала салу және сәулеттік жобалауды, сондай-ақ көмір және Тау-Кен өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін табиғат қорғауды жобалауды және нормалауды жүзеге асырады.

**«Телекоммуникациялар және почта байланысы» сегменті** Қордың: «Қазақтелеком» АҚ және «Қазпочта» АҚ компанияларын қамтиды.

**«Қазақтелеком» АҚ** Қазақстан Республикасы байланысының аса ірі операторы бола отырып, ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынады, оның ішінде тіркелген телефония, ұтқыр байланыс, деректер беру және жоғары жылдамдықты Интернет, операторларға қызметтер, ақылы телевизия қызметтері және АТ-сервистер. «Қазақтелеком» АҚ-ның құрылымына 3 деңгейдегі 13 компания кіреді; компанияның өңірлерде филиалдық желісі бар және 51% иелену үлесімен Қордың тобына кіреді.

**«Қазпочта» АҚ** (бұдан әрі – Қазпочта) почта байланысының ұлттық операторы болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағындағы шаруашылық жүргізетін субъектілерге және халыққа почта-қаржы қызметтерінің кең спектрін ұсынады. Қор Қазпочтаның жалғыз акционері болып табылады.

**«Қаржы институттары» сегменті** тұрғын үй құрылысына инвестиция салу арқылы халықтың тұрғын үйге қол жетімділігін

арттыруда мемлекетке жәрдемдесу жөніндегі операцияларды («Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ), сондай-ақ осы сегменттегі ірі компаниялар болып табылатын, 2009 жылы Қор олардағы қатысу үлестерін сатып алған коммерциялық банктерді («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ), сондай-ақ Sekerbank T. A. S. қамтиды.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – СҚЖМ) құрылыс объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу және жылжымайтын мүлік пулын тиімді басқаруды қамтамасыз ету жолымен жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру мақсатында құрылды. СҚЖМ-ның қызметі Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын да-

мытуға жәрдемдесуге бағытталған. Қор СҚЖМ-ның жалғыз акционері болып табылады. 2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша СҚЖМ-ның екі еншілес ұйымы бар.

Қор жүргізген жұмыстың нәтижесінде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үш банктегі – «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ бақылау толығымен жеке меншік акционерлердің қолына көшті.


«Корпоративтік орталық және жобалар» сегментіне «Самұрық-Қазына» АҚ, сондай-ақ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС, «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС кіреді.

### «САМУҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ІРІ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫ

Мына еншілес ұйымдар шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген:

	Иелену үлесі	
	2014	2013
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ» ҰК) АҚ) және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАӨ» ҰАК) және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОС») және еншілес ұйымдары	90% + 1	100,00%
«Қазпочта» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Қазақтелеком» АҚ («ҚТК») және еншілес ұйымдары	51,00%	51,00%
«Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана»)	51,00%	51,00%
«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ («Қазақстан Инжиниринг») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	100,00%	100,00%
«Тау-Кен Самұрық» ұлттық Тау-Кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Біріккен химия компаниясы» ЖШС («БХК») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС	100,00%	100,00%
«КОРЭМ» АҚ	100,00%	100,00%
«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
«Павлодар әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
«Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС	90,00%	90,00%
«СҚ Финанс» ЖШС	100,00%	100,00%
«Академик Ш. Ш. Шөкин атындағы Қазақ энергетика ҒЗИ» АҚ	50% + 1	50% + 1
KGF IM	100,00%	100,00%
«БТА Банк» АҚ («БТА») және еншілес ұйымдары	-	97,26%
«Альянс Банк» АҚ («Альянс Банк») және еншілес ұйымдары	-	67,00%
«Темірбанк» АҚ	-	79,88%
KGF Management	-	100,00%
KGF SLP	-	100,00%
«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ	100,00%	-
«Air Kazakhstan» әуе компаниясы» АҚ	53,65%	-

2.2. САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



## 2.3. САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 1202 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы Қордың индустриалық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және өзге қызмет салаларындағы мемлекет саясатының негізгі бағыттарын ескере отырып әзірленген және онда Қордың миссиясы, көрінісі, стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері анықталған.

**Қордың миссиясы** – Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын арттыру және активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру.

Өзінің көрінісіне қол жеткізіп және миссиясын іске асыру үшін Қор қызметін төмендегідей үш стратегиялық бағыт бойынша әрекет етеді:

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру.
  2. Ұлттық экономиканы әртарапандыруға және жаңғыртуға қатысу.
- 1.3. Әлеуметтік жауапкершілік.

2014 жылғы 17 қыркүйекте Директорлар кеңесінің шешімімен мақсаттар мен миссияға тиімді қол жеткізуге бағытталған Қор тобын трансформациялау бағдарламасы бекітілді.

Бағдарлама үш бағытты қамтиды: қоржын компаниялардың құнын арттыру, қоржын құрылымын және Қордың инвестициялық қызмет жүргізу тәсілін өзгерту, Қорды және оның қоржын компанияларын басқару жүйесіндегі өкілеттіктерді және жауапкершілікті қайта бөлу. Бағдарламаны іске асыру. Бағдарламаны іске асыру Қордың өзінің, оның қоржын компанияларының қызметіне, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетіктеріне айтарлықтай өзгерістерді талап етеді.

Трансформациялау бағдарламасы үш бағыттан тұрады, олар Қор деңгейінде де, сонымен бірге қоржын компаниялар деңгейінде де іске асыру талап етілетін тоғыз бастамадан тұрады.

Төменде Бағдарламаның бағыттары мен бастамаларының сипаттамасы келтірілген:

**1-бағыт.** Қоржын компаниялардың құнын арттыру (Қордың тікелей инвестициялар қорларының модельдері бойынша активтерді басқаруға көшуі). Осы бағыт бойынша мақсаттарға қол жеткізу мынадай бастамалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді:

- Бизнес-процестердің реинжинирингі.
- Қор және еншілес компаниялар қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің (ҚНҚ) жиынтығын және нысаналы мәндерін қайта қарау.
- Қоржын компаниялардың стратегияларын стратегиялық мақсаттардың жаңартылған жиынына сәйкес келтіру.

**2-бағыт.** Қоржын құрылымын және инвестициялық қызметті жүзеге асыру тәсілін өзгерту (Қордың «белсенді инвестор» рөліне көшуі). Осы бағыт бойынша мақсаттарға қол жеткізу мынадай бастамалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді:

- Қоржын компанияларда иелік ету құрылымы мен құқықтық нысандарды оңайлату.
- Сырттан инвесторлар тарту және бейіндік емес және әлеуметтік активтерді қоржыннан шығару.
- Инвестициялауға белсенді тәсілдеме енгізу.

**3-бағыт.** Қорды және оның қоржын компанияларын басқару жүйесіндегі өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлуді өзгерту (Қордың «коммерциялық стратегиялық холдинг» моделіне көшуі). Осы бағыт бойынша мақсаттарға қол жеткізу мынадай бастамалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді:

- Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру.
- Қордың салалық командаларын күшейту.
- Қор және қоржын компаниялар директорлар кеңестерінің рөлін, өкілеттіктерін және құрамын өзгерту.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін бірқатар нақты бастамалар енгізу ғана емес, сонымен бірге Қордың және оның қоржын компанияларының жұмысына қатысатын барлық мүдделі тараптардың ойлау дәстүрі мен мінез-құлық нормаларын да өзгерту талап етіледі.

Қорды және оның қоржын компанияларын трансформациялау кезең-кезеңмен жүретін болады: бірінші кезеңде Бағдарламада Қордың өзі және 3 пилоттық қоржын компания («ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ) қозғалады; екінші кезеңде Бағдарлама қалған қоржын компанияларда іске асырылатын болады. Іс жүзінде трансформация «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ-да басталып та кетті.

Қор тобы Трансформациялау бағдарламасын бастай отырып, үздіксіз жетілдіру процесін іске қосады. Бағдарлама іс-шараларын іске асырудың белсенді фазасы аяқталғаннан кейін қызметті тұрақты негізде жетілдіру корпоративтік норма болып табылады.

Трансформациялау бағдарламасын басқару үшін Қор Жобалау кеңсесін құрды, оның міндеттерінің тізбесіне әдіснамалық қамтамасыз ету, Трансформация бағыттарын іске асырудың мерзімін бақылау және тәуекелдерді басқару, барлық мүдделі тараптарды Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар ету. Темасек (Сингапур), Мубадала (БАӘ) сияқты басқа да халықаралық ұлттық әл-ауқат қорларының үлгісі бойынша стратегиялық инвестициялық холдингке трансформациялануы оның қоржын компанияларының (шамамен 350 мың адам жұмыс істейтін) еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қоржын компанияларға инвестициялардың өнімділігі мен тиімділігін арттыру өнім берушілердің желісіне (жиынтығында 600–900 адам жұмыс істейтін) және тұтастай Қазақстанның іскерлік қоғамдастығына оң әсер етеді. Түрлен-

дірулердің нәтижесінде «Самұрық-Қазына» қоры және оның қоржын компаниялары кадрлар ұстаханасына және бүкіл ел үшін үздік мамандардың қайнар көзіне айналады.

Трансформациялау бағдарламасының жоғарыда сипатталған мақсаттары Қордың стратегиясына толық сәйкес келеді және іс жүзінде Стратегияны іске асыру жоспарын ұсынады, сондай-ақ Мемлекет басшысы алға қойған Қазақстанның 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі міндеттерді іске асыруға жәрдемдеседі. Қор қоржын компанияларының тиімділігін артыру аталған компаниялар өндіретін және көрсететін тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыруға әкеледі, бұл өз кезегінде Қазақстандағы жеке меншік және корпоративтік тұтынушыларға оң әсер етеді. Қордың қаржылық мүмкіндіктерін жақсарту қоржын компаниялардың салық салынатын базасын ұлғайтуға, мемлекеттің пайдасына дивидендтердің артуына, мемлекеттік маңызы бар стратегиялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі Қордың мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

## 2.4. ҚАРЖЫ–ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2014 жыл ішінде Қор тобының қызметіне мынадай макроэкономикалық көрсеткіштер де әсер етті:

Атауы	2014 ж.	2013 ж.	Өзгеріс, %-бен
ІЖӨ нақты өсімі, %-бен	104,3	106,0	-1,6
Жыл аяғындағы инфляция, %	7,4	4,8	54,2
Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы	182,35	152,13	19,9
Brent мұнайына әлемдік баға, есепті кезеңде орта есеппен АҚШ доллары/баррель	99,0	108,9	-9,1

2014 жылғы таза пайда азаюының негізгі факторлары (ЕДБ-сіз), 2013 жылмен салыстырғанда

Факторлар	Өзгерістер, млрд теңге
<b>ЕДБ-сіз таза пайда (2014 жылы 332,3 млрд теңге; 2013 жылы 719,4 млрд теңге)</b>	<b>-387,1</b>
оның ішінде мыналардың салдарынан:	
«Екібастұз МАЭС-1» АҚ қолда бар үлесін қайта бағалау	74,5
Таза кірістің азаюына байланысты корпоративтік табыс салығының азаюы	73,0
<b>Мынадай сомада құнсызданудан шығын:</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>(257) млрд теңге – «ҚМГ» Барлау Өндіру» АҚ («Өзенмұнайгаз» АҚ) – 196,6 млрд теңге, «ҚазТрансОйл» АҚ – 12,6 млрд теңге, КМGI – 44,5 млрд теңге, басқа еншілес ұйымдар – 3,3 млрд теңге;</li> <li>(25,8) млрд теңге – КМGI гудвилінің құнсыздануы;</li> <li>(75,9) млрд теңге – «Екібастұз МАЭС-1» АҚ гудвилінің құнсыздануы;</li> <li>49,7 млрд теңге – «Қазмырыш» ЖШС инвестициялардың құнсыздануынан өткен жылдардағы шығындардың болмауы;</li> <li>13,2 млрд теңге – өзгелері.</li> </ul>	- 295,7
ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 1 сәуірден бастап өндірістік персоналдың жалақысын 10% индексстеу, 1 сәуірден бастап «ҚМГ» Барлау Өндіру» АҚ және «Ақтаумұнайсервис» ЖШС еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін енгізу, «ҚазТрансОйл» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ бойынша жаңа бизнес-бірліктердің құрылуына байланысты адам санының ұлғаюы.	- 92,8

Факторлар	Өзгерістер, млрд теңге
<b>Үлестік кірістің азаюы:</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>• (12,2) млрд теңге, «Екібастұз МАЭС-1» АҚ бақылауды сатып алынған күннен бастап толық шоғырлануына байланысты;</li> <li>• (3,9) млрд теңге ЕМАЭС – 2, сату көлемінің азаюына байланысты;</li> <li>• (18,5) млрд теңге, «Қазақстан-Қытай Құбыржолы» ЖШС жүк айналымының азаюы нәтижесінде;</li> <li>• (12,2) млрд теңге, «Бейнеу – Шымкент» ЖШС бағам айырмасы нәтижесінде;</li> <li>• (9,6) млрд теңге «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС мұнай өндірудің азаюы және мұнай сату көлемін экспорттан ішкі нарыққа қайта бағыттау;</li> <li>• (33,4) млрд теңге айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде: «ЦОУ» ЖАҚ (9,0) млрд теңге, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС (7,8) млрд теңге, «Бейнеу – Шымкент» ЖШС (12,2) млрд теңге, «Қазмырыш» ЖШС – (4,4) млрд теңге;</li> <li>• (3,6) млрд теңге «КАТКО» БК ЖШС;</li> <li>• (6,7) млрд теңге өзгелері.</li> </ul>	- 87,9
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымдарының шығуынан өткен жылғы кірістің болмауы (2013 ж. – «Семизбай-У» ЖШС шығуы)	- 22,9
Экспорттық-кедендік баж ставкасының өсуі, 60-тан 80 АҚШ доллары/тонна дейін	- 16,7
Айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде қаржы шығындарының ұлғаюы;	- 19,4
Өзгелері	0,8

2014 жылғы таза пайда азаюының негізгі факторлары (ЕДБ-мен), 2013 жылмен салыстырғанда

Факторлар	Өзгерістер, млрд теңге
ЕДБ-мен таза пайда (2014 жылы 234,5 млрд теңге; 2013 жылы 439,8 млрд теңге) оның ішінде мыналардың салдарынан:	- 205,3
ЕДБ-сіз таза пайда (жоғарыдағы факторларды қараңыз)	-387,1
Тоқтатылған қызметтен шығындардың азаюы «БТА Банк» (137,0) млрд теңге, «Альянс Банк» (51,4) млрд теңге, «Темірбанк» (26,0) млрд теңге, өзгелері (3,6) млрд теңге.	218,0
Өзгелері	- 36,2

## 2.5. СЫРТҚЫ АУДИТ

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық есептілік сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС болып табылады.

Аудиторлық қызметтердің құны 2014 жылы – ҚҚС-пен 43 235 487 теңгені, ҚҚС-сыз 38 603 113 теңгені құрайды.

«Эрнст энд Янг» ЖШС – әлемдегі аса ірі халықаралық аудиторлық-консалтингтік компаниялардың бірі болып табылады (аудиторлық компаниялардың «үлкен төрттігіне» кіреді).

## 2.6. КОРПОРАТИВТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ. АҚШАНЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ

Қор тобының компанияларында 2012 жылғы қыркүйектен бастап іске асырылып жатқан қазынашылық функцияны басқарудың нысаналы моделін енгізу жобасы қазынашылық функцияны трансформациялау жөніндегі дәл бастама болып табылады. Қорды трансформациялаудың жалпы бағдарламасымен үйлесімді байланысқан Жобаның ақша ағындарын орта мерзімді болжаудың негізінде қаржы тәуекелдерін басқарудың орталықтандырылған жүйесін енгізу түпкі мақсаты бар. Қамту периметрі 344 компаниядан тұрады, оның 264-і ҚР резиденті-компаниялары.

Қор Қазынашылығының базасында Қазынашылықтың тұжырымдамалық моделіне сәйкес Бірыңғай сараптау орталығы құрылды (қазынашылық функционалдың бірыңғай қағидалары мен әдіснамасын айқындау, ақшаны басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар, қаржы тәуекелдерін орталықтандырылған басқару, банктерге лимиттер бойынша жұмысты қоса алғанда, конверсиялық операцияларды және банктермен өзара қарым-қатынастарды орталықтандырылған басқару; орталықтандырылған деңгейде KPI әзірлеу және енгізу), оларда:

- қазынашылық регламенттер және қазынашылық функциялардың тиімділігін бағалаудың әдіснамалық базасы пысықталды;
- компанияларды қамту периметрі бойынша компаниялардың қазынашылық қоржындарының (инвестициялық стратегиялар) параметрлерін орталықтандырылған келісу енгізілді, бұл аз кірісті құралдардың үлесін азайтуға және қосымша тиімділік алуға мүмкіндік берді;
- валюталық неттинг және диллинг процесі енгізілді. Конверсиялық операцияларды жүзеге асыру кезінде нарықтық немесе нарықтық спрэдке жақын нарықтық бағамдарға өту

арқылы банктердің комиссияларынан толық бас тарту жүргізілді;

- қамту периметрінің барлық компаниялары үшін банк тарифтерін бастапқы оңтайландыру жүргізілді;
- нарықтық тәуекелдерді басқару қағидалары әзірленді.

Мынадай процестер бойынша қазынашылықтың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша жұмыстар басталды:

- 1) ақша позициясын жинау және талдау;
- 2) қысқа мерзімді болжау;
- 3) корпоративтік валюталық неттинг және диллинг.

Қор Басқармасы төрағасының бұйрығымен құрылған Жобаның Басқарушы комитеті жұмыс тобының SAP өнімін таңдауды автоматтандыру және холдингішілік кооперация арқылы «Қазахтелеком» АҚ-пен шарт жасасу жөніндегі шешімін мақұлдады.

Қамту периметрінің компанияларында болжау және болжаудың дәлдігін күшейту процесі автоматтандырылғаннан кейін, Қазынашылықтың тұжырымдамалық моделінде көзделгендей, ақшаны басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру бойынша, атап айтқанда, уақытша босм ақшаның ауқымды көлемін компаниялардың өндірістік-шаруашылық айналымына тарту және сол арқылы жалпы борыш жүктемесін азайту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Осы процесс ақша қаражатын жинақтау тетігі арқылы (кэш-пуллинг) және топшілік қаржыландыру тетігі арқылы енгізіледі. 2014 жылдың аяғында банктерді кэш-пуллинг процесіне тарту бойынша, қосалқы холдингтер деңгейінде ақша жинағы тетіктерін енгізу жөніндегі ҚР заңнамасын талдау және оның мүмкіндіктері және ҚР заңнамасына ықтимал өзгерістер бойынша банктермен алдын ала жұмыстар басталды.

## 2.7. ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «ХАЛЫҚТЫҚ IPO» БАҒДАРЛАМАСЫ

### 2.7.1. Жекешелендіру бағдарламасы

#### **Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру**

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ 2014–2020 жылдары 106 активті өткізуге шығаруға тиіс, оның 64-ін 2014 жылы өткізуге шығару болжанады.

2014 жылы бәсекелік ортаға беру жоспарланған 64 активтің барлығы өткізуге шығарылды, олардың ішінен 23 компания өткізілді, жасалған мәмілелердің жалпы сомасы 23 миллиард теңгеден астамды құрады, бұл өткізілген активтердің жиынтық бағалау құнынан 1,3 есе асты.

#### **Бейіндік емес активтер бойынша жұмыс**

Компаниялар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қор еншілес ұйымдарының бейіндік емес активтері мен объектілерін шығару жөніндегі жұмыс жалғастырылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «НК «Қазақстан темір жолы», «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының теңгерімдерінде ескерілген 713 бейіндік емес активтері мен объектілерінің ішінен 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша іс жүзінде 523 актив пен объект қайта құрылымдалды, оның ішінде – 422 өткізілді, 24-і таратылды, 74-і берілді, 3-і қайта ұйымдастырылды.

#### **2014 жылы орындалған іс-шаралар:**

- 5 актив **таратылды** – «Зәулім» ЖШС, «Наукоград» ЖШС, «ҮМЗ-Инжиниринг» ҒӨБ» ЖШС, «Бериллиум» ЖШҚ, «Легмаш» ЖШС;
- 2 актив және 15 объект **өткізілді** – «ҚазТрансОйл» АҚ (0,88%) және «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ (3,521%) «Қазақстан халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры»

АҚ-ға, Астана қаласындағы «Думан» қонақүй кешені, ҚМГ 7 қызметтік пәтері, учаскесімен бірге әмбебап базар, Қыземшек кентіндегі үй-жайлар арасындағы жапсырма ғимарат, Қыземшек кентіндегі (Оңтүстік Қазақстан облысы) монша-сауықтыру кешені және «Оазис» спорт-ойын-сауық орталығы, Таукент қаласындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) Наутилиус ойын-сауық орталығы және мал сою және етті бастапқы өңдеу цехы, Қапшағай кентіндегі спорт-сауықтыру кешенінің жер учаскесі;

- жергілікті атқарушы органдар мен кәсіподақ ұйымдарына 1 актив және 18 объект **берілді**: «Ульбиночка» МҰ» ЖШС жарғылық капиталындағы «ҮМЗ» АҚ 100% үлесін «ҮМЗ» АҚ қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» ҚҰ-ға өтеусіз беру, жергілікті атқарушы органдарға Шиелі кентіндегі (Қызылорда облысы) 11 қатты-тұрмыстық қалдықтар жинау пункті, Өскемен қаласындағы балалар бақшасы, Астана қаласындағы 2 трансформаторлық кіші станция (Бигельдинов көшесі және Отырар көшесі), Қыземшек кентіндегі және Таукент кентіндегі қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 2 полигон, Таукент кентіндегі су қоймасы және бөгет.

### 2.7.2. «Халықтық IPO» бағдарламасы

Қор Мемлекет басшысының Халықтық IPO бағдарламасын жандандыру туралы тапсырмасына және ҚР әлеуметтік-экономикалық саясаты бірінші кезектегі шараларының 2014 жылға арналған жол картасына сәйкес, Қор тобы аса ірі компанияларының акцияларын қор нарығына шығару жөніндегі бағдарламаны іске асыруды жалғастырды.

#### *Ақпараттық түсіндіру науқаны*

Халықтың барлық топтарын барынша қамту және Бағдарламаға қатысу үшін жағдайлар жасау мақсатында Қор Бағдарлама, оған қатысу мүмкіндіктері туралы халықты кеңінен ақпараттандыру, қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.



2012–2014 жылдар аралығындағы кезеңде ашық лекциялар және көшпелі тұсаукесерлер нысанында ағарту іс-шаралары жүргізілді, тұсаукесерлерде 139 535 адам, лекцияларда 32 681 адам болды, оның ішінде 2014 жылы тұсаукесерлерге 40 728 адам, лекцияларға – 6 016 адам қатысты. Оларға мегаполистердің – Астана мен Алматының, сондай-ақ индустриялық орталықтар – Қарағанды, Павлодар, Шымкент және Өскемен қалаларының тұрғындары барынша белсенді түрде қатысты.

*«KEGOC АҚ» акцияларын орналастыру*

Бағдарламаның екінші кезеңі шеңберінде 2014 жылғы 5 қараша – 5 желтоқсан аралығында «KEGOC» АҚ жай акцияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға бастапқы орналастыру мақсатында жазылым жүргізілді, оның қорытындылары бойынша 2014 жылғы 18 желтоқсанда компанияның 25 999 999 акциясын орналастыру жүзеге асырылды, орналастыру бағасы бір акция үшін 505,00 теңгені құрады.

Жазылым кезіндегі жиынтық сұраныс 16,7 млрд теңгені құрады және акциялардың ұсыныс көлемінен 1,3 есе асып түсті. Бұл ретте жеке тұлғалар және маркет-мейкер берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде қанағаттандырылды, БЖЗҚ өтінімі ішінара қанағаттандырылды. Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың шоттарына акцияларды орналастыру көлемінің 72,2%, БЖЗҚ шотына – 26,3%, маркет-мейкер – 1,5% түсті.

Ақшалай алғанда орналастыру көлемі «ҚазТрансОйл» АҚ көлемінен (27,9 млрд теңге) айтарлықтай төмен болғанына қарамастан – KEGOC мәмілесіне жеке тұлғалар берген белсенді өтінімдердің саны айтарлықтай көп болды – 41 989 өтінім, бұл ҚТО акцияларына берілген өтінімдердің санынан 21% артық (34 676).

Жеке тұлғалардан жиналған өтінімдердің неғұрлым әртарап-тандырылған құрылымына қол жеткізілді: мөлшері 1 млн теңгеден кем өтінімдердің жиынтық көлемі 22,9% құрады, ал сол кезде бірінші кезеңнің – «ҚазТрансОйл» АҚ IPO қорытындылары бойынша ол бөлшек инвесторлардың өтінімдері жалпы ақшалай көлемінің 17,7% құрады.

*Бағдарламаны іске асырудың нәтижелері*

Бағдарламаны іске асыру халықтың барлық топтары үшін елдің аса ірі компанияларының акцияларын басқаруға қатысуы, инвестициялаудың жаңа құралы есебінен компаниялар қызметінің нәтижелерінен кіріс алуы мүмкіндігін берді. Халықтық Акционерлер акционерлердің жалпы жиналысында қоғам қызметінің аса маңызды мәселелері бойынша дауыс беру жолымен Қордың жаңа листингілік компанияларын басқаруға қатысу мүмкіндігін алды.

Қор нарығына шығу Компаниялардың – Бағдарламаға қатысушылардың қызметіне айтарлықтай әсер етті. Корпоративтік басқару деңгейінің елеулі түрде жақсаруы, қызметтің ашықтығының және жұмыстың нәтижелері үшін жауапкершіліктің артуы, халықтық акционерлердің тарапынан «ішкі бақылау» ескеріле отырып еңбек тиімділігін арттырудың қосымша уәжі аса маңызды нәтижелердің бірі болып табылды.

Компаниялардың IPO шығуы бағалы қағаздар нарығының одан әрі дамуына айтарлықтай әсер етті. KEGOC IPO алдында Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке тұлғалардың атына ашылған қосалқы шоттардың саны 2014 жылғы 1 қарашада 59 149 қосалқы шотты, ал IPO өткізілгеннен кейін 2015 жылғы 1 қаңтарда – 99 610 қосалқы шотты құрады.

## 2.8. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

### 2.8.1. Қордың инвестициялық саясаты

2014 жылы Қордың Директорлар кеңесі Қордың жаңа редакциядағы Инвестициялық саясатын бекітті, оның мақсаты Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының инвестициялық қызметінің тиімділігін және ашықтығын арттыру, сондай-ақ инвестициялық процестердің шеңберінде Қор мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру болып табылады. Өзгерістердің шеңберінде Қор еншілес ұйымдардың және олардың директорлар кеңестерінің инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жауапкершілігін күшейтеді, еншілес компаниялардың инвестициялық қызметіне Қордың қатысу дәрежесі анықталды, инвестициялық қоржындарды қалыптастыруға, талдауға және мониторингке тәсілдемелер енгізілді, ақпарат жинау және басқару есептілігін қалыптастыру автоматтандырылуда.

Қорға Мемлекет басшысы және Үкімет берген тапсырмалардан туындайтын Қор инвестициялық саясатының міндеттері мен мақсаттары, тұтастай алғанда, инвестициялық жобаларды экономиканың дәстүрлі салаларында да, сондай-ақ жаңа, перспективалық бағыттарда да іске асырудың тиімділігі мен уақтылылығынан көрініс табады.

Қордың жақында қабылданған Трансформациялау бағдарламасында белгіленген жаңа стратегиялық мақсаттар ескеріле отырып, Қор инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары Қордың белсенді инвестор рөліне көшуімен байланысты одан әрі жетілдірілетін болады.

### 2.8.2. Қордың ірі инвестициялық жобалары, оның ішінде ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға (ҮИИДМБ) қатысуы шеңберінде іске асырылатындары

**2014 жылы** Қор компанияларының тобы 5,6 мыңнан астам уақытша және 800 астам тұрақты жұмыс орындарын құра отырып, жалпы сомасы \$2,5 млрд 12 жобаны пайдалануға енгізді.

Оның ішінде барынша маңызды жобалар мыналар болып табылады:

- Алматы қаласын және қала маңы аймағын газдандыру;
- ФТН желілерін тарту;
- 500, 200 кВ Қазақстанның ҰЭС желілеріне қосумен «Алма» 500/220 КС салу.

2017 жылы ЕХРО халықаралық көрмесін өткізуге дайындыққа Қордың ауқымды рөлін де атап айту қажет.

Мәселен, Қор осы іс-шараның ойдағыдай өткізілуіне ықпал ететін бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыруда. Атап айтқанда, олар мынадай жобалар:

1. Астана қаласында вокзал кешенін салу.
2. Астана қаласында «Жасыл орам» салу.
3. Ақмола (Ерейментау қ.), Алматы (Қапшағай қ.) және Жамбыл (Бурное а.) облыстарында күн және жел электр станцияларының құрылысын салу.

Бұдан басқа, 2014 жылы Қор «Нұрлы жол» бағдарламасына енгізілген мынадай жобаларды белсенді түрде іске асыруға кірісті:

1. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА дамыту;
  2. Боржақты – Ерсай т/ж желісін салуды аяқтау;
  3. Құрық кентінде паром бұрмасын салу;
  4. Алматы – Шу учаскесіне екінші жолдар салу;
  5. Астана әуежайының жаңа терминалын салу және ұшып шығу-қону жолағын қайта жөндеу;
  6. Атырау облысында «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылымының объектілерін салу;
  7. Мына ЖЖ 500 кВ салу:
- 1-кезең: Екібастұз – Шүлбі ГЭС-і (Семей) – Өскемен;  
2-кезең: Шүлбі ГЭС-і (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы.

## 2.9. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

Қор компанияларының тобын инновациялық-технологиялық дамыту 2012 жылғы желтоқсанда бекітілген Қордың Индустриялық-инновациялық саясатының негізінде айқындалады, оның негізгі мақсаты Қор компанияларының операциялық тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда осы құжатты іске асыру шеңберінде Қор тобының негізгі 11 компаниясы өздерінің инновациялық-технологиялық стратегияларын әзірлеп те қойды, бұл ретте осы бағдарламалық құжаттарға жүргізілген салыстырмалы талдау өндірістік процестер тиімділігінің көптеген көрсеткіштері бойынша компаниялардың салалар бойынша әлемдік ұқсастарынан айтарлықтай артта қалғанын көрсетті. Осыған байланысты, қазіргі кезде инновациялық дамудың негізгі нысаны технологиялар трансферті болып табылады.

Осыған қарамастан, Қор компанияларының тобы бойынша инновациялық жобаларға инвестициялардың көлемі 2014 жылы шамамен 240 млрд теңгені, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірленімдерге 8,8 млрд теңгені құрады. Инновациялық жобалардың іске асырылуына қарамастан, Қор компанияларында көбінесе инновациялық қызметтен туындайтын экономикалық нәтижелерді бағалау жөніндегі жұмыс жолға қойылған. Мәселен, мынадай бес компания – «Самұрық-Энерго» АҚ (2,39%), «Қазахтелеком» АҚ (2%), «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (1,1%), «Қазатомөнеркәсіп» АҚ (0,29%), «KEGOC» АҚ (0,12%) – 2014 жыл ішіндегі таза пайдасында инновациялық қызметтен алынған үлестің бар екендігін көрсетті.

Инновациялық дамудың көп факторлы үдеріс екендігін атап айту қажет, оның нәтижелілігін өлшеу үшін Қорда инновациялық даму рейтингін анықтайтын арнайы ҚНҚ жүйесі әзірленді және енгізілді.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге алғанда, 2014 жылдың рейтингін бағалау қорытындылары бойынша (2016 жыл рейтингінің 100% мақсатты мәніне қол жеткізілуінен пайызбен) «Самұрық-Энерго» АҚ (91%), «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (88,5%) және «Қазахтелеком» АҚ (75,4%) сияқты компаниялар рейтингінің көшбасшылары болып табылады. Қалған компаниялар рейтингінің аз мәндеріне қол жеткізді: «KEGOC» АҚ (69,6%), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (61,6%), «Қазақстан Инжиниринг» АҚ (52,7%), «Қазатомөнеркәсіп» АҚ (44,8%), «Қазпочта» АҚ (44%).

Инновациялық даму рейтингінің мақсатты мәндеріне қол жеткізу үшін жаңа өнімдер, қызметтер өндірісін құру және/немесе жұмыс істеп тұрғандарының тиімділігін арттыру нәтижесі болып табылатын инновациялық жобаларды тікелей іске асырудан басқа Компаниялар инновациялардың өсуі үшін қажетті шарттарды және әлеуетті қалыптастыруға күш жұмсайды, технологиялық дамуды жоспарлау үшін негіз ретінде технологиялық аудит жүргізу, өзінің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын құру және идеялар мен ұсыныстар жасауды ынталандыру әдістерін енгізу сияқты қызмет бағыттары солардың мысалы болып табылады.

## 2.10. ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАНЫ ДАМУ

### 2.10.1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2013–2022 жылдарға арналған бағдарламасы

«Самұрық-Қазына» АҚ Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесу бағдарламасын жаңа редакцияда бекітті.

Бағдарлама жаңа өндірістерге бастамашылық жасайтын жеке кәсіпкерлерді қолдауға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компаниялары қажетсінетін өнім шығару үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға бағытталған.

Қор компаниялары тұрақты негізде сатып алатын импорттық өнімдердің тізбесі қалыптастырылып, орналастырылды. Тізбеге мұнай-газ машиналарын жасау, темір жол көлігі, химия өнеркәсібі саласына және басқа да экономика салаларына жататын тауар позициялары кіреді.

Осы Бағдарламаның шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ-да жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесу жөніндегі жобаларды қарау және бағалау комиссиясы жұмыс істейді. 2014 жылы Қордың жаңа жобаларды қарау жөніндегі комиссиясы 13 жобаны мақұлдады.

Қабылданған күш-жігердің нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ отандық тауар өндірушілердің санын ұлғайтуға, отандық өнімнің түр-түрін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізу ниетінде.

## 2.10.2. Электрондық сатып алу жүйесі

«Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭСАЖ) ақпаратты жинақтауға, яғни – Қор компанияларының өсуіне, оның рентабельділігінің артуына ықпал етеді. ЭСАЖ-дың арқасында бюджет қаражатын үнемдеуге және «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге үлкен қадам жасалды. ЭСАЖ-ды пайдалану сатып алуға қатысушылардың арасында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді нақты уақыт режимінде конкурстық іріктеуді қамтамасыз етеді, сатып алу үдерісіне барлық қатысушылар үшін тең жағдайлар жасайды, қажетті сатып алуды жылдам табады, әлеуетті өнім берушілердің қай аумақта болғанына қарамастан, олардың кең жігінің сатып алуға қатысуы үшін мүмкіндіктер береді.

Электрондық сатып алуды жүзеге асыру тиімділігін және үнемдеу деңгейін қолдау мақсатында 2014 жылы Қор тобы ЕТҰ ЭСАЖ төмендетілген сауда-саттықтары қолданылатын сатып алуды жүзеге асыруға кезең-кезеңмен өтуі жүзеге асырылды. 2014 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді компанияларының төмендетілген сауда-саттықтары қолданылатын электрондық сатып алуға көшуі 100% құрады. Сондай-ақ бірінші кезектегі сатып алу тізбесі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу функционалы іске қосылды. Екі кезеңдік тендер тәсілімен электрондық сатып алу функционалы және ұзақ мерзімді сатып алу жоспары бойынша жүзеге асырылатын электрондық сатып алу функционалы қолданысқа енгізілді.

Бүгінгі таңда ЭСАЖ-да тапсырыс берушілер, өнім берушілер туралы барлық қажетті ақпарат, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар және қызметтер туралы кең көлемді дерекқоры жинақталған. ЭСАЖ-да 28 632 астам әлеуетті өнім берушілер және Қордың 248 еншілес және тәуелді ұйымдары тіркелген.

2014 жылдың қорытындылары бойынша ЭСАЖ-да 131 918 мың сатып алу жарияланды (2013 жылы – 46 889 мың сатып алу), оның ішінен 600 млрд теңге сомасына 35 185-і өткізілді (2013 жылы – 163 млрд теңге сомасындағы 13 119), үнем 60 млрд теңгені (2013 жылы – 16,3 млрд теңге) құрады. Сонымен бірге, мынадай жұмыс атқарылды:


- Осы сатып алуда көзделген шарттың жобасы туралы жан-жақты ақпараттың болуы көзделетін шартты есепке алу карточкасы, атап айтқанда, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді беру графиктері, төлем графиктері және беру және төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмауы, сондай-ақ шартта көзделген айыппұлдардың мөлшерлеріндегі екі жақты тепе-теңдіктің сақталуы бөлігіндегі тараптардың жауапкершілігі туралы ақпарат беру енгізілді. Карточканы қалыптастыру процесі де қалыптарды пайдалану деңгейінде автоматтандырылған.

- Электрондық тендерлік құжаттаманың (бұдан әрі – ЭТҚ) функционалы өзгеренді. ЭТҚ – Жүйе автоматты түрде қалыптастыратын және ЭСАЖ-дан импортталатын ақпаратты және тапсырыс беруші өз бетімен енгізетін ақпаратты қамтитын құжат болып табылады. Пайдалану қолайлылығын арттыру мақсатында ЭТҚ қалыптастыру процесі қалыптарды қолдану деңгейінде автоматтандырылған. Осылайша, тапсырыс берушілердің ЭСАЖ-да тендерлік құжаттама қалыптарының шектеусіз санын қалыптастыру және сатып алуды қалыптастыру кезінде жүйе одан ЭТҚ қалыптастыратын қандай да бір қалыпты қолдану мүмкіндігі бар.
- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында алғаш рет электрондық банк кепілдігі функционалы енгізілді. «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Ресей Жинақ банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Capital Bank» АҚ сияқты ҚР екінші деңгейдегі банктермен келісімдер жасалды.

ЭСАЖ-ды одан әрі дамыту Қор еншілес және тәуелді ұйымдарының есепке алу жүйелерімен біріктіруді, сондай-ақ шарттарды есепке алудың кіші жүйесін енгізуді көздейді, бұл шарттардың орындалуына мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы жүйені қолдану өнім беруші мен тапсырыс берушінің арасындағы интерактивтік электрондық өзара іс-қимылды, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің уақтылы қабылдануына бақылау орнатуды және сатып алу туралы шарттар бойынша ақы төлеуді қамтамасыз етеді, шарттарға, актілерге қол қою және төлемдерді жүзеге асыру мерзімінің ұзаққа созылуынан көрінетін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын азайтады.

Шарттардың орындалуын есепке алу және мониторингкеу жөніндегі жаңа кіші жүйені іске асыру Қорға жасалатын шарттардың есебі мен мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді.

1-ДИАГРАММА. «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуындағы жергілікті қамту үлесінің серпіні



Қор компанияларының тобы сатып алуының көлемі 2013 жылы 3,43 триллион теңге сомасын, 2014 жылы – 3,87 триллион теңгені құрады, оның ішінде:

тауарлар – 1 437 млрд теңге (ЖҚ үлесі – 63%);

жұмыстар, қызметтер – 2 433 млрд теңге (ЖҚ үлесі – 82%).

Қор сатып алуының негізгі көрсеткіштерінің бірі сатып алынатын қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың және қызмет-

тердің үлесі болып табылады. 2013 және 2014 жылдарды салыстырғанда, сатып алулардағы жергілікті қамтудың оң серпіні көрінеді (1-диаграмма). Мәселен, сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі 2013 жылы 70% құрады, 2014 жылы 75% құрады. Сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі 4% артты. Сатып алынған жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 5% артты.

## 2.11. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

### 2.11.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кадр саясаты

Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 22 ақпандағы шешімімен (№ 88 хаттама) бекітілген Қордың 2013–2022 жылдарға арналған кадр саясаты адам ресурстарын басқару саласындағы пайымды, құндылықтарды, қағидаттар мен негізгі бағыттарды, сондай-ақ осы қызметтің тиімділік өлшемдерін айқындайды.

Негізгі акценттер еңбек ресурстарының сапасын арттыруға, персоналды ұзақ мерзімді жоспарлауға, біліктілік талаптарын және кәсіби стандарттарды күшейтуге, оқу орталықтарын және оқытудың дуальдық жүйесін жаңғыртуға қойылады. Кадр резервтерін қалыптастыруға және басқарушы позициядағы сабақтастықты жоспарлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қызметті бағалау, қызметкерлерді жалғастыру және уәждеу жүйесі арасындағы байланыс күшейтіледі.

Корпоративтік мәдениетті дамытуға, ұйымдық құрылымдарды және жұмыс процестерін басқаруға аса маңызды мән бөлініп отыр, бұл сондай-ақ Кадр саясатының күшті жағы болып табылады және Қор тобындағы кадр менеджментінің дамудың келесі кезеңіне өтуіне қызмет етеді. Кадр саясаты жөніндегі іс-шаралар жоспарына және оның тиімділігінің ҚНК сәйкес іс-шаралар іске асырылуда.

#### *Персоналды іріктеу және жалдау*

Мемлекет басшысының шетелдік үздік мамандарды тарту жөніндегі тапсырмасын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 133-ө өкімін орындау үшін Қор ҚР Премьер-Министрінің жоғарыда көрсетілген өкімімен бекітілген шетелдік мамандарды тарту жөніндегі жоспарға сәйкес әлемдік деңгейдегі компанияларда жұмыс тәжірибесі бар біліктілі жоғары мамандарды тарту бойынша жұмыс жүргізді. Мәселен, тиімділікті сапалы түрде арттыру бойынша шаралар әзірлеу және оларды іске асыру үшін тікелей Қорға әлемдік үздік компанияларда ауқымды стратегиялық бағдарламаларды енгізуде тәжірибесі бар халықаралық сарапшылар тартылды.

Біздің компанияларымыздың әлемдік дәрежедегі компаниялармен бір деңгейде трансформациялануын қамтамасыз ету үшін тартылған барлық мамандар үшін отандық кадрларға білім мен тәжірибе беруді қоса алғанда, нақты міндеттер және қызметтің негізгі көрсеткіштері (КНК) белгіленді. Тартылған мамандар компаниялардың стратегиялық дамуына, жоғары технологиялы өндірістерді/инновацияларды дамытуға ауқымды үлес қосады, әлімдік озық тәжірибе мен әлемдік стандарттар енгізеді және т. б. деп күтілуде.

Бизнесі трансформациялау процесінің шеңберінде 2014 жылы Қордың корпоративтік орталығында жаңа қызметкерлерді жалдау кезінде қатаң конкурстық іріктеу енгізілді. 2015 жылы осы тәсілді Қор компанияларының тобына енгізу жоспарлануда.

## КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

### Кандидаттар түйіндемелерінің конкурсы



1

1. www.sk.kz сайтына хабарландыру жариялау, 10 күн



2

2. Адам ресурстарын басқару департаменті түйіндеменің негізгі біліктілік талаптарына (өтілі, жұмыс тәжірибесі, білімі, тіл білуі) сәйкестігін талдайды



3

3. Үміткерлердің негізгі біліктілік талаптарына сәйкес келетін түйіндемесі Қордың бос орны бар құрылымдық бөлімшесі басшысының қарауына жіберіледі

### Үміткерлер түйіндемелерінің конкурсынан ойдағыдай өткен үміткерлерді компьютерлік тестеілеу



4

4. Қабілеттілік тестілері:

1. Вербалдық ақпаратты талдау
2. Сандық ақпаратты талдау



5

5. Ағылшын, қазақ тілдерін білу деңгейін тестілеу. Өту шегі – 70%



6

6. Кәсіптік білімін тестілеу. Өту шегі – 70%

### Тестеілеу кезеңінен ойдағыдай өткен үміткерлермен әңгімелесу



7

7. Бөлімшенің тікелей басшысымен әңгіме және адам ресурстарын басқару департаментімен құзыреттілік бойынша сұхбат



8

8. Үміткерді алқалы әңгімелесуде іріктеу. Алқа мүшелері: аппарат басшысы, HR-бойынша бас директор, HR-бойынша бас директордың орынбасары, құрылымдық бөлімше басшысы, жетекші бас директор



9


9. Бос орынға конкурстық іріктеу және іріктелген үміткер туралы ақпаратты сайтта жариялау

2014 жыл ішінде Қор корпоративтік орталығының сайтында жарияланған бос позицияларға 2196 түйіндеме келіп түсті, 197 үміткер тестілеуге шақырылды, 53 кандидат тестілеудің барлық кезеңдерінен ойдағыдай өтіп, алқалы әңгімелесуге шақырылды

және кезең бойынша іріктеудің нәтижелері бойынша 25 адам Қорға жұмысқа қабылданды. Конкурс нәтижелері Қордың сайтына орналастырылады.

## 2014 жылғы жалдау жөніндегі ақпарат


<http://sk.kz/page/informatsija-po-prinjatym-rabornikam>





Әрбір конкурстық реттеу қорытындыларының нәтижелері Қордың сайтына орналастырылады:

## Корпоративтік басқару департаментінің бас менеджері бос орнына конкурстық іріктеудің 2014 жылғы қаңтардағы қорытындылары



Сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қордағы және компаниялардағы бос орындарға үміткерлерді іріктеу бірінші кезекте 2013 жылы құрылған Бірыңғай кадр резервінде тұрған қызметкерлердің қатарынан жүргізіледі.

Қордың Бірыңғай кадр резерві Қор компанияларының арасында тағайындаулар үшін мирасқорлардың дайындығын қамтамасыз етуге арналған (компанияларда ішкі үміткерлер болмаған кезде), оған Қордың қызметкерлері және Қордың 10 компаниясынан басқарушы қызметкерлер кірді.

Кадрлардың тұрақтамауын, резервтегілердің Қор компанияларына, мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты мансап баспалдағымен көтерілуін, сондай-ақ біліктілігі жоғары жаңа қызметкерлерді жалдауды ескере отырып, 2015 жылы таланттарды басқару жүйесін жетілдіру және Бірыңғай кадр резервін жаңарту (Трансформациялау бағдарламасының «Адамдар» бағыты шеңберінде) жоспарлануда.

#### *Тиімділікті басқару және персоналды уәждеу жүйесі*

Басшы қызметкерлер қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында басшы қызметкерлер нәтижелілігінің артуына орай олардың сыйақысымен нақты байланысты қамтамасыз ететін уәждеу жүйесі жетілдірілді, ұзақ мерзімді сыйақы бағдарламасының (Қор Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 22 ақпандағы шешімімен бекітілген, № 88 хаттама) енгізілуіне байланысты басшы қызметкерлер үшін 2014 жылға арналған уәждеу ҚНК және 2014 – 2016 жылдарға арналған ұзақ мерзімді ҚНК бекітілді.

Қазіргі кезде Қорда және компанияларда 2015–2017 жылдарға арналған ұзақ мерзімді ҚНК әзірленуде.

Осылайша, Қордың басшы және басқарушы қызметкерлері өз қызметінің нәтижелерін Қордың және компаниялардың Даму стратегияларын негізге ала отырып, алға қойылған уәждеу ҚНК призмасы арқылы қарастырады.

#### *ДК құрамдарын қалыптастыру*

Бірқатар ірі компаниялардың директорлар кеңестерін сандық құрамдарын және тәуелсіз директорлар санын ұлғайту бөлігінде күшейту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда:

«Қазпочта» АҚ-да ДК құрамындағы 9 адамның 5-ін (55%) тәуелсіз директорлар құрады;

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да ДК құрамы 7 адамға дейін ұлғайтылды, олардың 4-ін тәуелсіз директорлар құрады (57%), бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасы болып алғаш рет тәуелсіз директор тағайындалды;

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-да ДК құрамындағы 7 адамның 4-ін (57%) тәуелсіз директорлар құрады.

Компаниялардың ДК төрағасын, Басқарма төрағасын және Тағайындау және Сыйақы жөніндегі комитет төрағасын тәуелсіз директорларға үміткерлерді іріктеу процесіне тарту бөлігінде тәуелсіз директорларды іріктеу және сайлау процесіне жақсарту енгізілді.

Қор компаниялардың алдында тұрған стратегиялық міндеттерді ескере отырып, бірқатар компаниялар үшін тәуелсіз директорларға қолайлы үміткерлерді іздестіруді, оның ішінде рекрутингтік компанияны тартып белсенді түрде жүзеге асыруда.

Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау рәсімдері жетілдірілетін болады.

#### *Корпоративтік мәдениетті дамыту*

Негізгі HR-міндеттердің бірі – Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ұйымшыл команда құру. Қор тобында корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында Қор Кадр комитетінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 2/13 шешімімен бекітілген және Қордың ЕТҰ үшін ұсынылып әзірленген Персоналдың тартылуына зерттеу жүргізу әдіснамасы бойынша зерттеулер тұрақты түрде жүргізіледі.

Қор тобындағы проблемалар мен міндеттерді бірлесіп және тиімді шешу, ақпаратпен, тәжірибемен және білімдермен жедел алмасу, жалпы күш-жігерден синергетикалық тиімділікке қол жеткізу үшін «Бірыңғай портал» (корпоративтік әлеуметтік желі) және «Идеялар биржасы» (инновациялық ұсыныстар беру, жинау, бастапқы бағалау және іріктеу) жобалары іске асырылуда.

Қор қызметкерлерін тартуды және уәждеуді жақсарту мақсатында, өзгерістерді басқару бағдарламасына сәйкес (трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде) команда құру іс-шаралары өткізілді.

«Адамдар: өзгерістерді басқару» бағытының шеңберінде қызметкерлер қызметтің жоғары стандарттарына, үздіксіз оқуға және өзін өзі дамытуға бағдар ала отырып, «өздерін» өзгерту процесін бастады.

#### *Персоналды оқыту*

Қор жаңа білімдер алуға ынталандыратын және қызметкерлерді өзін өзі дамытатын орта құрды. Қызметкерлерді оқыту негізінен «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің базасында өтеді, оның міндеті – халықаралық деңгейдегі басшыларды даярлау, басқарушы кадрларды оқытудың кешенді жүйесі, сондай-ақ Қор тобының ішінде білімдер мен дағдыларды жинақтау және беру инфрақұрылымын қалыптастыру. 2014 жылы Корпоративтік университетте 1 613 дамыту іс-шаралары өткізілді, оқытылғандардың саны – 17 956 адам, олардың 86-сы Қордың қызметкерлері.

2014 жыл ішінде Қордың басқарушы, әкімшілік персоналы үшін бірқатар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді оқыту бағдарламалары, оның ішінде көшбасшылықты дамыту бағдарламалары; ішкі сертификаттау бағдарламалары; жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін, оның ішінде жаңадан тағайындалған шетелдік мамандар үшін бейімдеу курстары, функционалдық оқыту, корпоративтік өтінімдер бойынша оқыту ұйымдастырылды.

## 2.11.2. Жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін қалыптастыру (дуалдық оқыту)

2012 жылдан бастап дуалдық жүйені іске асыру шеңберінде 9 компания (ҚазМұнайГаз, КЕГОС, Қазатомөнеркәсіп, Қазақтелеком, Самұрық-Энерго, Қазақстан темір жолы, Қазақстан Инжиниринг, Қазпочта, «Эйр Астана»), сондай-ақ компанияның еншілес ұйымдары («Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ және т.б.) 41 колледжбен шарттар жасасты. Олардың ішінен 2014 жылы Қордың 3 компаниясымен (Қазақстан Инжиниринг, Қазпочта, ҚМГ) 8 колледж 4 мамандық бойынша дуалдық оқыту жүйесіне қосылды. 2012–2014 жылдар арасындағы кезеңде – 2 307 оқытылды, оның ішінде 871 түлек Қор компанияларына қажетті 32 жұмысшы мамандығы бойынша оқыды. 270 түлек (түлектердің 31%-ы) еңбекке орналастырылды.

Колледждермен әлеуметтік әріптестік туралы шарттардың шеңберінде Қордың кәсіпорындары мен компаниялары білім беру процесін ұйымдастыруға, еңбек нарығы қажеттілігіне және кадрларды дайындаудың дуалдық жүйесі қағидаттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын қалыптастыруға белсенді қатысуда, студенттерге өндірістік оқудан өту үшін оқушы жұмыс орындарын береді, сондай-ақ студенттерге жалақыларына қосымша ақы төлеу мүмкіндігімен тәлімгерлер бекітеді. Оқушылық жұмыс орындары қосымша оқу полигондарын, зертханалар мен оқу сыныптарын ашу жолымен кәсіпорындар базасында ұйымдастырылды. Оқушылық жұмыс орындарының ең көп саны «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-да ұйымдастырылды – 2013–2014 жылдарға 76 орын.

Қор тобының компаниялары оқушыларды нақты өндірістік жағдайларда оқытуға арналған нұсқаушылар құрамын айқындады. Тәлімгерлердің ең көп саны «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы дуалдық оқыту жүйесіне тартылды («АлЭС» АҚ – 9 адам, «Богатырь-Көмір» – 20 адам).

Кәсіпорындар колледждердің кабинеттерін, шеберханалары мен зертханаларын материалдық-техникалық жарақтандыруға қатысады. Тәжірибе алмасу, проблемалық мәселелерді бірлесіп талқылау және шешу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобында пилоттық колледждердің қатысуымен дуалдық оқыту жүйесін енгізу мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер тұрақты негізде өткізілді.

## 2.11.3. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу

«Әлеуметтік жауапкершілік» стратегиясының бағыттарын іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 26 маусымда Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Саясат (№ 94 хаттама) бекітілді. Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жарғыға, Қордың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясына және Қордың өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына негізделеді.

Бұдан басқа, әлеуметтік көңіл-күйді диагностикалау және қақтығыстардың алдын алу, Қор тобындағы басшылықтың анықталған теріс факторлар мен процестерге уақтылы ден қоюы, персоналдың бизнес-тиімділігін және Қор тобының әлеуметтік саясатын арттыру мақсатында Қор алғаш рет Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін енгізді.

Қордың әлеуметтік тұрақтылық рейтингі қызметтің стратегиялық әлеуметтік негізгі көрсеткіші (КНК) болып табылады және Қордың Басқармасы жанындағы Кадр комитетінің 2013 жылғы 5 тамыздағы (№ 6/13 хаттамасы) бекітілген Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (индексін) айқындау әдіснамасы негізінде жылына бір реттен жиі емес айқындалады.

Рейтингті айқындау мақсаты еңбек ұжымында әлеуметтік тыныштық, өндірістік персоналдың әлеуметтік өзін-өзі сезіну және тартылу деңгейін бағалау, сондай-ақ компанияның әлеуметтік даму деңгейін бағалау болып табылады.

Жыл сайынғы зерттеулердің нәтижелері бойынша 2014 жыл ішінде Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 70% құрады (05.05.2014 ж. № 5/14 әдіснаманың негізінде). Қор тобындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі ішкі коммуникациялар жүйесінің жақсаруына, дауларды шешудің ішкі құралдарына, процестердің ашықтығына, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға қызметкерлер сенімінің артуына байланысты 2013 жылмен салыстырғанда 12 позицияға өсті (немесе өсім 20%).

Орталық әлеуметтік әріптестіктің біртұтас жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша белсенді жұмысты жалғастыруда. Қазіргі уақытта Орталықтың қызметі үш ірі блокқа шоғырландырылған: біріншіден, бұл мемлекеттік органдармен, ҰЕҰ және БАҚ-тармен әлеуметтік жауапкершілік және әріптестіктің барлық бағыттары бойынша тығыз және жемісті өзара іс-қимыл; екіншіден, бұл әлеуметтік-еңбек қатынастарын диагностикалаудың инновациялық әдістемелерін құру және енгізу, және үшіншіден, бұл әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын алдын алудың жаңа тетіктерін енгізу.

Орталық Қордың еншілес және тәуелді компанияларының қызметкерлері арасынан кәсіби медиаторлар мен келіссөз жүргізушілерін дайындауды жүзеге асырады. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор тобында қазіргі кезде Қордың ЕТҰ еңбек ұжымдарында медиация құралдарын бірлесіп енгізетін және қолданатын 886 медиатор мен келіссөз жүргізушілер дайындалды.

## 2.11.4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі

Қор компанияларының тобы Қор және ЕТҰ қызметкерлерінің еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігін толық түсінеді. Жыл сайын Қор компаниялары еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттарды азайту жөніндегі іс-шараларға қаржы қаражатын бөледі. Еңбек қауіпсіздігін жақсарту үшін компаниялар еңбек қызметі барысында өндірістік жарақат алуды азайтуға, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жетілдіруге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған ұйымдық-техникалық іс-шаралардың ішкі жоспарларын іске асырып отырады. Бұл жоспарларда жазатайым оқиғалардың алдын алу және қызметкерлерді қауіпсіздік техникасына үйрету, өндіріс жабдықтары мен аспаптарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау компанияларда белгіленген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

Жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ жыл бойы тұрақты негізде Қордағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының жүйесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттармен тұрақты негізде таныстыру шаралары жүргізіліп отырады. Тиімділікті арттыру және қызметкерлердің уақытын үнемдеу мақсатында кейбір компанияларда кеңсе және өндірістік қызметкерлер үшін өндірістік персоналды жұмыс жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқытуға арналған қауіпсіздік техникасын және білімді тексеруді оқыту онлайн енгізілуде, сондай-ақ арнайы полигондар ұйымдастырылып, жұмыс істеуде.

Қор еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жақсарту жауапкершілігін өзіне қабылдайды, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының өндірістік қызмет нәтижелеріне қатынасы бойынша басымдылығын мойындайды.

Заңнама нормаларына сәйкес қызметкерлерді сақтандыру жүзеге асырылады, сақтандыру қызметтерін көрсетушілерді іріктеу қызметтердің талап етілетін көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

## 2.11.5. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Қор қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жауаптылықты қабылдайды және Қордың компаниялар тобының Қазақстан мен өзге елдердің экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар шаруашылық қызметінің миллиондаған адамдардың мүддесін қозғайтынын мойындайды. Қордың компаниялар тобының өз қызметін іске асыруы кезінде қоршаған ортаға тигізетін әсері оның қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

Қор компаниялары тобының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі әрекеттері экологияға тигізілетін әсерді азайтуға, атап айтқанда, атмосфералық ауаға рұқсат етілмеген және нормативтен тыс шығарылымдардың алдын алуға, қалдықтардың залалсыздандырылуын бақылауға, су тұтыну шығындарын азайтуға және оны ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін тұрақты түрде жақсартуға бағытталған. Сондай-ақ күн, жел сияқты жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалану жоспарлануда, қоршаған ортаға шығарылымдардың айтарлықтай азаюы соның нәтижесі болады.

Қор және оның Компаниялары қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді жұмыс істейтін халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, ғылым және білім мекемелерімен ынтымақтастықты қолдайды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында Қор саясатының негізгі мақсаттары:

- Қордың еншілес компаниялары қызметінің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсеріне баға беру және басқару, алдын алу және төмендету;
- технологиялық жабдықтардың, өндірістік объектілер мен қоршаған ортаның жағдайын сапалы бақылау және мониторингінің корпоративтік жүйесін заманауи деңгейде жасау;
- қоршаған ортаны қорғау саласында ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау саласында экологиялық тәуекелдерді азайту, экологиялық менеджмент және өндірістік көрсеткіштерді жақсарту бойынша қызметке барлық персоналды тарту болып табылады.

Бұдан бөлек, Қор әлеуетті әріптес үшін негізгі талап ретінде жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың барлық талаптарына жауап беретін жоғары технологиялық және тиімді қайта өңдеуші өндірістерді салу, инновациялық технологияларды дамыту және пайдалану бойынша талапты қамтиды.

## 2.11.6. Демеушілік және қайырымдылық

«Самұрық-Қазына» АҚ демеушілік және қайырымдылық қызметі рухани және ұлттық құндылықтарды қайта дамуына, мәдениетті, ғылым мен білімді қолдауға, ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, халықтың қорғалмаған топтарына, аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетуге және спортты қолдауға бағытталған.

Демеушілік және қайырымдылық қызмет 2012 жылдың желтоқсанында бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясатымен реттеледі. Құжаттың мақсаты – бекітілген жылдық бюджет пен даму жоспарлары шеңберінде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шығындарды жоспарлау мен тиімді басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету.

Саясатқа сәйкес **мыналар демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек** көрсетудің **қағидаттары болып табылады:**

- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетудің объективті қажеттілігінің (орындылығының) болуы;
- шешімдер қабылдау кезіндегі ашықтық пен жауапкершілік;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетудің басымдықтарға сәйкестігі;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралардың практикалық тиімділігі;
- жылдық бюджетте және/немесе Даму жоспарында демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсетуге арналған қаражаттың болуы;
- демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету бойынша қаражат шеңберінде бөлінген қаражатты мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету;

- Қордың және/немесе ұйымдардың имиджін арттыруға демеушілік көмектің оң ықпалы;
- Демеушілік және қайырымдылықтың бірыңғай саясатын іске асыру.

**Демеушілік көмек** көрсетудің негізгі **басымдықтарына:**

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының тапсырмасы бойынша іс-шараларды қолдау;
- спорттың жекелеген түрлерін, спорт іс-шараларын және спорт инфрақұрылымын дамыту;
- әлеуметтік маңызы бар жобалар;
- Қордың және/немесе ұйымдардың қызметіне байланысты ұйымдастыру-практикалық іс-шаралар (халықаралық конференциялар, форумдар, инвестициялық саммиттер, дөңгелек үстелдер және т. с. с.);
- өзге де имидждік жобалар жатқызылады.

**Қайырымдылық көмек** көрсетудің негізгі **басымдықтары:**

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының тапсырмасы бойынша іс-шараларды;
- ардагерлер, мүгедектер ұйымдары, балалар үйлері мен орталықтары, өзге де әлеуметтік саладағы коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметін;
- зейнеткерлер, Ұлы Отан соғысы ардагерлері және жасалған ұжымдық шартқа немесе меморандумға сәйкес ұйымда тіркелуде тұрған оларға теңестірілген адамдарды;
- Қазақстан Республикасы аумағында өткен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты іс-шараларды;
- өзге әлеуметтік жобаларды қолдау және қаржыландыру болып табылады.

## 2.12. КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТАРТУ КЕЗІНДЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қордың Директорлар кеңесі 2014 жылғы 16 қазанда бекіткен Консультациялық қызметтерді тарту кезіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясат Қор тобына кіретін ұйымдар және консультанттармен бірге Қордың мүдделер қақтығысын анықтау және басқару жөніндегі шараларды айқындайды.

Саясат негізінде Қор Басқармасы 2014 жылғы 28 қазанда топ ұйымдарымен консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарт бекітілді.

Саясат және корпоративтік стандарт консультанттарды тарту және олардың консультациялық қызметтерді көрсету кезінде туындауы мүмкін Қор тобы ұйымдарының консультанттарымен мүдделер қақтығыстарын анықтауға және басқаруға бірыңғай тәсілдемені анықтауға арналған.

Саясат Қор тобына кіретін ұйымның әр қызметкерінің және консультанттың мүдделер қақтығысын басқарудың мынадай негізгі қағидаттарын сақтауға шақырады:

- тапсырыс берушінің мүдделер басымдығын;
- консультанттың бейілділігі мен адалдығын;
- ақпаратты ашу;
- туралықты;
- сақтық пен адалдықты;
- төзімсіздігі мен ішкі мәдениетті;

- дербес жауапкершілік және өз үлгісін;
- жеке қарауды және объективтілігін;
- құпиялылықты.

Консультантта мүдделер қақтығысының туындауы тапсырыс берушіні қызметтерді сапалы көрсету ғана емес, ақпараттың құпиялылығын сақтауды қоса алғанда, консультантпен фидуциарлық қатынастарға құқықты іске асыруда өзінің заңды мүдделерін сақтаудан айырады.

Қор тобының консультанттарына ірі жобалар немесе шетелдік субъектілермен сот тергеулері бойынша мүдделер қақтығысының болуы көрсетілетін қызметтердің сапасына ғана әсерін тигізіп қоймайды, сонымен бірге Қор тобының және мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірудің нақты тәуекелін көрсетеді.

Мүдделер қақтығысы мәселесін елемеу нақты залал немесе жіберілген пайда (шығындар), мүлікті жоғалту (Қор тобының активтері), Қордың бүкіл тобының іскерлік беделіне мен имиджіне зиян келтіру және т. б. сияқты жеткілікті түрде нақты салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін.

Өзірленген саясат және корпоративтік стандарт Қор, сондай-ақ Қор компанияларының тобы тартатын консультанттан мүдделер қақтығысын анықтау үшін құқықтық негіз құруға, консультанттарды тарту практикасын жетілдіру және ықтимал тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік береді.

## 2.13. Ақпараттық технологиялар

2013 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) жөніндегі бас директордың лауазымын енгізді. Осы орынға АТ саласында Қор компаниялары тобының стратегиясын әзірлеу міндетімен Николас Малоун тағайындалды.

АТ бас директоры жетекшілік ететін департамент жұмысында негізгі назар Қор компаниялары тобы үшін АТ стратегиясын әзірлеу болды. Осы стратегия компаниялар қоржынын қарағаннан кейін 2013 жылдың желтоқсанында Басқарма шешімімен бекітілді. Стратегияны әзірлеу процесінде алынған негізгі қорытындылар: ЕТҰ Басқармасы деңгейінде АТ нұсқаулығының және бірыңғай АТ стандарттарының жоқтығы. Сол себепті, өнімділік, тиімділік және көрсетілетін қызметтер деңгейлерінің өлшемдері оңтайлы болып табылмайды.

2014 жыл бойы өзінің бөлімшесімен бірлесіп (АТД) АТ жөніндегі бас директор көп өлшемді бағдарламаны іске асыруға кірісті, оның негізгі ұраны «Керекті ақпарат Сізге керекті адамдардан керекті уақытта түсетініне және сонымен құнға негізделген дәлелді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз». Осы тәсілдеменің негізгі уәжі операциялық үдерістердің таңдаулы әлемдік практиктерге сәйкес келтіру үшін озық технологиялар мен «бірегей» процестерді қабылдау болып табылады. Қор компаниялары тобының синергиясын қолдауға бұдан былай мәні Қор компаниялары тобы АТ директорларынан АТ ынтымақтастығын және басқарудың үздік практиктерін талқылау үшін алаң болып табылатын Chief Information Officer (CIO) офисінің тұжырымдамасы әзірленді. Кейіннен CIO офисі Қордың АТ жөніндегі бас директорының төрағалық етумен Функционалдық комитетке өзгерді.

АТ жөніндегі функционалдық комитеттің тиімді жұмысы мақсатында барлық ұлттық компаниялар үшін АТ бас директорының ұстанымын енгізу және оларды өздерінің компанияларында барлық ІТ процестерін басқару бойынша өкілеттіктерімен бөлу ұсынылды. ЕТҰ-дағы АТ бас директорларына (а)

инфрақұрылымды шоғырландыру, (б) деректерді, қосымшаларды, процестерді басқару үшін озық тәжірибе орталықтарын құру, сондай-ақ (в) негізгі өнім берушілермен және сервис-провайдерлермен стратегиялық әріптестікті орнату бойынша мүмкіндіктерді бағалауға арналған нұсқаулық ретінде Қордың АТ стратегиясын пайдалана отырып, өз компаниясының нақты бизнесі үшін ішкі АТ стратегиясын әзірлеу ұсынылды.

2013 жылғы қарашадан басталған кезеңде тәуелсіз директорлармен кеңескеннен кейін бизнес процестерді оңтайландырудан басталатын қызметті автоматтандырудан ең жоғарғы пайдаларды іске асыруға стратегиялық тәсілдеме қажет деп шешті. Осы тәсілдемені іске асыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ үш негізгі бағыт – өзгерістерді басқару, бизнес процестерді қайта инжинирингілеу және автоматтандыру процесін қамтитын трансформациялауға жалпы әдіснамалық тәсілдеме үшін жауапты болатын Трансформациялау жөніндегі орталық комитеті құрды.

АТ-саласы шеңберінде жергілікті таланттарды дамытуға ұмтылуда Қор Силиконды алқапта кейіннен тағылымдамандан өту үшін Қор тобының ішінде АТ талантты мамандарын анықтауға конкурс ұйымдастырды. Нәтижесінде 15 адам Болашақ мемлекеттік стипендиясының иегерлері атанды. Бұған қоса, Қор Астана қаласында «АТ академиясын» құрды, оның шеңберінде Қор компаниялары тобының АТ мамандары АТ корпоративтік басқару, кәсіпорын сәулеті, деректерді басқару, жобаларды басқару тәрізді осындай бағыттар бойынша өз біліктілігін арттыра алады.

Қор бұдан әрі бағдарламалық жасақтаманың жетекші өндірушілерімен және отандық жетекші ЖОО-лармен әріптестік арқылы таланттарды дамыту бағдарламаларын кеңейтуді жоспарлап отыр. Осы күш-жігердің бәрі АТ-секторының дамуын жеделдетуге және Қазақстанды ТМД-дағы АТ хабы ретінде қалыптастыруда жәрдемдесуге жұмсалады.





# «Самұрық-қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

2014 жыл үшін жылдық есеп

1-ші томы



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жөніндегі қағидаттар және есеп

«Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесі және басқармасы

«Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің, басқармасының 2014 жыл ішіндегі жұмысы туралы есеп

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасы мен директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы туралы ақпарат

Дивидендтер туралы ақпарат

Акционерлік капитал

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Ішкі аудит

## 3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 3.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ ЕСЕП

Корпоративтік басқару Трансформациялау бағдарламасының және Қордың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясының үш негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Қор тұрақты негізде Қорда және өзінің Компанияларында корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді.

2014 жылы мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

1. Жаңа редакцияда Корпоративтік басқару кодексін әзірлеу.
2. Корпоративтік басқару (деңгейін бағалау) диагностикасы.
3. Еншілес компаниялардың Директорлар кеңестерінің тиімділігін күшейту және арттыру бойынша жұмыс.

#### **Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда әзірлеу**

Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде жаңа Корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі – «Кодекс») жобасы әзірленді. Корпоративтік басқару саласындағы соңғы трендтерді ескере отырып, Кодексті дайындау мақсатында Қор ЭЫДҰ сарапшыларымен консультациялар жүргізді.

Кодекстің жобасы Қор компаниялары, Қор тобы тәуелсіз директорлары, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік және жеке секторлар, корпоративтік басқару саласындағы сарапшылар ішінен мүдделі тараптардың кең тобымен талқыланды, Қор тобы директорлары кеңестерінің мүшелерімен кездесуде және мүдделі тараптар үшін дөңгелек үстелде таныстырылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару кодексі Қордың Директорлар кеңесімен 2014 жылғы 18 желтоқсанда мақұлданып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 289 қаулысымен бекітілді. Кодекстің қолданылу аясы Қорға және акцияларының (қатысу үлесінің) елу пайыздан

астамы Қорға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарға таратылады.

Кодекс тұрақты даму, акционерлердің құқықтары және акционерге әділ қарым-қатынас, кәсіби директорлар кеңесі және атқарушы орган, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, ашықтық сияқты тиісті корпоративтік басқарудың маңызды қағидастарына ерекше назарын бөледі. Осы қағидастар Қор тобының ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуы және тұтастай алғанда инвестициялық тартымдылық үшін маңызды.

Қордың және ұйымдардың жылдық есебіндегі осы Кодекстің ережелерін сақтамау фактілері мен себептері туралы ақпаратты міндетті ашу туралы талаптар, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы есептілік жарияланымдары 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.


Кодекспен Қордың [www.sk.kz](http://www.sk.kz) интернет-сайтында танысуға болады.

#### **Корпоративтік басқару (деңгейін бағалау) диагностикасы**

Қордың 2012–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес корпоративтік басқару рейтингі (КБР) стратегиялық көрсеткіш болып табылады. 2015 жылға қарай Қордың ірі компанияларының КБР 75 рейтингілік тармақ деңгейінде болуға тиіс.

Корпоративтік басқару деңгейін мониторингілеу және өлшеу мақсатында, 2009 жылдан бастап, жыл сайын Қорда және еншілес ұйымдарда корпоративтік басқару диагностикасын жүргізеді.

2-ДИАГРАММА. Қордың компанияларындағы корпоративтік басқару рейтингі (тәуелсіз диагностика нәтижелері)



Корпоративтік басқару диагностикасы Қор тобындағы корпоративтік басқару жүйелерін дамытудың оң серпінін көрсетеді (2-диаграмма).

Қордың компаниялары кезекпе-кезек, ауыспалы кесте бойынша диагностикалануда. КБР 75 р. к. деңгейіне бірқатар Компаниялар («Эйр Астана» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ) қол жеткізді.

Корпоративтік басқару диагностикасының қорытындылары бойынша Компаниялар Корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуде және енгізуде.

**Еншілес компаниялардың Директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыру және күшейту бойынша жұмыс**

Директорлар кеңесі негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдайтын және атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асыратын акционерлер мүдделерін ұсынатын компанияның басқару органы болып табылады.

Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде Директорлар кеңесі негізгі міндет ретінде, атап айтқанда Қордың директорлар кеңесінің және қоржынды компанияларының рөлін, өкілеттіктерін және құрамын өзгерту бөлігінде атап көрсетілді.

Ол үшін мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады: Директорлар кеңесінің өкілеттіктерін кеңейту; Әлемдік деңгейдегі директорлар кеңесін қалыптастыру; Директорлар кеңесі қызметін бағалаудың тиімді жүйесін құру; Директорлар кеңесінің жұмысын озық практикаға сәйкес келтіру.

Жаңа Корпоративтік басқару кодексінде Қор «Директорлар кеңесінің және Атқарушы органның тиімділігі» жеке қағидаты салынды, онда Директорлар кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру бөлігіндегі ережелер, қызметті бағалау, Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру өкілеттіктері бар.

2014 жылы Директорлар кеңестерінің құрамдары бөлігінде мынадай жұмыс жүргізілді:

- «Қазпочта» АҚ-дағы ДК құрамы 9 адамнан тұрады, олардың ішінде 5-і (55%) тәуелсіз директорларды құрайды, бұл корпоративтік басқарудың үздік практикасына сәйкес келеді;
- «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-дағы ДК құрамы 7 адамға дейін көбейді, олардың 4-ін (57%-ын) тәуелсіз директор құрады, бұл ретте Директорлар кеңесінің төрағасы алғаш рет тәуелсіз директор тағайындалды;
- «Қазақстан темір жолы» ҰҚ АҚ-дағы ДК құрамы жаңартылып, 7 адамды, олардың ішінде 4-ін (57%) тәуелсіз директор құрады, бұл корпоративтік басқарудың үздік практикасына сәйкес келеді.

Кандидаттарды тәуелсіз директорлар рөліне таңдау бөлігінде Компаниялардың Директорлар кеңесінің төрағасын, Басқарма төрағасын және Тағайындаулар және Сыйақылар жөніндегі комитеттерді тарту бөлігінде тәуелсіз директорларды іріктеу және сайлау процесіне жақсарту енгізілді.

Директорлар кеңесінің мүшелерін әртүрлі бағыттар бойынша оқыту жоспарлануда: ҚНҚ, EVA, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару.

2011 жылдан бастап Қор тобы директорларымен Қор Басқармасы төрағасының тұрақты кездесулер жүргізілуде. 2014 жылы екі кездесу өткізілді: 27–28 мамыр және 11–12 қараша.

Іс-шаралар мына мақсатта:

- Акционер және Қордың бастамалары ретінде Қордың күтулері туралы директорларға уақтылы хабарлау;
- Компанияларды және топтарды дамытуда тәуелсіз директорлардың әлеуетін пайдалану;
- Қор тобының ішінде өзара іс-қимылды жақсарту;
- Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру жүргізілді.

Кездесулерде Қор жүргізетін Трансформациялау бағдарламасы, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, инвестициялар, кадр саясаты және т.б. ретінде осындай маңызды бағыттар бойынша бастамалар талқыланды.

Қор сондай-ақ Қор тобының Директорлар кеңестерінің мүшелері үшін арнайы ақпараттық web-portal іске қосылды.

### **Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты**

Қорда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді олардың жеке қызметі мен мүдделері Қордағы міндеттерін орындауға қайшы келмеуі үшін қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделер қақтығысына байланысты нақты бұзушылықтар Қордың беделіне зиян келтіруі және оған қоғамдық сенімін кетіруі мүмкін. Осыған байланысты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделер қақтығысының тіпті көзге көрерлік жағын жасауы мүмкін жағдайлардан аулақ болуы тиіс.

Мүдделер қақтығысына байланысты негізгі аспектілер, сондай-ақ мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері Қордың Іскерлік этика кодексінде көрсетілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ Іскерлік этика кодексінә сәйкес Қорда Омбудсмен тағайындалды.

Омбудсменнің негізгі функциялары Кодекстің ережелерін сақтамау мәліметтерін жинау, қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Кодекстің ережелері бойынша кеңес беру, Кодекс ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасау болып табылады.

Есепті кезеңде Қорда корпоративтік қақтығыстар тіркелген жоқ.

## 3.2. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

### 3.2.1. Директорлар кеңесінің құрамы, «Самұрық-Қазына» АҚ ДИР мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамы бекітілді: **Ахметов С. Н.** – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Директорлар кеңесінің төрағасы; **Сұлтанов Б. Т.** – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; **Досаев Е. А.** – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; **Орынбаев Е. Т.** – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі; **Шөкеев Ө. Е.** – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы; **Мирчев А. В.** – тәуелсіз директор; **Н. Стейплтон** – тәуелсіз директор; **Р. Эванс** – тәуелсіз директор.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысына сәйкес **К. Қ. Мәсімов** «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығына сәйкес **Е. А. Досаев** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі лауазымынан босатылды. **Б. Т. Сұлтанов** Қазақстан Республикасының Қаржы министрі болып тағайындалды, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлі лауазымынан босатылды.

## МӘСІМОВ Кәрім Қажымқанұлы



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2014 жылғы сәуірден бастап).

1965 жылы туылған. Пекиндегі Тілдер институтын,

Ухань университетінің (ҚХР) Заң институтын, Қазақ Мемлекеттік басқару академиясын тәмамдап, АҚШ-тың Колумбия университетінде тағылымдамадан өткен. Экономика ғылымдарының докторы. Ағылшын, қытай, араб тілдерін меңгерген.

Еңбек министрлігінің бас экономисі, бөлім бастығы қызметінен бастап, одан соң Үрімші қаласындағы (ҚХР) Республиканың сыртқы экономикалық байланыстары министрлігі өкілдігінің аға маманы, Гонконгтағы Қазақстан сауда үйінің атқарушы директоры болып қызмет атқарды.

Алматы сауда-қаржы және Халықтық жинақ банкілері Басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Президентінің көмекшісі болып тағайындалды.

2006 жылдың қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2006 жылдың сәуірінен бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2007 жылдың қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі.

2012 жылдың қыркүйегінен бастап – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы.

2014 жылдың сәуірінен бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

## ДОСАЕВ Ерболат Асқарбекұлы



2012 жылдың 4 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы.

1970 жылы Алматы қаласында туылған.

Алматы энергетика институтын, Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін тәмамдаған.

1997 жылы – «ТұранӘлем Банкі» ЖАҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «АТФ Банкі» ЖАҚ Басқармасының төрағасы.

1998 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі.

1998 жылы – Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі.

2000 жылы – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.

2001 жылы – Қазақстанның Даму Банкі Директорлар кеңесінің төрағасы.

2001–2003 жылдары – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын

бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің төрағасы.

2003–2004 жылдары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; Қазақстандағы Еуропалық қайта құру және даму банкінің басқарушысы (ЕҚДБ); Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқарма мүшесі.

2004–2006 жылдары – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі.

2006–2012 жылдары – «Қаз-ИнвестБанк» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2012 жылғы 25 қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі.

2013 жылғы 16 қаңтар – экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 1256 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Экономикалық даму және сауда министрі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі ретінде сайланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

## СҰЛТАНОВ Бақыт Тұрлыханұлы



2008 жылдың 17 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Алматы қаласында 1971 жылдың 29 қарашасында туылған.

1994 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін, «Автоматика және басқару жүйесі» факультетін, «инженер-элек-

трик» мамандығы бойынша, 1995 жылы – Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған.

Еңбек жолын 1994 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен бастады.

2004–2006 жылдары – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2006–2007 жылдары – ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы.

2007 жылы – ҚР Қаржы вице-министрі.

2007–2010 жылдары – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2010 жылдың наурыз айынан бастап – ҚР Президентінің көмекшісі.

2012 жылдың 21 қаңтарынан бастап ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрі ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № 201 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі ретінде қайта сайланды.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 194 қаулысымен Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының

орынбасары ретінде қайта сайланды.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 6 қарашадағы № 684 Жарлығымен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі болып тағайындалды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Қаржы министрі ретінде қайта сайланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрі болып тағайындалды.

## ОРЫНБАЕВ Ербол Тұрмаханұлы



2014 жылғы 8 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы.

1971 жылы туылған.

1993 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, ал 2002 жылы – Дьюк университетін (АҚШ) бітірген.

1992–1993 жылдары – «Ақ-Бастау» Шымкент коммерциялық банктің коммерциялық бөлімінің маманы.

1994–1995 жылдары – Мәскеу қ. «Фьючер» акционерлік коммерциялық банкінің басқарма төрағасының орынбасары.

1995–1996 жылдары – Шымкент қ. «Уейкфилд инспекшен сервисес К Лтд» ЖШС бас директоры.

1996–1997 жылдары – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

1998 жылғы наурыздан мамыр аралығында – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Макроэкономикалық саясат және болжамдау департаментінің басқарма бастығы.

1998 жылғы мамырдан қыркүйек аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бас сарапшысы.

1998 жылғы қыркүйектен 1999 жылғы ақпан аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеу-

меттік-экономикалық реформалар мәселелері бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

1999–2002 жылдары – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының көмекшісі, департамент директоры.

2002–2003 жылдары – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2003–2004 жылдары – «Маркетингтік-талдау зерттеулер орталығы» АҚ басқарма төрағасы.

2004–2005 жылдары – Қазақстан Республикасы Прези-

денті Әкімшілігі Басшысының орынбасары – Экономикалық саясат басқармасының бастығы.

2005–2006 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің меңгерушісі.

2006–2007 жылдары – Қазақстан Республикасы Прези-

денті Әкімшілігі Басшысының орынбасары.

2007 жылдың қаңтарынан бастап қазанына дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің бастығы.

2007–2013 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

2013 ж. қарашасында Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды.

Орыс және ағылшын тілдерін меңгерген.

«Күрмет» (2006), «Парасат» (2012) ордендерімен, 3 медальмен марапатталған.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі ретінде сайланды.

## ШӨКЕЕВ Өмірзақ Естайұлы



1991–1992 жылдары – ЖАБЖ ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері.

1992–1993 жылдары – ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің кеңесшісі.

1993 жылы – ҚР Президентінің Аппараты мен Министрлер Кабинетінің қаржы және еңбек бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

1993–1995 жылдары – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі әкімшілік басшысының орынбасары.

1995 жылғы қарашадан – 1997 жылғы наурыз аралығында – Қазақстан Республикасының Экономика министрі.

1997 жылдың наурыз-қазан айларында – Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі.

1997 жылдың шілде-қазан айларында – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары (макроэкономика, өнеркәсіптің шұғыл қызметі, сауда, көлік, энергетика, ғылым, ТМД елдерімен қарым-қатынас мәселелері жөнінде).

1997 жылғы қазаннан – 1998 жылғы сәуір аралығында – «ТұранӘлем Банк» ЖАҚ (БТА) Басқармасының төрағасы.

1998 жылдың сәуір-тамыз айларында – ҚР Президенті Әкімшілігі жетекшісінің орынбасары.

1998 жылғы тамыздан – 2004 жылғы наурыз аралығында – Қостанай облысының әкімі.

1997 жылдың ақпан-қараша айларында – ҚР Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі.

1997 жылғы қарашадан 1998 жылғы тамыз аралығында – ҚР тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі.

1997 жылдың наурыз-желтоқсан аралығында – «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ Қадағалау кеңесінің төрағасы.

2004 жылғы наурыздан бастап – Астана қаласының әкімі.

2006 жылғы қыркүйектен – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.

2007 жылы тамызда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары.

2009 жылғы 3 наурызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2011 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Президентінің Жарлығымен қайтадан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1600 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.



## МИРЧЕВ Александр Васильевич



2008 жылғы 17 қазаннан бастап тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

АҚШ азаматтығы.

1957 жылдың 28 сәуірінде София қ. (Болгария) туылған. Америка Құрама Штаттарының азаматы.

Экономикалық өсу және жаңғырту саласындағы жаһандық стратегиялық шешімдерді ұсынатын «Крулл корпорейшн» президенті (Вашингтон қаласы, АҚШ).

Президент Вудро Вилсон атындағы Халықаралық зерттеу орталығы жанындағы Қытай мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастар мәселелері жөніндегі Киссинджер институты Қамқоршылар кеңесінің мүшесі. Стратегиялық кеңесшілер тобына кіреді және АҚШ Атлант кеңесі Президентінің аға кеңесшісі болып табылады.

Өзінің кәсіби мансабында ірі миллиардтаған айналымы бар халықаралық компаниялардың Директорлар кеңесінің төрағасы және директоры, акциялары АҚШ-тағы «NASDAQ» биржасында айналымда болатын тәуекелдерді басқару саласындағы жоғары кәсіби шешімдерді білдіретін корпорациямен бірлескен кәсіпорынның төрағасы лауазымдарын атқарды, сондай-ақ АҚШ-тағы жетекші заң фирмаларының бірінің директоры болды.

Академиялық салада беделге ие. Болгарияның Ғылым академиясы мен Парламентінің

жанындағы Академиялық кеңестің мүшесі және Ұлттық орталықтың аға ғылыми қызметкері, Софиялық университеттің дәріс оқушысы, Ресей ғылым академиясының жанындағы Еуропа институтының жетекші халықаралық сарапшысы болды, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының шынайы мүшесі және Украина Сыртқы сауда және қаржы университетінің құрметті ғылым докторы болып табылады.

Джордж Вашингтон университетінің Ұлттық заң орталығында халықаралық және салыстырмалы құқық жөніндегі заң ғылымдарының магистрі дәрежесін және Св. Климент Охрид университетінен (Болгария, София қаласы) ғылым докторы дипломын алды. Лондон Экономика және саяси ғылымдар мектебінде, Вашингтон Әлемдік саясат институтында, Бостон университеті мен Гарвард Бизнес мектебінде халықаралық эко-

номика және қаржы саласында маманданды.

2007 жылдан бері – ҚР Премьер-Министрінің аға экономикалық кеңесшісі.

2007 жылдан бастап 2008 жылдың қазанына дейін – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы – тәуелсіз директоры.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

## СТЕЙПЛТОН Найджел Джон



2014 жылдың 8 қаңтарынан бастап тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Ұлыбританияның азаматтығы.

1946 жылы 1 қарашада туылған.

1965–1968 жылдары – Кембридж университеті (Ұлыбритания) (экономика және саясат, үздік дипломмен).

1970 жылы – Кембридж университеті (Ұлыбритания), магистр дәрежесі.

1973 жылы – Шығындарды есепке алу жөніндегі бухгалтерлер институты.

1982 жылы – Стэнфорд университеті, Басшыларға арналған бағдарлама (АҚШ).

1968–1976 жылдары – «Joined Unilever» сауда саласында машықтанушы. Ұлыбританияда және 12 шетел компаниясында қазынашылық, ішкі аудитті қоса алғанда, қаржы, сондай-ақ қаржылық және басқарушылық есепке алу саласында лауазымды қызмет атқарды.

1976–1980 жылдары – «BOCM Silcock Ltd» дамыту жөніндегі

директор («Unilever» еншілес ұйымы).

1980–1983 жылдары – Солтүстік Америкада «Unilever plc.» (Лондон) мүшесі.

1983–1986 жылдары – «Unilever United States, Inc.» қаржы жөніндегі Вице-Президенті (Нью-Йорк).

1986–1993 жылдары – «Reed International plc.» қаржы директоры.

1993–1996 жылдары – «Reed Elsevierp lс.» Бас қаржы ди-

ректоры және Атқарушы комитетінің мүшесі.

1995–1999 жылдары – «Reed International plc.» төрағасы.

1996–1999 жылдары – «Reed Elsevier plc.» тең төрағасы.

1999–2001 жылдары – «Veronis Suhler International Ltd» төрағасы (Лондон, Инвестициялық қор).

2001–2006 жылдары – «Uniq plc.» Директорлар кеңесінің төрағасы.

2003–2004 жылдары – «Cordiant Communications Groupplc.» Директорлар кеңесінің төрағасы.

2001–2011 жылдары – Лондон қор биржасының атқарушы емес директоры.

2004–2011 жылдары – «Postal Services Commission» комиссиясының төрағасы (Лондон,

Британ пошта қызметтерінің тәуелсіз реттеушісі.

2009–2014 жылдары – «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

2011–2014 жылдары – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

2009 ж. – қазіргі уақыт аралығында – «Mineworkers

Pension Scheme» Қамқоршылық кеңесінің төрағасы (толық емес уақыт).

2013 жылы – қазіргі уақыт аралығында – «National Grid plc. UK PensionFund» кеңесінің тәуелсіз мүшесі.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

## Сэр Ричард ЭВАНС



1960–1967 жылдары Ұлыбританияның Біріккен корольдігі және Солтүстік Ирландия Көлік және технологиялар министрлігінің шарттар бөлімінде жұмыс істеді.

1967–1969 жылдары Ferranti Ltd компаниясының мемлекеттік шарттар бөлімінде еңбек етті.

1969–1978 жылдары – British Aircraft Corporation (BAC) коммерциялық менеджері.

1978–1981 жылдары – British Aircraft Corporation (BAC) коммерциялық директоры.

1983–1987 жылдары British Aerospace plc компаниясының Басқарушы директорының орынбасары және авиациялық тобының директоры.

1987 жылы – «British Aerospace plc.» компаниясының маркетинг жөніндегі директоры.

1988–1990 жылдары – «British Aerospace Defence Company» компаниясының төрағасы.

1990–1992 жылдары – British Aerospace plc компаниясының бас атқарушы директоры.

1992–2002 жылдары – «Airbus Industry» компаниясының қадағалау кеңесінің мүшесі.

1998–2000 жылдары – ұлттық вестминстрлік банктің атқарушы емес директоры.

1998–2004 жылдары «BAE Systems» компаниясының төрағасы.

2001–2008 жылдары – «United Utilities plc.» компаниясының

төрағасы, Ланкашир Орталық университетінің ректоры.

2006–2008 жылдары – «Самұрық» мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

2008 жылдың 17 қазанынан бастап тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Ұлыбританияның азаматы.

1942 жылы 9 шілдеде Блэкпулда (Англия) дүниеге келді.

1960 жылы Корольдік масондық мектепті (Хартфордшир, Лондон) тәмамдады.

### 3.2.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы, топ-менеджерлерінің қысқаша өмірбаяндары



#### ШӨКЕЕВ Өмірзақ Естайұлы

2011 жылғы 26 желтоқсаннан бастап Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚР азаматы.

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, заңнамада, Қордың Жарғысында, сондай-ақ Қордың ішкі актілерінде белгіленген функцияларды атқарады



#### БАХМУТОВА Елена Леонидовна

Басқарма төрағасының орынбасары (2012 жылғы қаңтардан бастап).

ҚР азаматы.

Білімі: жоғары экономикалық.

Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген.

Еңбек жолын 1983 жылы бастап және 1993 жылға дейін нақты экономика секторы кәсіпорындарында түрлі лауазымдарда қызмет етті.

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппаратында жұмыс істеді, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік департаментін басқарды.

2001 ж. сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Вице-министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зейнетақы жинақтау қорларының қызметін реттеу департаментінің директоры, сондай-ақ Қаржылық қадағалау департаментінің директоры қызметін атқарды.

2004 жылғы қаңтардан төрағаның орынбасары, 2008 жылғы қаңтардан Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу агенттігі төрағасы лауазымына тағайындалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысының орынбасары етіп тағайындалғанға дейін Қордың еншілес компаниясы «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС басқарды.

Қазіргі кезде Қордың қаржылық активтерінің, қаржылық стратегияны іске асырудың тиімділігін арттыру, Қор мен Компаниялардың қаржылай ресурстарын тиімді басқару мәселелері жөніндегі Қордың қызметін үйлестіреді.

Қордың есептік саясатын, қарыз алу саясатын, сондай-ақ дивидендтік саясатын әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырады.

Қордың және Компаниялардың құрылымдық бөлімшелерінің қаржылық ұйымдармен, қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен өзара іс-қимылын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

## ЕРДЕБАЙ Дәурен Иманжанұлы



Басқарма төрағасының орынбасары (2013 жылғы мамырдан бастап).

ҚР азаматы.

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясы; Global Executive MBA, Insead бизнес мектебі (Фонтенбло, Әбу-Даби, Сингапур), Certified Director, IoD (Лондон, Ұлыбритания).

1998 жылдан бастап 2004 жылдар аралығында мемлекеттік қызметте басқарушы лауазымдарды атқарды.

2004–2009 жылдары жеке меншік секторда жұмыс істеді, ірі индустриялық жобаларды басқарды.

2009 жылдан бастап Қор тобындағы жұмыс, оның ішінде 2013 жылға дейін «Біріккен химия компаниясы» ЖШС Басқармасының төрағасы.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары ретінде Қордың активтерін басқару бойынша жұмысты үйлестіреді. Қордың ұзақ мерзімді даму стратегиясының, инновациялық саясатының жүргізілуін айқындайды және үйлестіреді, сондай-ақ экономиканың мұнай-газ, Тау-Кен металлургия, электр энергетикасы, индустриялық, көлік және коммуникация салаларындағы Қор қызметінің үйлестірілуін жүзеге асырады.

## БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Берік Тұрсынбекұлы



Бизнесті дамыту жөніндегі бас директор – Басқарма мүшесі (2014 жылғы наурыздан)

ҚР азаматы.

Білімі: жоғары экономикалық және заң.

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін үздік бітірген.

Экономика ғылымдарының докторы.

Оқудан соң Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультетінің оқытушысы болып жұмыс істеді. 1994 жылғы сәуірден 1997 жылға дейін экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының әртүрлі лауазымдарында қызмет етті.

1997 жылғы ақпаннан өз қызметін «ТұранӘлем Банкі» ЖАҚ, «Алматы сауда-қаржы банкі» ЖАҚ және «АТФ Банкі» ААҚ өңірлік филиалдарында басқарушы лауазымдарда жүзеге асырды. 2002 жылдан бастап «АТФ Банкі» ААҚ басқарушы

директоры, басқарма төрағасының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. 2006 жылдан 2012 жылдар аралығында «Astana Capital Investment Group» ЖШС бас директоры ретінде өз қызметін жүзеге асырды, «ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, кейінірек Басқарма төрағасы қызметін атқарды.

2012 жылдың қарашасында «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ Басқарушы директоры, одан соң Бизнесті дамыту жөніндегі бас директор – Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Қазіргі кезде Қордың және ЕТҰ-лардың ақшаны басқару, инвестициялық қызмет және корпоративтік басқару саласындағы саясатты дамыту, қалыптастырудың жалпы тұжырымдамасын айқындайды, оның ішінде Қор мен ЕТҰ-лардағы кредит беру, қарыз беру, кепілдік беру процестерін реттейтін саясаттардың іске асырылуын бақылауға жауап береді.

Қордың және ЕТҰ-лардың инвестициялық саясатын іске асыру, инвестициялық жобаларын тиімді басқару бойынша жұмысты ұйымдастырады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық комитетінің төрағасы, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС және «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС Қадағалау кеңестерінің төрағасы болып табылады.

## РАХМЕТОВ Нұрлан Құсайынұлы



Қаржы директоры – Басқарма мүшесі (2011 жылдың мамырынан бастап).

ҚР азаматы.

Білімі: жоғары.

Төмамдады: М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті.

Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1990 жылы ҚазКСР ҒА Математика және механика институтының кіші ғылыми қызметкері, одан соң Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің математикалық талдау кафедрасының аға оқытушысы ретінде бастады.

Әртүрлі кезеңде жеке секторда және мемлекеттік қызметте әртүрлі басқарушы лауазымдарда қызмет атқарды. «Қазақстан темір жолы» РМК Бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді, ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Талдау және болжау департаментін басқарды, кейін ҚР Мемлекеттік кіріс вице-министрі және Қаржы вице-министрі лауазымдарына тағайындалды.

## СӘРСЕНБАЕВ Талғат Есеналиевич



Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директор – Басқарма мүшесі (2012 жылғы мамырдан бастап)

ҚР азаматы.

Білімі: жоғары заң.

КСРО ИМ Қарағанды жоғары мектебін; Executive MBA Nazarbayev University (Graduate School of Business) бітірген.

Заң ғылымдарының докторы, профессор.

Тергеу бөлімшелерінде, Б. Бейсенов атындағы ҚР ИМ Қарағанды заң институтында кафедра бастығы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде бас сарапшы, ҚР Бас прокурорының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға көмекшісі, Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінде кеңесші, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының басшысы болып қызмет атқарды.

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партия жанындағы Құқықтық кеңестің мүшесі; Қазақстан Республикасы Жоғарғы соттың Ғылыми-консультациялық кеңесінің мүшесі; Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомстворалық комиссияның мүшесі; Қазақстан Республикасы

2003 жылдан бастап «ҚазТрансГаз» ЖАҚ және «Intergas Central Asia» ЖАҚ бас директорының орынбасары, сондай-ақ «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді. 2006 жылдың қаңтарынан ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы лауазымына ауысты.

2008 жылдың қарашасында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры лауазымына, ал 2011 жылдың мамырында «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы директоры – Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.

Қазіргі кезде Қордың Қор мен Компаниялардың даму жоспарларын, Қор бюджетін жоспарлауды және орындалуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Қор активтерінің құрылымын оңтайландыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қордың бухгалтерлік және салық есебінің, шоғырландырылған қаржылық есептілігінің тәуелсіз аудиті процесінің ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің және «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі болып табылады.

Үкіметінің жанындағы Стратегиялық объектілер жөніндегі комиссияның мүшесі.

70-тен астам ғылыми еңбектің авторы.

Қордың құқықтық мәселелер бойынша, оның ішінде Трансформациялау бағдарламасын заңды сүйемелдеу, Қор қызметінің мәселелері бойынша ҚР заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша қызметін үйлестіреді.

Қордың органдары мен лауазымды тұлғаларының қарауына шығарылатын мәселелердің заңды сараптамасының жүзеге асырылуын; инвестициялық жобалардың, бірігу және қосылу жөніндегі мәмілелердің құқықтық сүйемелденуін және ішкі нормативтік құжаттардың келісілуін; шарттық жұмыстардың жүргізілуін; Қорды соттар мен төрелік соттарда Қордың мүдделерін қорғау мен өкілеттік етуін қамтамасыз етеді.

Қордың Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Парламентімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен, орталық мемлекеттік органдармен, өзге де органдармен және ұйымдармен өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша, оның ішінде Қор әзірлеген не оның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді келісу, қарау және қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

### 3.3. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2014 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

#### 3.3.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің, комитеттерінің жұмысы туралы есеп

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 13 отырысы (104-тен 116 аралығында отырыс), олардың ішінде 7 ішкі және 6 сыртқы отырыс өткізілді. Барлығы 120 мәселе қаралып, олар бойынша 180 шешім қабылданып, 45 тапсырма берілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы.

р/с №	ТАӘ, лауазымы	Қатысу (%-бен)
1	Мәсімов К. Қ. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы (ДК № 107 – № 116 отырысы)	100
2	Ахметов С. Н. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы (ДК № 104 – № 106 отырысы)	100
3	Орынбаев Е. Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі	77
4	Сұлтанов Б. Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі	92
5	Досаев Е.А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі	100
6	Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор	100
7	Мирчев А. В. – тәуелсіз директор	92
8	Н. Стейплтон – тәуелсіз директор	100
9	Шөкеев Ө. Е. – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы	100

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 104 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры Н. Стейплтон «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің және Аудит жөніндегі комитетінің құрамдарына енгізілді.

Мемлекет басшысының «Самұрық-Қазына» АҚ-ға әлемдік деңгейдегі компанияларда жұмыс тәжірибесі бар біліктілігі жоғары мамандарды тарту бойынша тапсырмасына байланысты Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа ұйымдастыру құрылымы туралы және «Самұрық-Қазына» АҚ-ға шетелдік мамандарды тарту туралы мәселе қаралды.

Сондай-ақ, Қордың операциялық моделін өзгертуге және жауа ұйымдастыру құрылымын енгізуге байланысты Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының сандық құрамы 6 (алты) адам болып белгіленді.

Сондай-ақ есепті кезеңде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 14 отырысы (11 ішкі, 3 сыртқы), «Самұрық-Қазына» АҚ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 5 ішкі отырысы және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 2 сыртқы отырысы өткізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес белгіленген тәртіппен «Тау-Кен Самұрық» АҚ жарғылық капиталына кейіннен беру үшін Қызылорда облысында Шалқия кенорнында жер қойнауын пайдалану құқығын иеленетін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ жай акцияларының 100%-ын және «Қазақстанның атом электр станциялары» АҚ жай акцияларының 100%-ын сатып алды.

Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес мыналар:

- Қазақстан Республикасының экономикасын және қаржылық жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шараларды іске асыруға бөлінген қаражат есебінен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қарыз беру;
- «ҚазМұнайГаз-ҚМ» АҚ-ның «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС пайдасына кредит (қарыз) беру;
- Астана қ. әкімдігінің уәкілетті ұйымы – «Елорда даму» ЖШС-ның ҚР Ұлттық қорының қайтарымды қаражатынан

Астана қаласы авариялық тұрғын үйлерін бұзу бойынша пилоттық жобаны іске асыруға кредит беруі мақұлданды.

Директорлар кеңесі мынадай құжаттарға:

- «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларға;
- бекітуі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы тобының ішкі кредиттік саясатына;
- Әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің нормативтеріне;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Халықаралық консультациялық кеңесі туралы ережеге;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу қағидаларына;
- «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелді басқару қағидаларына;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасына және мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарына;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей және жанама түрде меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларды бекітті.

Директорлар кеңесінің шешімдерімен:

- «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы ереже;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың активтері мен объектілерін қайта құрылымдау саясаты;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың активтері мен объектілерін өткізудің бірыңғай қағидалары;
- Жаңа редакциядағы инвестициялық саясат;
- Консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясат;
- «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жыл ішіндегі жылдық есебі бекітілді.

Директорлар кеңесі ішкі отырысының 2014 жылғы 28 мамырдағы № 110 шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ тобы іске асыратын ірі инвестициялық жобалардың тізімі айқындалды.

Директорлар кеңесі қызметтің белгіленген негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау шеңберінде жыл сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің және Басқарманың қызметіне бағалау жүргізеді.

Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес басқарушы қызметкерлерге 2013 жыл ішінде нақты жұмыс істелген уақытты ескере отырып, 2013 жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар төленді, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасы мен мүшелері және «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2014 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіш карталары, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының және мүшелерінің 2014–2016 жылдарға арналған қызметінің ұзақ мерзімді көрсеткіштері бекітілді.

Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің қызметін бағалау толық сыртқы бағалау түрінде жүргізілген жоқ. Бұл ретте, Қордың корпоративтік басқаруын диагностикалау шеңберінде «Прайс-уотерхаусКуперс» ЖШС халықаралық консалтингтік компаниясы Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің жекелеген салаларына бағалау жүргізді.

Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына мынадай мәселелер шығарылды:

- 1) «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілігін, таза кірісті бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауды бекіту және бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту туралы;
- 2) «БТА Банк» АҚ акцияларын иеліктен шығару туралы;
- 3) «Қазкоммерцбанк» АҚ акцияларын иеліктен шығару туралы;
- 4) «Альянс Банк» АҚ акцияларын иеліктен шығару туралы;
- 5) «KTZ Express» АҚ сенімгерлік басқаруына «Атырау халықаралық әуежайы», «Ақтөбе халықаралық әуежайы», «Павлодар әуежайы» акционерлік қоғамдары акцияларының 100% беру туралы;
- 6) «Самұрық-Қазына» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы;
- 7) «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру шеңберінде бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында орналастырылатын «KEGOC» АҚ жарияланған жай акцияларын орналастыру бағасын, санын және құрылымын айқындау туралы;
- 8) «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қатысуымен және іске асыру үшін кәсіпорындар тізбесін айқындаумен компанияларға талдау жүргізу туралы тапсырмаларын орындау үшін Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларының активтерін іске асыруға негізгі тәсілдемелер туралы мәселені қарастырды.

2014 жылғы 17 қыркүйекте Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында қаралған «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасын бекітті. Өз қызметінің және бақыланатын қоржынды компаниялар қызметінің ауқымды өзгерістер бағдарламасы инвестициялық және операциялық қызмет тиімділігін қажетті түрде арттыруды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Осы Бағдарлама «Самұрық-Қазына» АҚ бүкіл тобын трансформациялау үшін негізін және жалпы қағидаттарын қалыптастырады. Бағдарламаны іске асыру Қордың өзінің, оның қоржынды компанияларының қызметінде, сондай-ақ Қор қызметіне қатысатын мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетіктерінде елеулі өзгерістерді талап етеді.

Кадр мәселелері шеңберінде 219 (екі жүз он тоғыз) адам санымен «Самұрық-Қазына» АҚ штат кестесі бекітілді.

Тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің есептерін, тәуекелдер бойынша есепті қарады.

2015 жылда Директорлар кеңесі мынадай құжаттар бекітілді: «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспары, «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық бюджеті, тәуекел-аппетиті, тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмыс жоспары.

#### 2014 жылы Комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы

р/с №	ТАӘ, лауазымы	Барлығы	Оның ішінде Ішкі	Оның ішінде Сыртқы	Қатысу (%-бен)
1	Ричард Эванс – Комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор	14-тің 14-і	11-дің 11-і	3-тің 3-і	100
2	Найджел Стэплтон – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі	14-тің 13-і	11-дің 11-і	3-тің 2-і	92,8
3	Александр Мирчев – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі	13-тің 3-і	0 из 11	3 из 3	21,4

Жыл бойы Аудит жөніндегі комитет ішкі аудиттің бірқатар мәселелерін қарады, сондай-ақ Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес, оның ішінде мыналарға қатысты жүргізілген тексерулер бойынша жасалған аудиторлық есептерді зерттеді:

- Қордың ішкі бақылаулар жүйесін бағалау;
- ақпараттық технологиялардағы инвестициялардың тиімділігін талдау және бағалау;
- адам ресурстарын басқару жүйесінің аудиті: ҚНҚ қою және есебі;
- даму жоспарларын құрастыру және топтастыру процесінің ішкі бақылауларына шолу.

Жыл ішінде Аудит жөніндегі комитет синергияға негізделген аудиттің АТ бойынша бастамалары шеңберінде құрастырылған аудиторлық есептерді де қарады.

Тұтастай алғанда, Қордың Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 102 хаттамалық шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің 2014 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті.

#### Аудит жөніндегі комитет

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Қордың қаржылық есептілігінің, ішкі бақылау жөніндегі саясатының және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есеп берудің тиімділігіне талдау жасағаны үшін жауапты болып табылады. Сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет Қордың жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерінің біртұтастығын қадағалап, сыртқы аудиторлармен байланысты, соның ішінде олар жүзеге асыратын аудиторлық емес қызметтердің көлемі, деңгейі мен құны бойынша бақылап отырады, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің рөлін және оның жұмысының тиімділігін бақылайды.

2014 жылы Аудит жөніндегі комитет небәрі 14 отырыс, оның ішінде 2013 жылы өткізген 6 отырыспен, оның ішінде 1 ішкі отырыспен салыстырғанда, 11 ішкі отырыс өткізді. Аудит жөніндегі комитет отырыстарының, оның ішінде ішкі отырыстарының санын біршама ұлғайту және сапасын жақсарту тәуелсіз директор – Найджел Стэплтон мырзаны Аудит жөніндегі комитеттің құрамына енгізумен түсіндіріледі.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі және 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі Қордың қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау мәселелері де қаралды. Сыртқы аудитормен кездесу барысында Аудит жөніндегі комитет Қор тобы бойынша аудит нәтижелерін және ішкі бақылаулар жүйесіне жатқызылған ортаға қатысты сыртқы аудитордың есебін егжей-тегжейлі қаралды.

Аудит жөніндегі комитет Қор тобы компанияларының сыртқы аудиторларымен анықталған қаржылық есептілікті дайындау процесінде елеулі жетіспеушілікті жою жөніндегі іс-шаралардың бірыңғай жоспарын мақұлдады. Бірыңғай жоспарды орындау мәртебесі бірнеше рет Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында қаралды.



Осыдан басқа, Аудит жөніндегі комитет жыл бойы құжаттарды Қордың Директорлар кеңесінің қарауына кейіннен шығарардың алдында Қордың Тәуекелдерді басқару жүйесінің құжаттары қарастырылды, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер зерттелді.

Аудит жөніндегі комитет те корпоративтік басқаруға, қазынашылықтың жаңа моделінің жүйесіне және трансформациялауға байланысты мәселелер қаралды.

**Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет**

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылды:

- 1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамдарына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту;
- 2) Директорлар кеңесі үшін тәуелсіз директорлар сыйақысын, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшыға Қордың

мақсаттарына, міндеттеріне және ағымдағы ережесіне және ұқсас компаниялардағы қызметтің түрі мен ауқымы бойынша сыйақы деңгейіне сәйкес еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын белгілеу туралы ұсыныстар жасау.

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) 5 ішкі отырысы өткізілді. Барлығы 10 мәселе қаралды.

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Комитеттің құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

1. Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен (№ 107 хаттама) Директорлар кеңесінің төрағасы К.Қ. Мәсімов Комитеттің төрағасы болып тағайындалды.
2. Қордың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен (№ 104 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры Н. Стейплтон Комитеттің құрамына енгізілді.

**Комитет мүшелерінің 2014 жылғы отырыстарға қатысуы**

р/с №	ТАӘ, лауазымы	Қатысу (%-бен)
1	Мәсімов К. Қ. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитеттің төрағасы (№ 11, № 12 және № 13 Комитеттің отырыстары)	100
2	Ахметов С. Н. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитеттің төрағасы (№ 9 және № 10 Комитеттің отырыстары)	100
3	Сэр Р. Эванс – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі	100
4	Мирчев А. В. – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі	100
5	Стейплтон Н. – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі	100

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысына сәйкес К. Қ. Мәсімов «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі сыртқы отырысының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 107 шешіміне сәйкес Комитеттің төрағасы болып тағайындалды.

Сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 1493 қаулысымен Н. Стейплтон тәуелсіз директор ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 104 шешіміне сәйкес Комитеттің құрамына енгізілді.

Тұтастай алғанда, Комитеттің отырыстары тұрақты негізде Комитеттің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 9 хаттамалық шешімімен бекітілген Комитеттің 2014 жылға арналған

Жұмыс жоспарына сәйкес өтті. Комитеттің отырыстарында мынадай 8 мәселе қаралды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2013 жыл ішіндегі қызметі туралы есебі жөнінде;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2014 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы туралы мәселені Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлері үшін 2013 жыл ішіндегі нақты мәндерімен қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНҚ) және 2013 жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар мөлшерлерін бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлерінің

- 2014-2016 жылдарға арналған ұзақ мерзімді ҚНҚ бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Бақсарма төрағасына және мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Барлық мәселелер бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің тиісті хаттамалық шешімдері қабылданды, Комитеттің ұсыныстары және/немесе ұсынымдарының ауытқулары болған жоқ. 2014 жылы Комитет Директорлар кеңесіне «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі қолдаған 10 ұсыным берді.

#### Мамандандырылған комитет

Директорлар кеңесінің жанындағы Мамандандырылған комитет қызметі шеңберінде олардың Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, республикалық бюджеттің қаражатын пайдалануға байланысты мәселелерді, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін қоспағанда, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың экономиканы немесе экономиканың жеке алынған саласын да-

мытуға арналған қызметке ықпалын кешенді әрі объективті талдау жүзеге асырылады.

2014 жылы Мамандандырылған комитет 2 ішкі отырысы өткізіліп, онда мынадай мәселелер қаралды:

- Қор тобы ұйымдарының («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «КЕГОК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ) қызметін кешенді талдау нәтижелері бойынша тексеру тобының есептері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің 2014 жылға арналған жұмыс жоспарын мақұлдау туралы;
- Есеп комитетінің тапсырмасын орындау үшін тексеру тобын құру туралы;
- 2011–2013 жылдар ішіндегі акционердің пайдасына өзге бөлулер мәселесі бойынша «ҚазМұнайГаз» АҚ тексерісінің қорытындыларын қарау туралы және 2014 жылғы 26 шілдедегі Тексеру актісінде көрсетілген ескертулерді жою жөніндегі шаралар туралы.

Барлық қалған мәселелер бойынша тиісті хаттамалық шешімдер қабылданды.

#### Комитет мүшелерінің 2014 жылғы отырыстарына қатысу

р/с №	ТАӘ, лауазымы	Қатысу (%-бен)
1	Сұлтанов Б. Т. – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100
2	Сәрсенқұлов Ж. С. – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі, дауыс құқығы бар сарапшы	100
3	Рахметов Н. Қ. – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі, дауыс құқығы бар сарапшы	100
4	Боранғалиева М. М. – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және жоспарлау департаментінің директоры, дауыс құқығы бар сарапшы	50
5	Мыңшәріпова С. Н. – «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры, дауыс құқығы бар сарапшы	100
6	Молдашев А. Т. – ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті төрағасының орынбасары, дауыс құқығы бар сарапшы	100
7	Исенов А. С. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бюджеттік кредит беру және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық секторымен өзара іс-қимыл департаментінің директоры, Комитеттің тұрақты мүшесі – дауыс құқығы бар сарапшы	50
8	Қияқбаева А. Б. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттік меншігіндегі объектілерін басқару тиімділігін мониторингілеу басқармасы басшысының м.а., дауыс құқығы бар сарапшы	50

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Мамандандырылған комитеттің (бұдан әрі – Комитет) қызметі Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№ 110 хаттама) бекітілген Комитеттің 2014 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Комитеттің 2014 жылға арналған жұмыс жоспары Комитет қызметінің шеңберінде 2011–2013 жылдар ішіндегі акционердің пайдасына «Самұрық-Қазына» АҚ өзге бөлулеріне тексеру жүргізуді көздейтін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 35-Қ қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жасалды. Комитет бекіткен «2011–

2013 жылдар ішінде акционердің пайдасына өзге бөлулер бөлінісінде тексеруге жататын ұйымдардың тізбесіне» сәй-

кес жалпы сомасы 112 656 млн теңгеге объектілер және ұйымдар бойынша тексерулер жүргізілді, оның ішінде:

Атауы	Сомасы, млн теңгемен
<b>«Самұрық-Қазына» АҚ, оның ішінде:</b>	<b>8 877</b>
«Нұрлы Астана» КҚ	4 096
«Қазақстанның футбол федерациясы» ЗТБ	3 445
«Рухани бірлік қоры» қоғамдық қоры	1 336
<b>«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, оның ішінде:</b>	<b>63 496</b>
Астана қаласында телерадиокешен салу	31 797
Астана қаласында Мұз сарайын салу	25 006
Спорт, әлеуметтік-мәдени іс-шаралар	4 628
БҚО, Маңғыстау облыстарының әкімдіктеріне қайырымдылық көмек	2 065
<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, оның ішінде:</b>	<b>40 283</b>
Астана қаласында мұражай салу	29 801
Мәскеу қаласында Дүниежүзілік көрме орталығы	9 844
Спорт, әлеуметтік-мәдени іс-шаралар	638
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>112 656</b>

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесі Комитеттің құрамына өзгерістер енгізді:

1. Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 28 мамырдағы (№ 110 хаттама) шешімімен Комитеттің мүшесі И. Я. Фишердің өкілеттілігі тоқтатылды, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттік меншіктегі объектілерді басқару тиімділігін мониторингілеу басқармасы басшысының міндетін атқарушысы болып А. Б. Қияқбаева тағайындалды.
2. Қордың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен (№ 115 хаттама) Комитеттің мүшесі – Есеп комитетінің мүшесі Ж.С. Сәрсенқұловтың өкілеттігі тоқтатылды. Комитет мүшесі – дауыс құқығы бар сарапшы болып Есеп комитетінің мүшесі А. М. Мұхаметкәрім тағайындалды.

#### Халықаралық консультациялық кеңес

Халықаралық консультациялық кеңес «Самұрық-Қазына» АҚ, тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының, халықа-

ралық ынтымақтастық мәселелер бойынша ұсыныстарын әзірлеу және беру мақсатында құрылды, оның ішінде мынадай мәселелер бойынша:

- Қордың және жалпы алғанда Қазақстан Республикасының халықаралық, сыртқы экономикалық және геосаяси байланыстарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ және жалпы алғанда Қазақстан Республикасының, сондай-ақ халықаралық аренадағы олардың ресми өкілдерінің инвестициялық климатын жақсартуға және оң имиджін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- Қазақстан Республикасы экономикасын дамыту және әртараптандыру бойынша стратегиялық шешімдерді қабылдау және іске асыру саласында «Самұрық-Қазына» АҚ үшін ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

2014 жылы Кеңес отырыстар өткізіп, онда Кеңестің құзыретіне сәйкес мәселелер қаралды.

### 3.3.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының жұмысы туралы есеп

2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Басқармасының 59 отырысы, олардың ішінде 21 ішкі және 37 сыртқы отырыс өткізілді.

Қор Басқармасымен есепті кезең ішінде барлығы Қор мен оның еншілес компаниялары қызметінің әртүрлі аспектілеріне қатысты **454 мәселе қаралды**.

Қарастырылып отырған кезең ішінде Қордың Басқармасы қабылдаған шешімдердің арасында мыналарды атап көрсетуге болады:

#### 1. Қордың тобы:

- «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ акцияларының 100%-ын сатып алу туралы;
- «БТА Банк» АҚ акцияларын иеліктен шығару және «Қазкоммерцбанк» АҚ-ға қатысты Опциондық келісімге өзгерістер енгізу туралы» мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «БТА Банк» АҚ акцияларын сатып алу-сату мәмілелерін жабу туралы келісім жасау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Трансформациялау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерге қатысу кезіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша корпоративтік стандартты бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына қаржылық есептілікті дайындау процестеріндегі жетіспеушіліктерді жою жөніндегі іс-шаралардың бірыңғай жоспарын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы қызметкерлерінің 2013 жыл ішіндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Трансформациялау тұжырымдамасын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобындағы жекешелендіру мәселелері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілігін, таза кірісті бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауды бекіту және бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту туралы;
- «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізу қағидалары туралы;
- мемлекетке «Тараз химия паркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамының дауыс беретін акцияларының 26%-ын иеліктен шығару туралы;

мының дауыс беретін акцияларының 26%-ын иеліктен шығару туралы;

- «KTZ Express» АҚ сенімгерлік басқаруына «Атырау халықаралық әуежайы», «Ақтөбе халықаралық әуежайы», «Павлодар әуежайы» акционерлік қоғамдары акцияларының 100%-ын беру туралы;
- бір көзден тәсілімен «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде ақпараттық-түсіндіру науқанын ұйымдастыру және жүргізу бойынша қызметтерді сатып алу туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларының активтерін өткізу бағдарламасын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін заңды тұлғалардың меншікті капиталы құнының көрсеткіштер мәнін бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол карталарын бекіту туралы;
- Қытайдың Мемлекеттік электр желілік корпорациясы және «Самұрық-Қазына» АҚ арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім жасау туралы.

#### 2. Құжаттарды алдын ала мақұлдау және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығару:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасын мақұлдау туралы;
- «Консультациялық қызметтерге қатысу кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясатты бекіту туралы» мәселені «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесіне қарауға шығару туралы;
- «KMG Automation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құруды мақұлдау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексін «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ штаттық санын бекіту туралы» мәселені «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- 2014 жылғы 9 ай ішіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2014–2018 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесіне хабарлау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы туралы мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы.

#### 3. Қордың нормативтік-құқықтық базасын құру:

- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың инвестициялық жобаларының тәуекелдерін бағалау және басқару әдістемесін бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының өзге активтерін есепке алу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 34/14 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдарға 2014 жылы өткізілуге жататын активтер тізбесіне өзгерістер енгізу туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерге қатысу кезіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша корпоративтік стандартты бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ақпаратты ашу саясатын бекіту туралы;
- жаңа редакцияда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамдары еншілес ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингілеу қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлерінің қызметін бағалаудың жаңа қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 12 желтоқсандағы № 33 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізу қағидаларына толықтырулар енгізу туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымдарында орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру тәртібін бекіту туралы;
- Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы ережені бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің дербес деректерін қорғау туралы ережені бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының бухгалтерлік есеп және есептілік қызметкерлерінің кәсіби дамыту қағидадарын бекіту туралы.

#### **4. Президенттің, Премьер-Министрдің тапсырмалары бойынша және Демеушілік пен қайырымдылық көмектің жалпы жоспары шеңберінде демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету:**

- «Болашақ» корпоративтік қоры;
- «Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі;
- «Еуразиялық медиа форум» халықаралық қоры» корпоративтік қоры;
- «Мемлекеттік тілді дамыту қоры» корпоративтік қоры;
- «ҚР Ұлттық спорт түрлерінің қауымдастығы» ЗТБ;
- «ҚР Волейбол федерациясы» қоғамдық бірлестігі;
- «Ұлы Дала Қырандары» республикалық қоғамдық бірлестігі – қоғамдық әлеуметтік-мәдени қозғалыс;
- «Қасиетті Жол» Жеке меншік қайырымдылық қоры» жеке меншік қоры;
- «Самұрық-Қазына» АҚ «Әлеуметтік әріптестік орталығы» корпоративтік қоры;
- «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» корпоративтік қоры;
- спорттың жекелеген түрлерін қолдау мақсатында «СК-Астана» корпоративтік қоры.

#### **Қор Басқармасының құрамы:**

Кадр мәселелері шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 14 наурыздағы (№ 105 хаттама) шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының сандық құрамы 6 (алты) адам болып белгіленді.

Қордың Директорлар кеңесінің жоғарыда көрсетілген шешімімен Бизнесті дамыту жөніндегі бас директор Берік Тұрсынбекұлы Бейсенғалиев «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің келесі құрамы әрекет етеді:

**Шөкеев** – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы; **Е. Л. Бахмутова** – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары; **Д. И. Ертебай** – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары; **Б. Т. Бейсенғалиев** – «Самұрық-Қазына» АҚ Бизнесті дамыту жөніндегі бас директор – Басқарма мүшесі; **Н. Қ. Рахметов** – «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы директоры – Басқарма мүшесі; **Т. Е. Сәрсенбаев** – «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директоры – Басқарма мүшесі.

### 3.3.3. Заң шығармашылығы қызметі

Заң шығармашылығы қызметі шеңберінде 2014 жылы Қор мынадай жұмыс жүргізді.

**«Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұйымдардың корпоративтік басқаруын және қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы)**

Аталған жоба «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы Ө. Е. Шөкеевтің «Самұрық-Қазына» АҚ ірі компанияларының тәуелсіз директорларымен кездесуінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 72-ө хаттамасының 3-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Самұрық-Қазына» АҚ-ның міндеті – корпоративтік басқаруды жақсарту» деп атап өткен 2013 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысын іске асырумен жүргізілген «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ө. Е. Шөкеевте өткен жұмыс кеңесінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы хаттамасының 2.1-тармағын орындау үшін әзірленді.

Жобаны әзірлеу мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ө. Е. Шөкеевтің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 112-ө бұйрығы негізінде жұмыс тобы құрылды, оның құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының, Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығының өкілдері кірді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасына мынадай өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді көздейді:

- 1) «жария емес компания» ұғымын енгізу, олардың қызметін оңайлату бөлігінде «жария емес» компаниялар үшін заңнаманың кейбір нормаларын алып тастау;
- 2) «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларының қызметімен байланысты проблемаларды шешуге және құқық қолдану практикасындағы қиындықтарды жоюға бағытталған еншілес және тәуелді ұйымдардан түскен түзетулер.

Заң жобасының тұжырымдасы және оған салыстырмалы кесте, сондай-ақ Қордың ҚР заңнамасына түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстары:

- Қордың 2014 жылғы 29 мамырдағы № 10-1-30-10/2095 хатымен ҚР Ұлттық Банкінің атына (бұдан әрі – ҰБ) жіберілді, осыған байланысты ҰБ ҚР кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ҚР заң жобасының әзірлеушісі болып айқындалған (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 643 қаулысымен бекітілген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын енгізу және Көден одағы шеңберінде инвестициялық бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту жөніндегі кешенді жұмыс жоспарының 1-тармағын орындау үшін).

**Қор тобы мүдделерін қозғайтын заң жобаларын әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органдардың жанындағы жұмыс тобына қатысу**

1. Қордың өкілдері ҚР Есеп комитетінің Қор тобы қызметінің тиімділігін бағалау бойынша құзыретін алып тастау бөлігінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңының жобасы шеңберінде Қор тобының мүдделерін қоғрауға белсенді қатысты.
2. ҚР Өңірлік даму министрлігі жанындағы жұмыс тобының шеңберінде, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрінің Кеңесіне заң жобасының нормаларын пысықтау кезінде «Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу туралы» (Yellow Pages) ҚР Заң жобасын әзірлеуге қатысты. Бұдан басқа, Қордың өкілдері аталған заң жобасын ҚР Парламенті Мәжілісінде қарау жөніндегі жұмыс тобына кіреді.
3. Қордың өкілдері Қор тобының мүдделеріне қысым жасауға жол бермеу және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының жекелеген нормаларын ықтимал өзгерту мақсатында «Ұлттық басқарушы холдингтер туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу бойынша ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанынан құрылған жұмыс тобының қызметіне қатысты.
4. Құқықтық блоктың қызметкерлері корпоративтік басқару саласында Қазақстан Республикасы заңнамасын қайта реформалау жөніндегі жоба (ЕҚДБ жобасы) шеңберінде Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жанынан құрылған Техникалық комитет пен Басқарушы комитет мүшелері болып табылады.
5. Қазіргі уақытта Қордың қызметкерлері ҚР Әділет министрлігі жанындағы жұмыс тобына мүшелік ету жолымен «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу бойынша жұмысқа қатысуда.

**ҚР Үкіметі жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметіне қатысу**

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі № 1376 қаулысына сәйкес Комиссияның құрамына Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директор – Қордың Басқарма мүшесі Т. Е. Сәрсенбаев кіреді.

Осыған байланысты, ҚР заңнамасына түзетулер енгізуді бақылау мақсатында Заң блогы Комиссия отырысына шығарылатын заң жобаларының тұжырымдамаларын қарау бойынша жұмысты үнемі жүргізуде.

## 3.4. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

### 3.4.1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы мүшелерінің сыйақысы туралы ақпарат

Қор Басқармасы мүшелеріне сыйақы беру Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы және мүшелерінің еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарына сәйкес жүзеге асырылады және лауазымдық жалақыны, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай біржолғы сыйлықақыны, сондай-ақ жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды.

Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы қол жеткізген табыс және жұмыс тиімділігін арттырғаны үшін материалдық көтермелеу мақсатында қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Қор Басқармасының төрағасы және оның мүшелерінің қызметін бағалауды Қордың Директорлар кеңесі қызметтің уәжделген негізгі көрсеткіштерін (ҚНҚ) қолдану жолымен жүргізіледі.

Қор Басқармасы төрағасының және оның мүшелерінің уәжделген ҚНҚ Қордың стратегиялық мақсаттарын бизнес-процестер/қызметтің бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге каскадтау жолымен Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті (бұдан әрі – ТСК) әзірлейді және Қордың Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Есепті жыл ішінде шоғырландырылған қорытынды пайданың бар болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

Қор Басқармасының төрағасына және мүшелеріне сыйақы Қордың Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде Қордың Директорлар кеңесі белгілеген сыйақының шекті мөлшерлері шеңберінде жылдық аудиттелген қаржылық есептілік негізінде ТСК ұсынымдарын ескере отырып төленеді.

### 3.4.2. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің сыйақысы туралы ақпарат

Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы және шығыстар өтемақысын төлеу Қордың Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№ 18 хаттама) бекітілген Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы және шығыстар өтемақысын төлеу қағидаларына және тәуелсіз директорлармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің ішкі отырыстарына қатысқаны үшін тіркелген сыйақы және қосымша сыйақы төленеді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мынадай талаптарды:

- 1) Қордың мүдделерін үлкен дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланумен Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғысының және Қордың ішкі құжаттарының шешімдерін қабылдаған кезде басшылық жасауды;
- 3) ауырып қалған, демалыс, іссапарды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесі отырыстарына қатысуды орындаған кезде жүзеге асырылады.

### 3.5. ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2014 жыл ішіндегі Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес Акционерге 2013 жылғы қызметтің қорытындылары бойынша 9,1 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төленді.

Бұдан басқа, ҚЕХС бойынша Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес есепті кезеңде Акционерге өзге бөлулер 94 млрд теңгені (2013 ж.: 147,5 млрд теңге) құрады, атап айтқанда:

1) ҚР Үкіметінің өкімі бойынша әлеуметтік, мәдени-көпшілік және спорт іс-шараларын қаржыландыру үшін 33,3 млрд теңге (2013 ж.: 8,9 млрд теңге) сомаға *демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілді*, атап айтқанда: имидждік іс-шаралар және Сочи қаласындағы 2014 ж. қысқы Олимпиада ойындарында спортшыларды қолдау, VII Астана экономикалық форумын, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесті өткізу үшін Қазақстан делегациясының сапарларын өткізу; «Назарбаев университеті» ДБҰ, «Астана қаласы Футбол федерациясы» ЗТБ Қазақстанның Футбол федерациясы қауымдастығы» ЗТБ 2014 жылы өртке қарсы құтқару спорты бойынша Әлемнің 10 чемпионатын қаржылық қамтамасыз ету; «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубының («Астана», ХК «Барыс», ФК «Астана» велокомандасының, футбол федерациясының қызметін қамтамасыз ету үшін) жобаларын қамту және дамыту; Алматы қаласында 2022 жылы Қысқы Олимпиада ойындарын өткізу құқығын мәлімдеуші компанияның Алматы облысында ауыр атлеттер үшін мамандандырылған спорт-жаттығу базасын салуды қаржыландыру, «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысу шарттары мен тәртібін түсіндіру жөніндегі іс-шаралар. 2014 жылы Акционерге өзге бөлулер 0,6 млрд теңге сомаға түзету жасалды.

2) *объектілерді салу және беру шеңберінде:*

- құрылыс салуға тиісті қосымша шарт сомасына тең 23,6 млрд теңге сомаға көп функционалды мұз сарайын салу бойынша Акционердің алдында қосымша өзгертілмейтін міндеттемені қабылдады;
- Концерт залын (Хореография театрын) салуды 10,8 млрд теңге сомаға қаржыландыру бойынша Акционердің алдында қосымша өзгертілмейтін міндеттемені қабылдады;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі және Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге сәйкес Қор Қырғыз Республикасында мектеп салуға 1,2 млрд теңге мөлшерінде қаражат бөлді;
- Астана қаласында балабақшалар және «Жастар» сарайын салуға 2,5 млрд теңге және тиісінше 1,1 млрд теңге мөлшерінде резерв танылды;
- Мәскеу қаласында Көрме орталығын қайта жөндеуге 2,98 млрд теңге мөлшерінде резерв және Астана қаласында Қазақстанның тарих мұражайын салуға 2,1 млрд теңге мөлшерінде резерв іріктелді;
- Маңғыстау облысының әкімдігіне әлеуметтік мақсаттағы объектілерді 0,3 млрд теңге сомаға өтеусіз беру бойынша міндеттемелер қабылдады.

3) *«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) 49%-дық қатысу үлесін сатып алуы*

- Акционердің тапсырмасы бойынша ҰТМ-дағы қатысу үлесінің 49%-ын сатып алды. ҚТМ таза активтерінің сатып алу құны мен әділ құны арасындағы айырмашылық, сондай-ақ ҚТМ-да бұрыннан қолда бар 51%-дық қатысу үлесін қайта бағалау сомасы 26,9 млрд теңге соманы құрады.



### 3.6. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

Қордың жарияланған акцияларының саны 3 500 000 000 дана жай акция. Есепті кезеңнің басында Қордың орналастырған акцияларының саны 3 481 602 341 дананы құрайды. Есепті кезеңде барлығы 21 393 дана жай акция орналастырылды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 481 623 734 дана акция орналастырылды, еркін айналымда тұрған акциялардың саны 18 376 266 дана.

#### **Ақшалай қаражат жарналары**

2014 жылы Акционер Қордың жарғылық капиталына 103,9 млрд теңге мөлшерінде ақшалай қаражат жарнасын жүзеге асырды. Осы қаражат Қордың еншілес ұйымдары жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған.

#### **Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің жарналары.**

2014 жылғы 28 қарашада Акционер Қорға әділ құны табыстау күнінде 0,15 млрд теңгені құраған «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ-ға 49% мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакетін берді. Қазақстан Республикасы экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2014 жылғы 31 қаңтардағы шешіміне сәйкес акциялардың осы пакеті кейіннен «Біріккен химия компаниясы» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына беруге жатады.

Тиісінше, Қор осы активті еншілес ұйымға инвестициялар құрамымен жіктеді.

2014 жылы 15 желтоқсанда Қорға әділ құны табыстау күнінде 13,7 млрд теңгені құраған «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ-ға 43,65% мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакеті берілді.

#### **Мүлік жарналары**

2014 жылы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың жарғылық капиталына Қостанай облысында және Батыс Қазақстан облысында тұрған газ құбырлары түріндегі жалпы сомасы 10,6 млрд теңгеге жарнаны жүзеге асырды.

2014 жылы Акционер Қордың жарғылық капиталына Ақтөбе қаласында тұрған мүліктік-техникалық кешендер және жер учаскелері түріндегі мүлікті, Ақжар-2 тұрғын алабын жалпы сомасы 7,4 млрд теңгеге жарнаны жүзеге асырды.

Есепті кезеңде барлық мәмілелер акциялардың бастапқы орналастыруы бойынша жүргізілді.

### 3.7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қор компаниялары тобының тұрақты дамуын қамтамасыз ету, корпоративтік шешімдер қабылдау мақсатында бағдарланған тәуекел тәсілін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Қордың тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

**тұтастық** – Қор тобының жиынтық тәуекел элементтерін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде қарау;

**ашықтық** – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес не жеке жүйе ретінде қарастыруға тыйым салу;

**құрылымдығы** – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;

**хабардар болуы** – тәуекелдерді басқару объективті, расталған және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;

**үздіксіздігі** – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;

**циклдығы** – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі құрамдауыштарының үнемі қайталанып отыратындығын білдіреді. ежел-менеджмент Қордың және оның еншілес ұйымдары қызметінің ажырамас құрамдауышы болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингiлеуге, сондай-ақ Қордың және оның компанияларының құны мен беделіне теріс ықпалын тигізуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша шараларды қабылдауға бағытталған.

Қорда жыл сайынғы негізде тәуекел-аппетит бекітілуде, негізгі тәуекел көрсеткіштері және толеранттылық деңгейлері, шоғырландырылған негізде Қордың сыни тәуекелдерінің тізімі және картасы жаңартылуда. Сыни тәуекелдерді басқару үшін оларды басқару жөніндегі жоспар бекітілді. Қордың менеджменті қызметті жүзеге асыру кезінде тұрақты негізде тәуекелдерді ескереді және қайтымсыз салдарларды болдырмау үшін шешімдер қабылдануда.

Тәуекелдер, тәуекелдердің карталары бойынша тоқсан сайынғы есептер және барынша маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлар еншілес ұйымдардың Директорлар кеңестерінің/Қадағалау кеңестерінің қарауына шығарылады.

Тәуекел-мәдениетті арттыру мақсатында жыл сайынғы негізде Қордың тәуекел-координаторларын оқыту және тестілеу жүргізілуде, қажеттілігіне қарай құрамына еншілес ұйымдардың тәуекел-менеджерлері кіретін Тәуекелдер жөніндегі кеңестің отырыстары шақырылады. 2014 жылдың мамырында және

қарашасында компаниялардың тәуелсіз директорларымен кездесулер шеңберінде тәуекелдерді басқару саласындағы оқыту жүргізілді.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында, тәуекел-менеджмент жүйесі басқарудың басқа процестеріне ықпалдастырылған: стратегиялық жоспарлау, бюджеттеу және инвестициялық қызмет.

Қордың жалпы даму стратегиясын айқындау кезінде он жылдық кезеңде тәуекелдерді анықтау және бағалау бойынша жұмыс жүргізілуде, олар Қордың өзінің ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуіне әсерін тигізуі мүмкін.

Еншілес ұйымдардың даму жоспарларындағы бюджеттік жоспарлау шеңберінде іске асырылуы ҚНҚ орындауда көрсетілуі мүмкін тәуекелдер ескерілуде.

Қордың ДК бекіткен инвестициялық саясат шеңберінде әр инвестициялық жоба үшін тәуекелдер картасы жасалуда және тәуекелдерді митигациялау бойынша шаралар айқындалуда.

#### Ішкі бақылау жүйесі

Қордың ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру басқарушы холдинг ретінде Қор ішінде де, сондай-ақ еншілес ұйымдар деңгейінде де тиімді ІБК құруға бағытталған бақылау рәсімдері мен іс-шараларының іске асырылуын көздейді.

Ішкі бақылау жүйесі Қордың мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды кепілдікті қамтамасыз етуге және тиімділікті бақылауға арналған, атап айтқанда:

- тәуекелдерді басқару жүйесі, таңдаулы әлемдік практиктерге сәйкес құру активтердің сақталуын қамтамасыз етуге, акционерлік құнды арттыруға мүмкіндік береді;
- жаңа міндеттерді шешу үшін өндірістік және басқарушылық процестерді тез қайта жасай отырып, тәуекелдер процестерін, бақылау және басқару жүйесін ықпалдастыру қызметтің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, қауіптер мен мүмкіндіктерге уақтылы әсер етуге мүмкіндік береді;
- ішкі бақылаулардың болуы жоспарланып отырған жоспарлардан ауытқуға уақтылы әсер етуге мүмкіндік береді, мақсаттарға қол жеткізу сенімділігі деңгейін, басқару сапасы мен тиімділігін арттыра отырып, мінсіздік этикасын қолдайды.

Қор тұрақты негізде бірыңғай тәсілдерді пайдаланумен ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Бизнес-процестерді қайта инженерингiлеу шеңберінде 2015 жылы Қор ішкі бақылау жүйесін күшейтуді қамтамасыз етеді.

### **Төменде тәуекелдердің толық тізбесі келтіріледі.**

#### **Рұқсат етілмеген митинглер, ереуілдер, өңірлерде әлеуметтік тұрақсыздықтың шиеленісуі**

Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелін азайту мақсатында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуде, оның ішінде: өндірістік ұжымдармен бірінші басшылардың жыл сайынғы кездесулері, басшылық пен ұжым арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, өндірістерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, басшылықтың өндірістік объектілердің еңбек ұжымдарымен кездесулері.

Бұдан басқа, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің озық тәжірибесін жинақтау үшін Әлеуметтік әріптестік орталығы жұмыс істейді. Қордың тапсырмасына сәйкес Әлеуметтік әріптестік орталығы әлеуметтік-еңбек даулары мен қақтығыстарын болжау және ескерту шеңберінде Қор компаниялары тобының әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бойынша ауқымды зерттеу жүргізді. 2014 жылы Әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің жиынтық көрсеткіші 2013 жылмен салыстырғанда 12%-ға өсті және 70%-ды құрады. Қордың барлық Компанияларының әлеуметтік тұрақтылық рейтинг көрсеткіштері жақсарды. 2013 жылмен салыстырғанда біршама өскеніне қарамастан, өндірістік қызметкерді тарту индексі тұрақтылық аймағына жетпеді және тәуекел аймағында қалды, бұдан еңбек қатынастары саласындағы жұмысты күшейту қажет болады.

#### **Қор беделінің залалы**

Бедел залалының тәуекелі Қордың негізгі тәуекелі болып табылады. Осы тәуекел салдарларын азайту бойынша шаралар ретінде Қор мыналарды алдын ала қабылдайды:

- ақпараттық өрістің тұрақты мониторингін, дәлелді базаны дайындау, әлеуметтік-экономикалық ортаны болуы мүмкін өзгерістеріне жұртшылықты дайындау үшін ақпараттық-имидждік іс-шаралар жүргізуді, іске асырылатын жобалар мен бастамаларға бейілділікті қамтамасыз ету жүргізіледі;
- сыртқы және ішкі сайттар жаңартылады және жандандырылады;
- еншілес ұйымдарға қатысты имидждік және коммуникациялық саясатты әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді;
- қызметкерлерді өзгерістермен таныстыру бойынша ақпараттық сессияларды, заңнама өзгерістерінің мониторингін жүргізеді;
- Іскерлік этика кодексінің, «Самұрық-Қазына» АҚ консультациялық қызметтерін тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша саясаттың, Қор тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерін тарту кезінде қақтығыстың алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарт нормаларының сақталуын қадағаланады.

#### **Инвестициялық тәуекел**

Осы тәуекел салынған инвестициялардан жоспарланып отырған нәтижені ала алмаудың елеулетті қаупіне жауапты болады.

Осы тәуекел түрін басқару мүмкіндігі негізінде қолайлы тәуекел тұжырымдамасы жатыр, ол күтілетін пайда мен шығын қаупі арасындағы белгілі бір теңгерімге сәйкес келеді, ол жобаның тәуекелдерін бағалау және жобалау тәуекелдерін басқару – рәсімдер кешенін көздейді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі ағымдағы іс-шаралар:

- сенімді мердігерлерді таңдау;
- стратегиялық әріптестермен жұмыс;
- уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз ету;
- Қордың еншілес компанияларының инновациялық даму және инвестициялық жобаларының рейтингілеріне тоқсан сайынғы мониторингілеу.

2014 жылы тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін Инвестициялық қызметтің корпоративтік стандартының жобасы, Қордың инвестициялық қызметін басқару жөніндегі регламенттің жобасы, Қор компаниялары тобының инвестициялық жобаларын іске асыру кезінде стратегиялық әріптестерді іріктеу жөніндегі саясаттың жобасы, ҚЭМ дайындауға бірыңғай стандартталған тәсілдеме, Қор тобына кіретін ұйымдардың инвестициялық жобаларының тәуекелдерін бағалау және басқару әдістемесі әзірленді.

#### **Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметті жүзеге асыру үшін өтімділіктің жетіспеушілігі**

Қор тобының бірқатар компанияларының қызметі шикізат нарықтарында қолайсыз жағдаяттың тәуекеліне тап болды. Шикізатқа бағалардың әлемдік болжамдары, бағаларға қаржылық көрсеткіштер сезімталдығын талдау деректері негізінде баға тәуекелдерін хеджирлеудің орындылығы мәнінде шешімдер қабылдануда.

Әлемдік экономикадағы қолайсыз өзгерістер Қор компаниялары тобының қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тапшылығына алып келеді, бұл, өз кезегінде инвестициялық жобаларды іске асыруды бұзуға, операциялық қызметті жүзеге асырудың мүмкін еместігіне, кейбір компаниялардың дефолтына әкелуі мүмкін. Қор өтімділіктің белгіленген нормативтерінің сақталуын бақылайды. Қордың Басқармасы және Директорлар кеңесі қажеттілігіне қарай Қор тобының ірі компанияларының қаржылық тұрақтылық мәселелерін, сондай-ақ дамудың қолайсыз сценарийлері болған кезде әсер етудің ықтимал нұсқаларын қарастырады. Қор тобы үшін өтімділікті жоғалту тәуекелі мұнайға бағаны азайту тәуекелімен арақатынасы орнатылады.

Ағымдағы іс-шаралар:

- Қордың және оның еншілес ұйымдарының шығындарын қысқарту бағдарламасын іске асыру;
- қазынашылықты басқарудың нысаналы моделін енгізу жоспарын іске асыру;

- қаржылық тұрақтылық және ковенант нормативтерін тоқсан сайын мониторингілеу, сондай-ақ Қордың қаржылық тұрақтылық және борышты басқару саясатына сәйкес өзара байланысты шараларды қабылдау (қажет болған жағдайда).

Нарықтық тәуекелдердің ақша ағындарына әсерін сандық бағалауды енгізу мақсатында 2014 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ үшін бейімделген тәуекелдің (CFaR) ақшалай ағындарын бағалау бойынша бағдарланған тәуекел моделі және нарықтық тәуекелдерді басқару қағидаларының жобасы әзірленді. 2015–2016 жылдары Қордың басқа еншілес ұйымдарындағы CFaR базасында нарықтық тәуекелдердің сандық бағалауына жаңа тәсілдерді енгізу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

#### **Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – контрагенттің Қор тобының алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінде және толық көлемде орындамау не тиісті дәрежеде орындамау тәуекелі.

Тәуекелдерді уақтылы анықтауға, тұрақты мониторинг жасауға және тиімді басқаруға бағытталған тетіктер тиімділігін арттыру мақсатында, Қор:

- Қордың ішкі саясаты мен қағидаларын өзектендіру арқылы кредит тәуекелі бойынша басқару жөніндегі рәсімдерді ұлғайту жөнінде жұмыс жүргізіледі. Осы жұмыс шеңберінде кредит тәуекелді басқару тиімділігін арттыру үшін тәсілдемелер біршама деңгейде жаңартылады және толықтырылады;
- сыртқы контрагенттер бойынша лимиттер тұрақты түрде белгіленеді және тоқсан сайынғы негізде лимиттерді мониторингілеу жүргізіледі.

#### **Валюта бағамдарының жағымсыз тербелуі**

Топ валюта бағамдарының жағымсыз өзгеру тәуекелінің әсеріне түсіп отырады. Топ қарыз қаражаттарын тек сыртқы емес, сондай-ақ ішкі нарықта да тартып отырады, бұл валюталық тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді. Жағымсыз зардаптарға жол бермеу мақсатында валюталық тәуекелге ұшырауына тұрақты талдау жүргізіледі және тиісті шаралар қабылданып отырады.

#### **Пайыздық құбылмалы ставкалардың ауытқуы**

Пайыздық тәуекелге ұшырауы негізінен пайыздық құбылмалы пайыздық ставкалармен Қор компаниялары тобының ұзақ мерзімді міндеттемелеріне жатады. Қарыздардың қызмет көрсетуіне байланысты шығындардың өсімі төлеу қабілетіне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Осы тәуекелді басқару негізінен қарыздар бойынша тұрақты және құбылмалы пайыздық ставкаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

#### **Өндірісте жазатайым оқиғалардың тәуекелдері**

Технологиялық авариялар, стихиялық апаттар мүлікке, қоршаған ортаға елеулі шығын келтіруі, жазатайым оқиғаларға, өндірістің үзілістеріне, қаржылық шығындарға алып келуі мүмкін. Қордың компаниялар тобы қызметкерлерге, үшінші тұлғалар мен қоршаған ортаға келтірілген залал үшін мүліктік тәуекелдерді және азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелдерін сапалы сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Қор компаниялары тобында 2012 жылдан бастап Қорда және оның ұйымдарында сақтандырудың қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі саясатқа сәйкес тәуекелдерді қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы іске асырылуда.

Қабылданған шаралар:

- өндірістік жарақаттануды және апаттарды азайту, қоршаған ортаға зиянды әсер ету, жарақаттануға жол бермеуді қамтамасыз ететін бақылаулар мен рәсімдер белгілеу, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кешенді шараларды әзірлеу;
- өндірістік ұйымдардың бірінші басшыларының дербес жауапкершілігін белгілеу;
- еңбекті қорғаудың тиімді жүйесін құру және халықаралық стандарттарды енгізу;
- мүліктік тәуекелдерді, азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелдерін сақтандыру бағдарламасын ұйымдастыру және т.б.

Қор тобының негізгі операциялық тәуекелдері еншілес компанияларға шоғырланғанын ескере отырып, осы тәуекелдерді басқару тікелей тәуекелдердің иелерімен, бірақ Қор тарапынан үнемі бақылау болған кезде жүзеге асырылады.

### 3.8. ІШКІ АУДИТ

Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамын Қор иеленетін Қордың барлық еншілес ұйымдарында компаниялардың директорлар кеңесіне ұйымдық бағынышты және функционалды есеп беретін Ішкі аудит қызметі (ІАК) құрылды және олармен жұмыс істейді. Компаниялардың ІАК қызметі Қор бекіткен корпоративтік стандарттар базасында әзірленетін ережелер мен регламенттер негізінде жүзеге асырылады және компаниялардың директорлар кеңесіне ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің жай-күйі туралы объективті әрі тәуелсіз көпілдіктер және консультациялар беруге бағытталған.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың және оның еншілес ұйымдарының ІАК қызметкерлерінің нақты саны 112 адамды құрайды, олардың ішінде 75%-ы аудит, бухгалтерлік есеп, АТ-технологиялары саласында сертификатталған мамандар болып табылады.

Компаниялардың ІАК қызметі ішкі аудиттің халықаралық стандарттары негізінде және Қордың ішкі аудиттің бағдарланған тәуекелін ұйымдастыру саласындағы бірыңғай стандарттарына сәйкес әзірленген ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген. Компаниялардың ІАК өз қызметін тұрақты жетілдіру бойынша міндеттерді есепке ала отырып, 2014 жылы нормативтік базаға, оның ішінде ІАК туралы ережеге, 2013 жылғы желтоқсанда Қор Басқармасының шешімімен жаңа редакцияда бекітілген ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар және Ішкі аудит қызметі туралы үлгі ереженің негізінде ішкі аудит және қызметті бағалауды жүзеге асыру тәртібіне өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

Компанияларда ішкі аудиттің бағдарланған тәуекелін ұйымдастыру саласындағы Қордың бірыңғай стандарттары ІАК ұйымдастыру, бизнес-процестердің ішкі аудит жүргізу, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін бағалау, ІАК қызметі тиімділігін бағалау мәселелерін реттейтін 9 нормативтік құжатты қамтиды.

Есепті жылы Қордың Басқармасы еншілес ұйымдарда ішкі аудиттің орталықтандырылған қызметін құру бойынша Қор Басқармасының құзыретін көздейтін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабы 2-тармағының 17) тармақшасын қолдану тәртібін регламенттейтін «Самұрық-Қазына» АҚ иеленетін еншілес ұйымдарда ішкі аудиттің орталықтандырылған қызметін құру тәртібін бекітті.

Есепті жылы Қордың компанияларында олардың ІАК күштері Қор бекіткен әдістемелер негізінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізді, олардың нәтижелері және осы процестерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар компаниялардың Директорлар кеңесіне берілген. Осы процестерді бағалауды 2012 жылдан бері ІАК жүзеге асыруда. Қор тобы компанияларының басым бөлігі бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің озық практикаларға сәйкестігі деңгейі көрсеткіштерінің серпіні 2012–2014 жылдар аралығында ІАК жүргізген бағалау нәтижелері бойынша оң үрдісті көрсетуде, бұл ІАК қызметіне және ішкі аудиторлардың кәсібилігінің өсуіне айтарлықтай деңгейде ықпал етеді.

2014 жылы Қордың ІАК Қорда және Қордың еншілес ұйымдарында Қордың және еншілес ұйымдардың ІАК АТ-аудиторларының бірлескен топтарымен АТ-аудиттерін жүргізуді көздейтін ақпараттық технологиялардың (АТ) синергетикалық аудиті практикасына бастамашылық жасады және оны енгізді. 2014 жылы АТ-аудиторларының синергетикалық топтары бірқатар АТ-салаларының аудиттерін, сондай-ақ АТ саласындағы таңдаулы практикаларға, стандарттарға және озық тәжірибеге сәйкестігі мәнінде ағымдағы жағдайын талдауды табысты жүргізді.

Қор тобының компанияларымен жыл сайынғы негізде жүзеге асырылатын корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау шеңберінде компаниялардың ІАК қызметін корпоративтік басқару саласындағы озық практиканың талаптарына сәйкестігі бағалануда. 2012–2014 жылдары жүргізілген диагностикалау нәтижелері бойынша компаниялардың ІАК рейтингінің оң серпіні байқалуда: Қордың және еншілес ұйымдардың ІАК қызметінің озық өлемдік тәжірибелерге (оның ішінде ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына) сәйкестігінің орташа коэффициенті 68%-дан 86%-ға дейін жоғарылады. 2014 жылы Е&У компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ үшін жүргізген сыртқы бағалау нәтижелері бойынша көрсетілген компаниялардың ІАК қызметі Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді деп танылды.



# «Самұрық-қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

2014 жыл үшін жылдық есеп

1-ші томы



## ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

«Мұнай-газ» сегменті: «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

«Тау-Кен өнеркәсібі» сегменті

«Индустриалық» сегменті

«Тасымалдау» сегменті

«Энергетика» сегменті

«Телекоммуникация және почта байланысы» сегменті

«Қаржы институттары және жылжымайтын мүлік жобаларын басқару» сегменті

# 4. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

www.kmg.kz

## 4.1. «МҰНАЙ-ГАЗ» СЕГМЕНТІ

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүддесін білдіретін, көмірсутегілерді барлайтын, өндіретін, өңдейтін және тасымалдайтын ұлттық компания. Акцияларының 100 пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.

ҚазМұнайГаз Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылдың 20 ақпанындағы № 811 Жарлығының негізінде «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру жолымен құрылған.

ҚМГ 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес негізгі стратегиялық мақсаты активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру арқылы акционерлік құнын барынша жоғарылату және ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға көмек көрсету болып табылады.

#### Миссия

Қазақстан Республикасының ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысу ісінен барынша пайда алуын қамтамасыз ету.

#### Көрініс

ҚМГ өндірістік қызмет қауіпсіздігінің ең жоғары стандарттарына сәйкес келетін тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті ықпалдастырылған мұнай-газ компаниясы.

#### «ҚазМұнайГаздың» көздеген мақсаты

Сұйық көмірсутегілердің (мұнай мен конденсаттың) қорлары және мұнай өндіру көлемдері бойынша әлемнің отыз ең ірі мұнай-газ компаниясының қатарына кіру.

#### 2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер\*

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна	21 105	21 390	22 630	22 490
Газ өндіру, млн м <sup>3</sup>	4 850	5 528	6 924	7 025
Магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау, млн тонна	66,87	65,79	67,22	64,01
Мұнайды теңізбен тасымалдау, мың тонна	9 234	11 355	8 878	9 606
Магистральдық газ құбырымен газ тасымалдау, млрд м <sup>3</sup>	110,55	109,19	110,14	105,44
Көмірсутегі шикізатын өңдеу, мың тонна	15 326	15 884	16 050	17 115

\* өндірістік блоктардың дөңгелектелген деректерінен болмашы ерекшеленуі мүмкін.

ҚазМұнайГаздың негізгі қызмет түрлері мұнай-газ саласында мемлекеттік саясатқа қатысу, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында оларға үлестік қатысу арқылы мемлекеттің мүддесін білдіру, корпоративтік басқару және көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілік инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері болып табылады.

#### Негізгі қаржылық көрсеткіштер

ҚМГ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері 4-кестеде келтірілген. 2014 жылы ҚазМұнайГаздың таза пайдасы 199, 2 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылға қарағанда, 2,45 есе аз. Пайданы төмендетудің негізгі себебі мұнайға әлемдік бағалардың айтарлықтай түсуінен болып отыр.

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	3 804 258	3 756 053
Шығыстар, барлығы	3 315 616	3 556 838
Бір жылға айда/(шығын)	488 642	199 215

2014 жылдың қорытындылары бойынша ҚазМұнайГаз еліміздің мұнай-газ секторында өндірістік қызмет бойынша көшбасшылық позицияларды иеленуде (2-кесте).

ҚМГ 2014 жылға арналған дәлелденген көмірсутегі қорлары мынаны құрайды: мұнай – 776,2 млн тонна, табиғи газ – 475,5 млрд текше м.

\* «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыры бойынша мұнай тасымалдау көлемін және Batumi Terminals Ltd компанияларының (100%) тасымалдау көлемін және «Мұнай-Тас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%) мен «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (50%) компанияларының тасымалдау көлемін қамтиды.



Негізінен, 2013 жылмен салыстырғанда мұнай мен газ конденсатының шоғырландырылған көлемін төмендету газды қайта өңдеудің шектелген қуаты кезінде ілеспе газды жағудың қажетті көлеміне ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің квотасының «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС бойынша және 2014 жылғы қыркүйек-қазанда күрделі жөндеуді жүргізуге байланысты «Теңізшевройл» ЖШС бойынша өндіру көлемдерін қысқартуға байланысты.

2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мұнайды тасымалдау көлемдерін азайту негізінен жүк жөнелтушілер тарапынан «ҚазТрансОйл» АҚ магистралды мұнай құбырлары жүйесіне, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумы жүйесіне көлемдерді қайта бағдарлауға байланысты Теңіз мұнай ауыстыру бойынша жоспарланған көлемдерінің болмауы есебінен «Batumi Terminals Limited» жүйесі арқылы мұнайды «өткізуді» азайтуға байланысты. «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ жүйесі бойынша көлемдерді азайту «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жүк жөнелтушісімен Қытай тарапына мұнай тасымалдау бағытын қайта бағдарлаумен және «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС өндіру көлемдерін азайтумен түсіндіріледі.

2013 жылмен салыстырғанда газ тасымалдау көлемін азайту Теңіз, Қарашығанақ және Чинарев кенорындарынан экспортқа газ тасымалдау көлемін және Орта Азиялық газ транзитінің көлемін қысқартумен туындап отыр.

#### **Трансформациялау бағдарламасын іске асыру**

2014 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пилоттық компаниялардың бірі ретінде таңдалды, онда кезең-кезеңмен бизнесті трансформациялау бағдарламасы жүргізілетін болады. Трансформациялаудың басым бағыттар тізбесінде мыналар енгізілген:

- корпоративтік орталық;

- барлау және өндіру;
- қайта өңдеу және маркетинг;
- ҚазМұнайГаз – халықаралық активтер.

Сондай-ақ өндірістік және қолдаушы бизнес-процестерді жетілдіру, еңбекті уәждеу жүйесін жақсарту және мақсатты ҚНҚ қол жеткізуге бағытталған тиімділікті басқару, жұмыс істеп тұрғандарды пайдалануды үйлестіру және жаңа технологияларды ықпалдастыру, озық ақпараттық технологияларды енгізу және т.б. қоса алғанда, трансформациялаудың басым салалары белгіленді.

2014 жылғы 26 тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жаңғырту және трансформациялау жөніндегі кеңес құрылып, оның құрамы мен өкілеттіктері айқындалды.

2014 жылғы 9 желтоқсанда компания «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Трансформациялау жөніндегі жол картасын қабылдады, онда трансформациялаудың негізгі кезеңдері мен мерзімдері айқындалған.

#### **Негізгі іске асырылатын және жоспарланған инвестициялық жобалар:**

- Атырау МӨЗ реконструкциялау және жаңғырту;
- Шымкент МӨЗ реконструкциялау және жаңғырту;
- Павлодар МХЗ жаңғырту;
- Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырын салу;
- Қазақстан-Қытай газ құбырын салу (С тармағы);
- Солтүстік Каспий жобасы;
- Оңтүстік Қазақстан облысында газ тарату желісін жаңғырту;
- Тараз қаласының газ тарату желісін жаңғырту;
- Алматы қаласы мен табиғи аймағын газдандыру;
- Құрық кентінде кеме жасау/кеме жөндеу зауыты.

## 4.2. «Тау-Кен ӨНЕРКӘСІП» СЕГМЕНТІ

[www.kazatomprom.kz](http://www.kazatomprom.kz)

### 4.2.1. «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ қызметі уранды, сирек кездесетін металдарды, ядролық отынды, Қазақстан Республикасының қос мақсатты технологиялары мен арнайы жабдықтарын экспорттау және импорттау бойынша ұлттық операторы ретінде, көбінесе атом, сирек кездесетін метал, химия және энергетика салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік стратегиялық басымдықтарды көрсетеді. Компания уран және сирек кездесетін және жерде сирек кездесетін металдарды өндіруді ұлғайту; уран, бериллий және тантал өндіру және өткізу; ғылымды қажетсінетін технологияларды әзірлеу; энергия ресурстарды жеткізу және жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі ірі жобаларды іске асырумен айналысады.

ҚАӨ өнімдерінің негізгі түрлерінің ішінде мыналарды бөліп айтуға болады:

- Уран өнімі;
- Сирек кездесетін жердегі металдардың ұжымдық концентраты;
- Бериллий өнімі;
- Тантал және ниобий өнімі;
- Энергоресурстар және энергияның баламалы көздері.

Компания Еуропа, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия, Солтүстік және Оңтүстік Америка нарықтарында жұмыс істейді. Негізгі қызмет көрсететін секторлары – энергетика, атом және электрондық өнеркәсіп, металлургия, телекоммуникация және ғылыми-зерттеу қызметі. Қазатомөнеркәсіп өнімін тұтынушылардың негізгі санаттары – бұл атом, сирек кездесетін металл салаларындағы ірі әлемдік компания.

Қазатомөнеркәсіп Қазақстанның алты өңірі – Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола және Алматы облыстарында, сондай-ақ елдің шегінен тыс – Ресейде, Украинада, Германияда, Қытайда және басқа елдерде өз қызметін жүзеге асыратын 82 кәсіпорынның тобымен берілген. Компанияның негізгі офисі Астанада орналасқан.

#### Қаржы көрсеткіштері

ҚАӨ таза пайдасы 2014 жылы 15,2 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы ұқсас көрсеткіштен 2,4 есеге немесе 21,3 млрд теңгеге төмен (1-кесте). «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен бірлескен кәсіпорындардың (Қазақстан мен Ресей) АҚШ долларына деноминирленген міндеттемелеріне (қарыздар және кредиттер) қатысты бағамдық айырмадан шығындарды тану осы көрсеткішке негізгі жағымсыз әсер етті.

Еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Дивиденд саясатына сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2014 жылға дивидендтері 5,4 млрд теңгені құрады.

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржы көрсеткіштері, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	344 320	339 984
Шығыстар, барлығы	307 788	324 735
Бір жылға таза пайда/(шығын)	36 532	15 249

#### Негізгі өндірістік көрсеткіштер

ҚАӨ ұйымдарының уран өндіру көлемі (Қазақстан Республикасы бойынша жалпы өндіру көлемі) 2014 жылы 22 829 тонна уранды құрады, ол 2013 жылға қарағанда 8,4%-ға өсті, 2015 жылы өндіру 23 466 тонна уран деңгейінде жоспарланып отыр (2-кесте).

Бүкіл ЕТҰ-ға қатысу үлесі бойынша уран өндіру көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 8,4%-ға артты. 2014 жылы біршама өсу ҚАӨ-ге «Қызылқұм» ЖШС және «Бетпақ-Дала» БК» ЖШС-дан жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды уақытқа беруге байланысты. 2015 жылы ҚАӨ бойынша өндіру көлемінің көрсеткіштерін азайту «Оңтүстік тау-химия компаниясы» БК» ЖШС-ға және «Хорасан-У» БК» ЖШС-ға жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды беруге байланысты.

Компания табиғи газ концентраттарын ірі өндіруші болып қала отырып, 2014 жылы уранның әлемдік нарығында жетекші позицияны сақтады.

Қазақстандағы уранның қорлары мен ресурстары қазіргі уақытта 1,7 млн тоннаға жуықты немесе уранның әлемдік қорлары мен ресурстарының жалпы көлемінің 12%-на жуығын құрайды (АЭХА деректері бойынша).

#### 2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Бүкіл ҚР-да уран өндіру көлемі, тонна	22 501	22 829
Бүкіл ЕТҰ-ға қатысу үлесі бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның уран өндіру көлемі, тонна	12 568	13 624

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Бүкіл еншілес және тәуелді қоғамдарға қатысу үлесі бойынша табиғи уранның әлемдік нарығындағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ үлесі, %	21%	23,4%

### Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

ҚАӨ үшін Бизнесі трансформациялау бағдарламасы Компанияның экономикалық қосылған құнын 2025 жылға дейін 2 есеге ұлғайтуды көздейді.

Трансформациялау бағдарламасы бойынша қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында 2014 жылы Қазатомөнеркәсіп «МакКинзи және Қазақстан компаниясы» ЖШС-мен бірлесіп өз қызметіне, сыртқы ортасына және ұйымдық денсаулығына диагностика өткізді. 3 бірлескен басқарушы комитет өткізілді, оның жұмысына Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері, еншілес және тәуелді компаниялардың басшылары, сондай-ақ корпоративтік орталықтың бүкіл басқару құрамы тартылды. Осы жұмыстың қорытындысы ҚАӨ бизнесі трансформациялау бағдарламасы болды, онда компанияның 2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттарын жаңарту бойынша міндеттер және қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары анықталды.

2015 жылдан бастап Компания бизнесі жүргізудің сапалы жаңа деңгейіне шығу мақсатында бизнесі трансформациялау жөніндегі бағдарламаны іс жүзінде іске асыруды бастады.

### «Халықтық IPO» бағдарламасы

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына сәйкес ҚАӨ-нің IPO-ға шығуы 2015 жылдан кейінге жоспарланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 429 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес 2016 жылы 10%-1 акция мөлшерінде ҚАӨ акцияларын IPO-ға шығару жоспарланып отыр.

### Инвестициялық қызмет

ҚАӨ бойынша дамытуға жалпы шығыстар жоспардағы 73,8 млрд теңгенің орнына 49,5 млрд теңгені құрады, 2013 жылы шығыстар 76,5 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық жобалар бойынша 2013 жылдан кему және жоспарлы көрсеткіштерді орындамау мыналардан қалыптасты:

- Kaz PV жобасы бойынша: «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС зауытын іске қосу мерзімін жылжыту себебі бойынша, сондай-ақ негізгі және қосымша жабдықты жеткізуді біршама кеш мерзімге ауыстыру себебі бойынша;
- жұмыстардың бір бөлігін 2015 жылға ауыстыруға байланысты – Орталық кен орнының өндірістік қуаттарын кеңейту үшін «ҚР ОҚО-да Мыңқұдық орталық кен орнының учаскесін кеңейту» жобасы бойынша;
- инертті материалдар мен битумның пайда болған тапшылығына байланысты 2015 жылға жұмыстарды әк тілеу мерзімін ауыстыруды қаржыландырудың уақытылы қамтамасыз етілмеуіне байланысты «Күкірт қышқылымен және басқа реагенттермен ҚАӨ жүйесінің уран өндіретін кәсіпорындарын тұрақты қамтамасыз ету бағдарламасы» жобасы бойынша «ТТК» ЖШС бойынша.

Есептік кезеңде өндірістік және әкімшілік қызмет үдерісіне тікелей қатысушы өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға ҚАӨ жалпы инвестициялар сомасы 28,2 млрд теңгені (2013 жылы – 29 млрд теңге) құрады.

### Негізгі инвестициялық стратегиялық жобалар:

*«KAZ PV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдер өндірісін құру» жобасы*

Осы жобаны іске асыру шеңберінде үш кәсіпорын қызметін жүзеге асырады:

- «МК «KazSilicon» ЖШС (Алматы облысы, Үштөбе қ.) Алматы облысы Сарыкөл кен орнында кварц өндіруді (кварц қоры 1 700 000 тонна) және металлургия кремнийіне дейін өңдеуді (жылына қуаттылығы 5 000 тонна металлургия кремнийі) жүзеге асырады.
- 2014 жылы Clean Power Innovation компаниясының өкілдерімен бірлесіп сапасы жақсартылған кремний (UMG) алу үшін металлургия кремнийін газ-шлакты тазалау технологиясын енгізуді аяқтау жөнінде жұмыстар жүргізілді.
- «Astana Solar» ЖШС (Астана қ.) фотоэлектрлік модульдерді шығарады (қуаты: 50 МВт, 223 мың фотоэлектрлік модульдер), өндірісті іске қосу 2012 жылы іске асырылды.

*«Astana Solar» ЖШС (Астана қ.)*

AREVA француз компаниясымен фотоэлектрлік модульдерді 2014 жылдан бастап жеткізуге 3 жыл мерзімге off-take-келісім-шарттарға қол қойды (кейінгі 3 жылға ұзарта отырып). Сондай-ақ есептік кезеңде «Qatar Solar Energy»-мен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

2014 жылғы 1-тоқсанда «Astana Solar» зауытының өнімі Халықаралық электр-техникалық комиссияның: ХЭК 61215-2005, ХЭК 61730-1, ХЭК 61730-2 стандарттары талаптарына сәйкестік сертификатын алды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тауардың шығуын растайтын СТ KZ сертификатын алды.

2014 жылғы қаңтарда «Astana Solar» ЖШС СТ РК ИСО 9001-2009, СТ РК ИСО 14001-2006, СТ РК ОHSAS 18001-2008 талаптарына сәйкестікте сапа, экология менеджменті, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті біріктірілген жүйесінің сертификаттарын алды.

Қазіргі уақытта ҚАӨ кеніштерінде күн модульдері орнатылуда.

«Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС (Өскемен) қазақстандық кремнийден фотоэлектрлік пластиндер және күн энергиясын электр энергиясына түрлендіретін тор көздер шығаруды жоспарлап отыр (қуаты: сұр пластина (wafer) – 77 МВт у. м. немесе 18 500 мың дана; тор көз ячейка (ФЭТ) – 65 МВт у. м. немесе 16 765,6 мың дана).

2014 жылы «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС-да құрылыс-монтаж жұмыстары өткізілді және іске қосу-жөндеу жұмыстарына старт берілді. Француз компанияларымен (SEMCO және ECM) келісімшарттарға сәйкес 2014 жылы технологиялық жабдыққа алдын ала қабылдау сынағы өткізілді, оның барысында көлемі 481 978 дана (1,901422 МВт) болатын «Astana Solar» талаптарына сәйкес келетін және жарамды деп танылған өнім өндірілді. Қорытынды қабылдау сынағы және зауытты пайдалануға енгізу 2015 жылғы үшінші тоқсанға жоспарланды.

IRYSOLAR француз компаниясымен дайын өнімді (фотоэлектрлік пластиндер мен тор көздер) сатып алуға off-take-келісімшартқа қол қойылды.

### **Жаңа жоғары технологиялық жобалар**

2014 жылға «Ұжымдық карбонаттар мен сирек кездесетін металдардың жеке қоспаларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» («SARECO» біріккен кәсіпорны» ЖШС) жобасы бойынша:

- жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсатында ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне (уәкілетті орган) Маңғыстау облысы Ақтау қ. өнеркәсіп аймағында техногендік минералдық түзілімдерден сирек кездесетін металдарды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығына Келісімшарттың жобасы жіберілді;
- өнімнің өзіндік құнын азайту жөнінде жұмыстар жүргізілді;
- кәсіпорынның рентабельділігіне қолайсыз нарықтық конъюнктурадан туындаған жағымсыз әсерді азайтуға бағытталған меркетингтік жұмыс өткізілді;
- 2014 жылғы маусымнан бастап тұтынушылар атына өнімді тиеу жүзеге асырылды.

2014 жылға «Toshiba компаниясымен бірлесіп сирек кездесетін метал өнімі өндірісін құру» («КТ Сирек кездесетін металл компаниясы» біріккен кәсіпорны» ЖШС) жобасы бойынша:

- қуатты 42 МВт дейін одан әрі ұлғайту перспективасымен қуаты 20 МВт болатын «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында жел электр станциясын салу және пайдалану» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді («Форт-Шевченко» жел станциясы);
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Инвестициялық комитетінің 14.07.2014 жылғы отырысында «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында жел электр станциясын салу және пайдалану» жобасына ТЭН мақұлданды;
- «КТ Сирек кездесетін металл компаниясы» біріккен кәсіпорны» ЖШС «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-мен «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында жел электр станциясын салу және пайдалану» жобасы бойынша жобалау жұмыстарын өткізуге шарт жасасты.

### **Ядролық отын цикларын құру**

*Отын таблеткаларын жеткізу*

2014 жылғы наурызда ҚХР-ға қазақстандық өндірістің отын таблеткаларын жеткізуге Келісімшартқа № 3 толықтыру жасалды, олардың көлемі мынадай: 2014 жылы – 10 тонна; 2015 жылы – 24 тонна; 2016 жылы – 55 тонна. 2014 жылғы тамызда ҚХР-ға 10 тонна отын таблеткаларын жеткізу жүзеге асырылды.

*Жылу шығаратын құрамалар өндіру – ЖШҚ*

ҚАӨ екі өзара байланысты жобаларды іске асыру мүмкіндігі туралы CGNPC-пен тікелей келіссөздер жүргізеді – Қазақстанда ЖШҚ шығару және уран ресурстарын өзірлеу жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды құру. Қол жеткізілген уағдаластықтар 2014 жылғы 14 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылған Ядролық энергетика саласындағы өзара пайдалы ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету туралы келісімде көрініс тапты. Тараптар Келісімді іске асыруға кірісті.

*Уранды изотопты байыту*

2013 жылы бірлескен қазақстан-ресей «Уранды байыту орталығы» ЖАҚ (Қазатомөнеркәсіп – 50% акциясы, «ТВЭЛ» ААҚ – 50% акциясы) қыркүйекте әлемде ең ірі байытылған уран өндіретін кәсіпорыннан 25% плюс 1 акция сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтай отырып, «УЭХК» ААҚ құрамына кірді.

2014 жылы «УБО» ЖАҚ өндірістік жоспардан жыл қорытындылары бойынша 100,2% орындай отырып, толық өндірістік қуатқа шықты. Дайын өнімді жөнелту 4 986,5 мың БЖБ (бөлу жұмыстарының бірлігі) құрады.

## 4.2.2. «Тау-Кен САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ Тау-Кен КОМПАНИЯСЫ» АҚ



«Тау-Кен Самұрық» ұлттық Тау-Кен компаниясы» акционерлік қоғамы қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, өңдеу және өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының ұдайы өндірісі саласында жер қойнауын пайдалану бойынша тиімді қызметті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына сәйкес құрылған.

### Миссиясы

Қазақстанда Тау-Кен өндіру және металлургия секторын дамыту траекториясын түбегейлі өзгерту.

### Негізгі мақсаты

Геологиялық барлауды жандандыру, активтердің өсу және тиімді пайдалану бағдарламасын іске асыру есебінен Қазақстанның Тау-Кен металлургия саласын дамытудың сапалы-жаңа деңгейіне қол жеткізу.

Қызметтің негізгі стратегиялық бағыттары мыналар болып анықталды:

- жылына GPP \$200 млн инвестициялау көлеміне шыға отырып, геологиялық-барлау жұмыстарын жандандыру есебінен басым ҚПҚ бойынша ресурстық базаны дамыту;
- өндіретін жобаларды іске асыру және жаңа қайта өңдеулерді игеру;
- компанияның кадрлық әлеуетін нығайту және кеңейту;
- компанияның инновациялық-технологиялық әлеуетін дамыту;
- жаңа активтерді сатып алу және сала кәсіпорындарының қоғамға беретін акциялар пакетімен жұмыс бойынша қызметті дамыту.

### Қаржылық көрсеткіштері

Компанияның негізгі қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	3 547	45 653
Шығыстар, барлығы	1 877	45 506
Бір жылға таза пайда/(шығын)	1 670	147

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы кірістердің 42,1 млрд теңгеге ұлғаюы, негізінен, Қарағанды қаласында кремний өндірісі бойынша зауыт қызметін оңтайландыру шеңберінде шығарылған конденсатталған микрокремнеземді өткізуден түскен кірістер және 2014 жылы Астана қаласында Аффинаждық зауыттың өндірістік қызметінің басталуы салдарынан аффинирленген алтынды өткізуден кірістерге байланысты.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы шоғырландырылған шығыстардың 43,6 млрд теңгеге ұлғаюы, негізінен, құрамында алтыны бар шикізатты сатып алуға және аффинирленген алтын өндірісінде ескерілген шығындарға, металл кремнийін өндіретін зауытты дайындау және іске қосу жөніндегі іс-шараларды өткізу нәтижесінде пайда болған өзге де операциялық шығыстардың ұлғаюына байланысты.

2013 жылмен салыстырғанда шоғырландырылған пайданы қысқарту Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы ақпанда өткізген теңгені девальвациялау салдарынан мерзімі өткен салық бойынша міндеттемелерді есептеуден және бағамдық айырмадан шығын алудан пайда болған 1,2 млрд теңгеге үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін «Қазцинк» ЖШС-дан алынатын таза пайданың азаюына, соондай-ақ 353 млн теңгеге негізгі емес қызметтен пайданың ұлғаюына, өткізілуі ықтимал боға бойынша қорлардағы металлургия кремнийінің әділ құны бойынша тану салдарынан 430 млн теңгеге қорлардың құнсыздануына, еншілес ұйымдар: «Тау-Кен Алтын» ЖШС, «Тау-Кен Темір» ЖШС және «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ-ның өндірістік қызметінің басталуы салдарынан 275 млн теңгеге жалпы және әкімшілік шығыстардың өсуіне байланысты.

#### 2-КЕСТЕ. Қаржылық ҚНҚ

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл
ROACE, %	1,2	0,06
EBITDA margin, %	-	(3,78)

2014 жылдың қорытындылары бойынша ROACE тартылған капиталының рентабельділік көрсеткіші 0,06%-ды құрады. Көрсеткіштерді азайту өткен жылмен салыстырғанда шоғырландырылған пайданың қысқаруына (2-кесте).

«EBITDA margin» көрсеткіші есептік кезеңде – 3,78%-ды құрады. Көрсеткіштің теріс мәні «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның дамудың инвестициялық кезеңінде болуы салдарынан операциялық қызметтен шығын алуға байланысты. 2013 жылы осы көрсеткіш өткізуден кірістің болмауы себепті есептелмейді.

## Негізгі өндірістік көрсеткіштер

### Алтын өндіру

2014 жылдың қорытындылары бойынша аффинаждық зауыт Астана қаласында жоспардағы 378,9 мың унция орнына аффинирленген алтынның 202,5 мың унциясын өндірді. Дайын өнім өндіру және өткізу бойынша жоспарлық көрсеткіштерді орындамауға ықпал еткен негізгі фактор құрамында алтыны бар шикізатты өндіруді жеткіліксіз қамтамасыз ету болып табылды, зауытта қолданылатын шикізатты өңдеу технологиясы зауыттың жобалау қуаттылығына сәйкес көлемде дайын өнімді шығаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

99,99% сынамалы стандартты банктік құймалардағы 40 млрд теңгеден астам сомаға 5 914,1 кг алтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жөнелтілді.

### Металлургия кремнийін өндіру

2014 жылы «Тау-Кен Самұрық» АҚ бір жылдан астам тоқтап тұрған Қарағанды қаласындағы металлургия кремнийін өндіретін зауытты оңалтуға кірісті.

2014 жылғы 15 қазанда № 1 пеш ойдағыдай іске қосылды. Өндірісті шикізатпен және материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер шешілді. Білікті мамандарды жинау, бірінші кезекте, бұрыннан жұмыс істейтін қызметкерлерді тарту есебінен жинау жүзеге асырылды. Іс-шаралар жоспарына сәйкес № 2 пешті және көмекші жабдықты күрделі жөндеу жүргізілуде.

2014 жылғы 2,5 айдың қорытындылары бойынша зауытты іске қосқан күннен бастап 1 823 тонна кремний өндірілді, оның Еуропаға 477 тоннасы және АҚШ-қа 440 тоннасы жөнелтілді.

### Инвестициялық қызмет

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның 2014–2018 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасында жалпы сомасы 52,2 млрд теңге болатын 25 жоба көзделді.

Инвестициялық бағдарлама өндірістің (жұмыстар, қызметтер) ағымдағы деңгейін қолдау және перспективалық инвестициялық жобаларды іске асыру ниетін қолдау мақсатында инвестициялық саясаттың міндеттерін, ірі инвестициялық жобаларды, күрделі салымдарды анықтайды.

Геологиялық-барлау жұмыстарын жандандыру есебінен басым ҚПҚ бойынша ресурстық базаны дамыту жөніндегі міндеттерді

іске асыру үшін кен орындары бойынша геологиялық-барлау жұмыстары аяқталатын болады, жер қойнауын пайдалануға шеттетілген құқықтарды сатып алу есебінен шикізат активтері кеңейтілді.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ инновациялық технологиялар мен жабдықтар есебінен тиімді өндірістік қызметті қамтамасыз ете отырып, шикізатты өңдеудің байыту өңдеулерін пайдалануға енгізу және кен өндіру сатысында инвестициялық жобаларды іске асыруға кіріседі.

### Өндіру жобалары

#### Қызылорда облысы Шалқия кен орнында полиметалл рудаларын өнеркәсіптік өңдеу

2014 жылғы 19 наурызда «Самұрық-Қазына» АҚ «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ-ның 100% акцияларын сатып алды. 2014 жылғы 14 шілдеде «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның пайдасына «Самұрық-Қазына» АҚ-дан «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ-ның 100% акциялар пакетін қайта тіркеу болды.

V+C1+C2 санатты кен орнының теңгерім қорлары 127 461,5 мың тонна руданы, 5 444,2 мың тонна – мырышты (мырыштың орташа құрамы 4,27%), 1 638,5 мың тонна – қорғасынды (қорғасынның орташа құрамы 1,28%) құрады.

#### Ақмола облысында Масалы кен орнының темір рудаларын өндіру және өңдеу

2014 жылғы 24 маусымда «Тау-Кен Самұрық» АҚ мен «Горное бюро» ЖШС арасында «Масалы Тау-Кен байыту комбинаты» ЖШС-да 63% қатысу үлесін сатып алу жөніндегі сатып алу-сату шартына қол қойылды. 2014 жылғы 1 шілдеде «Тау-Кен Самұрық» АҚ мен «Есіл» ӘКК» ҰК» АҚ арасында «Масалы ТБК» ЖШС-да 30% қатысу үлесін сатып алу жөніндегі сатып алу-сату шартына қол қойылды.

Кен орнының теңгерім қорлары: C1+C2 санаттар бойынша – 729 000 мың тонна руда (темірдің орташа құрамы 16%) + P1 – 1 975 млн тонна руда (темірдің орташа құрамы 17%).

#### Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнында полиметалл рудаларын өндіру

C1+C2 санаттар бойынша теңгерім қорлары – орташа алғанда құрамында 5,4% қорғасын және 26,27 г/т күміс болған кезде 18,5 млн тонна руданы құрайды.

## 4.3. «ИНДУСТРИАЛЫҚ» СЕГМЕНТІ

www.ke.kz

### 4.3.1. «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ



АО «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚИ) республиканың ең ірі машина жасау кәсіпорында-рына бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық са-ясатты қамтамасыз етіп отырған холдингілік құрылым болып табылады. ҚИ-нің Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

ҚИ-дің кәсіпорындары мұнай-газ, теміржол, агроөнеркәсіп, жылу-энергетика кешендерін білдіретін тапсырыс берушілер-ге арнап өнімдерді шығарумен және қызмет көрсетумен, сон-дай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы жасап шығару және жөндеумен айналысады.

#### Миссиясы

ҚИ тобына кіретін ұйымдардың активтерін тиімді басқару және ұзақ мерзімді құнын ұлғайту арқылы машина жасау саласын дамытуда мемлекеттің стратегиялық мүддесін іске асыру.

#### Мақсаты

«Еңбек өнімділігі» көрсеткіші бойынша біршама тиімді машина жасау корпорацияларының ТОП-50 кіру.

#### Қаржылық көрсеткіштер

Есептік кезеңде кірістер 40,4 млрд теңгені құрады. Шығыстар 39,4 млрд теңгені құрады.

2014 жылға таза шоғырландырылған пайда 917 млн теңгені немесе жоспардың 30%-ын және 2013 жылғы көрсеткіштің 30%-ын құрады (1-кесте).

1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	46 491	40 681
Шығыстар, барлығы	43 408	39 764
Бір жылға пайда/(шығын)	3 083	917

#### Өндірістік көрсеткіштер

2014 жылы өнімді өткізудің шоғырландырылған көлемі жоспардағы 44,7 млрд теңгенің орнына 38,5 млрд теңгені құрады (жоспарды орындау 86%, 2013 жылы іс жүзінде 86%, 2-кесте). Жоспарды орындамаудың негізгі факторы 30%-ға азаматтық өнім бойынша тапсырыстар көлемдерін азайту бо-лып табылады (іс жүзінде – 11,3 млрд теңге, жоспар – 16,3 млрд теңге), атап айтқанда:

- теңгенің девальвациялануына байланысты ірі тапсырыс бе-рушілер (ҚМГ, ҚТЖ, Самұрық-Энерго, KEGOC) инвестици-ялық бюджеттерін қысқартты, бұрын жасалған шарттарын орындауды және 2014 жылға шарттар жасауды тоқтатты, оның ішінде:
  - 1) «ПЗТМ» АҚ – 2014 жыл ішінде жалпы сомасы 3,8 млрд теңге болатын «ҚМГ БӨ» АҚ еншілес ұйымдарымен («Ем-бімұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ) шарттар жасасу және өнімдерді өткізу жоспарланған. Бұдан басқа, 1,2 млрд теңге сомаға «Самұрық-Энерго» АҚ-мен (МАЭС-2) шарт-тар жасасу және өнім өткізу жоспарланған;
  - 2) «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ – 2014 жыл ішінде 2,2 млрд теңгеге ҚТЖ тобымен шарттар жасасуды және өнімдерді өткізуді жоспарлаған. Алайда ҚТЖ-ның инвестициялық бюджеттерін қысқартуына байланысты 0,9 млрд теңге со-маға шарт жасалды.
- 1,0 млрд теңге сомаға ҚТЖ тобының мерзімі өткен бере-шегінің және ҚТЖ тобының ҚИ еншілес ұйымдарының ал-дында 0,6 млрд теңге сомаға берешегінің болуы.

2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер, млрд. теңге

№ п/п	Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.			
			Жоспар	Іс жүзінде	% орындау	2013 ж. %-бен
1	Өнім өткізу көлемі	32,2	32,9	27,7	84	86
1.1	Арнайы өнім және қосарлы мақсаттағы өнім	13,5	16,6	16,4	99	121
1.2	Азаматтық өнім	18,7	16,3	11,3	70	61

№ п/п	Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.			2013 ж. %-бен
			Жоспар	Іс жүзінде	% орындау	
2	Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг)	12,5	11,8	10,8	91	86
3	Өнім өткізуден және көрсетілген қызметтерден кіріс (инжиниринг)	44,7	44,7	38,5	86	86

Сонымен қатар, сервистік қызметтер көлемі бойынша 9%-ға жоспарлық көрсеткішті орындамау (2013 жылғы іс жүзіндегіге қарағанда 14%-ға) 2015 жылғы 1-2-тоқсандарға «Семей инжиниринг» АҚ МҚТ<sup>5</sup> негізгі шарттары бойынша шарттық міндеттемелерді орындауды ауыстыруға байланысты;

Арнайы өнім мен қосарлы мақсаттағы өнімді өткізу көлемі бойынша жоспарлық көрсеткішті орындау 99%-ды құрады (2013 жылғы іс жүзіндегі 121%).

#### Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

ҚИ 2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға кірісті.

ҚИ «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ трансформациялау тұжырымдамасын әзірледі, ол кейіннен ҚИ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 28 қазандағы ішкі отырысына (№ 10 хаттама) берілді.

Осы Тұжырымдаманы қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі ҚИ-ге ҚИ Басқарма төрағасы орынбасарының төрағалық етуімен Трансформациялау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құруды тапсырды.

2014 жылғы 11 қарашада ҚИ-де Трансформациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы ҚИ-дің күшті және әлсіз жақтарына талдау жүргізді, ол трансформация мақсатын, міндеттерін және мәнін, оны сапалы жаңа деңгейге өткізу жүйесін анықтауға мүмкіндік берді.

Осымен қатар, ҚИ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№ 55/14 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасының Жол картасына сәйкес іс-шараларды іске асыруды бастады.

#### ҚИ іске асырған және іске асырып жатқан инвестициялық жобалары:

1. Қазақстан Республикасының аумағында тікұшақтар өндірісін құру.
2. «Indra Systemas S.A.» компаниясымен РЭБ және РЛС жүйелерін жинау өндірісі;
3. Мұнаймаш» АҚ-ға мұнай өнеркәсібі бұйымдарын механикалық өңдейтін өндірісті жаңғырту.
4. Бронетанкті техниканы жаңғыртуды және күрделі жөндеуді қамтамасыз ету үшін «Семей инжиниринг» АҚ өндірісін жаңғырту.
5. Дөңгелекті техниканы жаңғырту үшін өндірістік корпуска қосымша құрылыс салу.
6. «Тыныс» АҚ-ға газдандырылатын модельдер бойынша құю кәсіпорнын игеру.
7. «Тыныс» АҚ-ға тоқылмайтын материалдар (геотоқыма) өндіру.
8. «ПЗТМ» АҚ-ға электрлік қазандық жабдығын дайындайтын өндіріс құру.
9. «ПЗТМ» АҚ өндірісін бірінші кезекті техникалық қайта жабдықтау және жаңғырту.
10. «Семей машина жасау зауыты» АҚ-ны қайта құру, жаңғырту және дамыту және оның базасында МАЗ автотехникасын жинақтау өндірісін құру.
11. 2013–2015 жылдары құрғақ салмағы 600 тоннаға дейінгі жаңа класты кемелер шығаруды және басқа ірі көлемді өнімді игеру үшін «Зенит» Орал зауыты» АҚ-да теңіз кемесін жасауды дамыту.
12. «С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ өндірісін жаңғырту.
13. Астана қаласында авиациялық-техникалық орталық құру («Қазақстан авиациялық индустриясы» ЖШС).
14. Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық приборлар өндіретін орталық құру («Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС).
15. ҚР-да әскери және азаматтық техника өндірісін ұйымдастыру («Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС).

<sup>5</sup>Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы (арнайы өнім)



## 4.3.2. «БІРІККЕН ХИМИЯ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС



Біріккен химия компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – БХК) 2009 жылдың 22 қаңтарында Қордың Директорлар кеңесінің 2008 жылғы 28 қарашадағы шешіміне сәйкес құрылған.

БХК-ның жалғыз қатысушысы - «Самұрық-Қазына» АҚ.

БХК-ның ақысы төленген жарғылық капиталы – 113 107 921 537 теңге (2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).

БХК-ның 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясы (Қордың 2012–2022 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес келтірілген жаңа редакцияда) БХК ҚК 2013 жылғы 20 наурыздағы шешімімен бекітілді.

### Миссиясы

Химия саласын Қазақстан экономикасының озық салаларының біріне айналдыру үшін дамытуға қатысу.

### Көрінісі

2022 жылға қарай – сату көлемдері бойынша ірі отандық шикізат емес өнеркәсіп компанияларының 5-іне кіретін Қазақстанның химия саласының көшбасшысы.

### БХК-ның стратегиялық даму бағыттары:

- ұзақ мерзімді құнын арттыру.
- ұлттық экономиканы әртарапандыру мен жаңғыртуға жәрдемдесу.
- әлеуметтік жауапкершілік.

### 2022 жылға қарай БХК-ның негізгі мақсатты қондырғылары:

- өндірістің жалпы көлемі 464 млрд теңге.
- EBITDA margin операциялық кірістілігі 35%.
- еңбек өнімділігі 150 млн теңге/адам.

### БХК негізгі міндеттері:

- Мақсатты сегменттік химия саласында жаңа өндірістік қуаттылықтар құру және қолданыстағыларды жаңғырту: базалық органикалық өнімдер мен полимерлер, базалық органикалық емес өнімдер және минералдық тыңайтқыштар, арнайы және тұтынушы химикаттардың кейбір түрлері (өнеркәсіп химикаттары және реагенттер, пестицидтер, жасанды талшықтар, лактар, сырлар, флотореагенттер, қоспалар, ингибиторлар, катализаторлар және т. б.);
- Инжинирингтік қызмет;
- Химиялық кластерлер қалыптастыру.

### Химия саласының мақсатты сегменттері:

- Минералдық тыңайтқыштарды қоса алғанда, органикалық емес химияның базалық өнімдері (органикалық емес базалық);
- Органикалық химия мен полимерлердің базалық өнімдері (базалық органика);
- Арнайы химикаттардың кейбір түрлері.

### Қаржылық көрсеткіштер

БХК негізгі қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

2014 жылы кірістердің ұлғаюы, негізінен, өткізілетін күкірт кесегі көлемінің өсуіне, сондай-ақ өткізу бағасының өсуіне байланысты «СКЗ-У» ЖШС-ға күкірт кесегін өткізуден пайданың өсуіне байланысты болды (1-кесте).

### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	997	2 469
Шығыстар, барлығы	3 441	3 765
Бір жылға пайда/(шығын)	(2 444)	(1 296)
- оның ішінде негізгі компанияға қатысушы (БХК)	(2 403)	(1 270)

Есептік кезеңде шығыстарды қысқарту, негізінен, жалпы және әкімшілік шығыстар және жобаларды іске асыру кестесін қайта қарау себепті өзіндік құн бойынша үнемге байланысты.

Бұл ретте, 2014 жылы БХК ЕТҰ қызметтің инвестициялық сатысында болды, өндірістік қызмет осы кезеңде жүзеге асырылған жоқ. Тиісінше, дайын өнімді өткізу және ЕТҰ негізгі қызметінен кірістер алу есептік кезеңде болған жоқ. Нәтижесінде, 2014 жылғы қорытындылар бойынша БХК шоғырландырылған шығыны 1,3 млрд теңгені құрады.

БХК активтер қоржыны 12 еншілес және тәуелді ұйымдарды, оның ішінде 7 еншілес ұйымды, 2 тәуелді ұйымды, 3 бірлесіп бақыланатын ұйымды қамтиды. БХК активтері құрылымының БХК Жалғыз қатысушысы – «Самұрық-Қазына» АҚ қоса алғанда, 4 басқару деңгейі бар.

БХК қоржыны 11 инвестициялық жобаны, оның ішінде химия және мұнай-химия өнімдерін шығаратын жаңа өндірістерді құру жөніндегі 9 өндірістік жобаларды және «ҰИМТ» АЭА және «ХимПаркТараз» АЭА жалпы инфрақұрылымын құру бойынша 2 инфрақұрылымдық жобаны құрайды.

БХК компаниялар тобының жалпы персонал саны өндірістік персонал – 211 адамды қоса алғанда, 603 адамды құрайды, оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп КҚЗ БК» ЖШС – 126 адам, «Полимер Продакшн» ЖШС – 20 адам, «KPI Inc.» ЖШС – 65 адам.

## 2-КЕСТЕ. 2012-2014 жылдарға қызметтің негізгі көрсеткіштері

Баптардың атауы	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	
	іс жүзінде	іс жүзінде	жоспар	іс жүзінде
ROACE, %	(4,8)	(4,2)	(5,7)	(1,4)
EBITDA margin, %	(409,2)	(299,5)	(384,8)	(171,2)

Осыған байланысты, компания дамудың инвестициялық кезеңінде және жоспарлы-шығынды болып табылады, негізгі қаржылық ҚНҚ теріс болып табылады (2-кесте). Бұл ретте, 2012–2014 жылдардағы кезеңге күкірт кесегін өткізудің өсуі есебінен пайда болатын оң серпін байқалады.

**Трансформациялау бағдарламасын іске асыру**

Трансформациялау бағдарламасының шеңберінде 2015 жылдан бастап компанияның акционерлік құнын ұлғайтуға бағытталған стратегиялық ҚНҚ өзгертіліп, жаңасы енгізілді (EVA, құнның өсуі).

Трансформациялаудың жол картасына сәйкес БХК 2016 жылы оны іске асыруға кіріседі.

## 4.4. «ТАСЫМАЛДАУ» СЕГМЕНТІ

## 4.4.1. «Қазақстан темір жолы» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

[www.railways.kz](http://www.railways.kz)


«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚТЖ) – басқаратын активтерінің көлемі \$3,5 млрд асатын Қазақстан Республикасындағы ірі холдинг.

Компания ұзындығы 14,8 мың км, электрленген учаскелері – 4,2 мың км елдің темір жол магистральдық желісіне сүйенеді. Олардың 2000 км жуығын компания Қазақстанның транзиттік басымдылығын біршама нығайта отырып, 2010–2013 жылдарды қоса алғандағы кезеңде салды.

Компанияның мүдделер саласында жүк және жолаушылар тасымалдары, логистика, телекоммуникация, инфрақұрылым, инвестициялық жобалар. ҚТЖ-ның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.

Компанияның негізгі даму міндеттері:

- Еңбек өнімділігінің өсуі;
- Жүрдек жолаушылар қозғалысын дамыту және ұйымдастыру;
- Жүк тасымалдау саласында көшбасшылық ұстанымды қамтамасыз ету;
- Отандық темір жол машинасын жасау саласын құру.

Бүгінгі таңда Компанияда үш біршама беделді рейтингілік агенттіктердің рейтингілері бар:

1. Standard & Poor's –BBB-/Тұрақты деңгейінде;
2. Fitch Ratings – BBB-/Позитивтік деңгейде;
3. Moody's Investors Service – Baa3/Тұрақты деңгейінде.

**Каржылық көрсеткіштер**

ҚТЖ-ның негізгі көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

## 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер,\* млн теңге

Атауы	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	879 380	896 255
Шығыстар, барлығы	760 944	862 698
Бір жылға пайда/(шығын)	118 436	33 557

\* Шоғырландырылған көрсеткіштер.

ҚТЖ компаниялар тобының **кірістері** 2014 жылы 896,3 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы деңгейден 2%-ға жоғары (1-кесте). Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден кірістер 881,2 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы кірістер деңгейінен (870,2 млрд теңге) 1,3%-ға жоғары. Кірістерді ұлғайту 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап жүк қозғалысында және жолаушылар қозғалысында тарифтердің 7%-ға өсуіне, сондай-ақ берілетін қызметтер көлемінің өсуі есебінен қосымша-көмекші қызметтен кірістердің 13,7%-ға өсуіне, бөлінетін субсидиялардың 3,2%-ға өсуіне, алынған айыппұлдардан түсетін кірістердің 2 есеге өсуіне байланысты.

ҚТЖ компаниялар тобының **шығыстары** 862,7 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы ұқсас кезеңдегі деңгейден 13,4%-ға жоғары. Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны 634,2 млрд теңгені құрады. 2013 жылғы ұқсас кезеңге (575,4 млрд теңге) қарағанда өзіндік құны 10,2%-ға өсті. 2013 жылғы деңгейге қарағанда шығыстардың өсуі, негізінен, 2013

жылғы 1 желтоқсаннан бастап компаниялар тобының қызметкерлеріне жалақыны арттыруға (ҚТЖ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2012–2014 жылдарға арналған ұжымдық шарттың талаптарын орындау), сондай-ақ 2014 жылғы 1 сәуірден бастап өндірістік персонал қызметкерлеріне жүргізілген жалақыны 10%-ға арттыруға; поездарды тартуға электр энергиясы көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ бағаның 10,8%-ға өсуі; дизель отынына бағаның 10,2%-ға ұлғаюы есебінен отынға шығыстардың өсуіне; жұмыстар мен қызметтерге төлемге шығыстардың

өсуіне және негізгі құралдардың жаңа объектілерін пайдалануға енгізуге; сондай-ақ қосымша қарыздар тарту есебінен қаржыландыруға шығыстардың өсуіне байланысты туындады.

2014 жылдың қорытындылары бойынша **компанияның жиынтық таза пайдасы** 33,6 млрд теңгені құрады.

#### Өндірістік көрсеткіштер

ҚТЖ негізгі өндірістік көрсеткіштері 2-кестеде берілген.

#### 2-КЕСТЕ. 2012-2014 жылдарға қызметтің негізгі көрсеткіштері

Атауы	Өлшем бірлігі	2013 ж.	2014 ж.	%-ға ауытқу
Тарифтік жүк айналым	млн т-км	231 248	216 524	-6,4
Тиеу	мың тонна	255 232	247 161	-3,2
Жүк тасымалданды	мың тонна	293 602	275 261	-6,2
Жолаушылар айналымы	млн жолаушы-км	19 125	18 317	-4,2

**Тарифтік жүк айналымы** 216 524 млн т-км құрады. 2013 жылғы ұқсас кезеңдегі іс жүзіндегі көрсеткішке азаю 6,4%-ды құрады, ол астық пен құрылыс жүктерін қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша тасымалдарды азайтуға байланысты (-кесте). Қатынастары түрлерінің құрылымында жүк айналымы мыналарды құрады:

- республика ішіндегі қатынаста 0,6%-ға азаю тасымал көлемінің 1,4%-ға азаюы есебінен;
- сыртқа шығару бойынша 11,0%-ға азаю тасымалдау көлемінің 12,8%-ға азаюы есебінен;
- әкетілім бойынша 18,9%-ға азаю тасымалдау көлемінің 16,3%-ға азаюы есебінен;
- транзиттің 1,3%-ға өсуі тасымалдың орташа қашықтығының 1,2%-ға өсуі есебінен.

**Жүктерді тиеу** 247 161 мың тоннаны құрады. 2013 жылғы фактіге қарағанда 3,2%-ға азаю, ол қара металдар мен құрылыс жүктерін қоспағанда жүктердің барлық түрлері бойынша жөнелтілімнің азаюына байланысты.

**Жүк әкелу** 275 261 мың тоннаны құрады. 2013 жылғы ұқсас кезеңдегі фактіге қарағанда 6,2%-ға азаю, ол негізінен, көмір, мұнай және мұнай өнімдері, темір және түсті рудалар бойынша тасымалдауның азаюына байланысты.

**Жолаушылар айналымы** (жеке тасымалдаушыларды қоса есептегенде) 18 317 млн жолаушы-км құрады, ол 2013 жылғы ұқсас кезең фактісінен 4,2%-ға төмен.

Азаю ҚР аумағы бойынша өтетін «бөтен» теміржол әкімшілігінің құрама поездары бойынша байқалады, ол мыналарға:

- бірақатар поездарды алып тастауға;
- теміржол көлігімен тасымалдауға жолаушылардың сұранысының азаюына байланысты транзиттік поездарға елді-мекендердің азаюына байланысты.

#### Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

ҚТЖ «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымдарының алғашқылары болып ҚТЖ компаниялар тобының Бизнесті трансформациялау бағдарламасын құрылысдап, іске асыруға кірісті.

Компанияның күшті және әлсіз жақтарын сыртқы орта жағдайына және болжамдалған серпінге олардың салыстырып талдау оның стратегиялық көрініске сәйкес келетін сапалы жаңа деңгейге өтуі үшін трансформациялау жүйесінің мақсатын, міндетін және мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

2014 жылғы 9 айда Бағдарламаның жобалау инфрақұрылымы дайындалып, ҚТЖ жобалау командасы жұмылдырылды. 31.12.2014 жылғы жағдай бойынша команда «Диагностика және Дизайн» сатысы шеңберінде сатының 38 қорытындысының 17-ін консультанттардың қатысуынсыз дербес аяқтады. Консультанттарды қосқаннан кейін дизайн бойынша жобалау жұмыстары жалғастырылатын болады.

#### «Халықтық IPO» бағдарламасы

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына сәйкес ҚТЖ-ның IPO-ға шығуы 2015 жылдан кейін жоспарланды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 429 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес 2016 жылы 10%-1 акция мөлшерінде ҚТЖ акцияларын IPO-ға шығару және «Қазтеміртранс» АҚ-ның 49% акциялар пакетін сауда-саттықта өткізу жоспарланып отыр.

## 4.4.2. «ЭЙР АСТАНА» АҚ



«Эйр Астана» АҚ – жоғары қауіпсіздік көрсеткіштерімен және халықаралық дейгейдегі техникалық сараптамасы бар жылдам өсіп келе жатқан халықаралық авиакомпания, Қазақстан Республикасының ұлттық тасымалдаушысы. «Эйр Астана» авиакомпаниясының 2001 жылы негізі қаланды және 2002 жылы мамырда өзінің бірінші рейсін орындады. «Эйр Астана» «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (51%) мен BAE Systems британ компаниясының (49%) бірлескен кәсіпорны болып табылады. Авиакомпания Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының толыққанды мүшесі (IATA), EASA дерективі 145 бөлігінің талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындауға Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі сертификаттаған және IATA IOSA тасымалдаушысы аккредиттеген Қазақстандағы бірінші тасымалдаушы болып табылады. «Эйр Астана» – соңғы екі жыл ішінде «Skytrax» халықаралық рейтингілік агенттігінің нұсқасы бойынша 4 жұлдызды рейтингі бар 35 авиакомпанияның бірі және «Шығыс Еуропа және ТМД» өңірінде 4 жұлдызы бар тасымалдаушы. Сондай-ақ 2012 және 2013 жылдары компания «Орталық Азия мен Үндістанда үздік авиакомпания» атағын алды.

**Міндет**

Біз Еуразия жүрегінен әлемдегі ең үздік әуекомпаниялардың бірін құрып жатырмыз.

**Мақсаттар**

Біз ең жоғары халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етеміз.

Біз аймақтағы клиенттерге ең жоғары деңгейдегі қызмет көрсететін ең сенімді әуекомпания болып табыламыз және болуға міндеттіміз.

Біз әуе кемелер паркінің, ұшу географиясының және ұсынылатын өнімнің тиімді өсуін қамтамасыз етеміз.

Біз шыншылдық пен іскерлік этиканың ең жоғары стандарттарын ұстанамыз.

Біз қызметкерлерді олардың сіңірген еңбегіне сәйкес жұмысқа тартып, бағалап, марапаттап, оларға өз әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік береміз.

Біз – әлеуметтік тұрғыдан жауапкершілігі мол ұйымбыз.

Біз Қазақстанның жаһандық елшісі болып табыламыз.

**Қаржылық көрсеткіштер**

Компанияның кірістері 2014 жылы 167,8 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы ұқсас кезеңдегі деңгейден 13,9%-ға немесе 20,5 млрд теңгеге жоғары және жолаушылар ағынының 3%-ға өсуі есебінен жолаушылар тасымалынан кірістің 13%-ға немесе 13,5 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты (1-кесте). Бұл ретте, 2014 жылдың басында теңгенің құнсыздануына байланысты ЖӘЖ-ге тарифтер қайта қаралды, орташа алғанда 5% және одан жоғары.

**1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге**

Атауы	2013 жыл	2014 жыл
Кірістер, барлығы	147 352	167 819
Шығыстар, барлығы	139 538	164 333
Бір жылға таза пайда/(шығын)	7 814	3 486

2014 жылы шығыстар 164,3 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылмен салыстырғанда 17,8%-ға немесе 24,8 млрд теңгеге артық.

2014 жылға жиынтық таза пайда 3,5 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы ұқсас көрсеткіштен 55%-ға немесе 4,3 млрд теңгеге төмен. Жағымсыз әсер етудің негізгі себептері терім бағам айырмасы болып табылады, сондай-ақ опцион негізделетін шикі мұнайға бағаның төмендеуіне байланысты опциндарды (туынды қаржылық инструменттер) нарықтық қайта бағалау (mark to market) да жағымсыз әсер етті.

**Өндірістік көрсеткіштер**

2014 жылы 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда өндірістік көрсеткіштердің ұлғаю үдерісі байқалады (2-кесте). Мәселен, жолаушылар ағынының ұлғаюы 3%-ды немесе 94 847 адамды құрады, ол ішкі бағыттардағы жолаушылар ағынының 3%-ға және халықаралық бағыттарда 2%-ға өсуіне байланысты.

2-КЕСТЕ. Өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
		іс жүзінде	іс жүзінде	іс жүзінде	іс жүзінде
<b>Қызмет түрлері бойынша көрсеткіштер *</b>					
Жолаушылар жеткізілді	мың адам	3 057	3 245	3 675	3 770
Жүктер, почта және қол жүктер жеткізілді	тонна	19 692	22 076	23 810	18 960
Орындалған жолаушылар айналымы	мың жолаушы км	5 828 398	6 397 846	7 452 866	7 549 907
Ұшу сағаты	сағат	79 006	84 501	96 344	98 982
Ұшақтардың ұшу саны	бірлік	32 221	34 634	38 891	40 218
Жолаушылар жүктемесінің пайызы	%	69%	68%	65%	65%

Осы өсу Астана-Лондон-Астана және Астана-Бангкок-Астана жаңа бағыттарының ашылуына байланысты, сондай-ақ қолданыстағы бағыттарда жиіліктер ұлғайды. Бұл ретте, жеткізілген жүк пен номативтен тыс қол жүгі көлемінің тиісінше 23%-ға және 24%-ға азаюы салдарынан, 2013 жылмен салыстырғанда жүк айналымының 20%-ға немесе 4 850 тоннаға азаюы байқалады.

«Жолаушылар жүктемесінің пайызы» көрсеткіші 2013 жылғы деңгейде және ӘК паркінің кеңеюіне байланысты (Боинг 767 үлгісіндегі жеке ӘК сатып алу), бұл ретте компанияның басшылығы 2014 жылы өткізілетін ыдыстарды оңтайландыру жөніндегі бағдарламаны жүргізді.

**Инвестициялық қызме**

3-КЕСТЕ. Күрделі қаржы, млн теңге

2014 ж.	2014 ж.	Жоспардың %	2013 ж.	2013 жылға қарағанда %
жоспар	іс жүзінде		іс жүзінде	
19 158,8	20 341,8	106%	57 237,2	36%

2014 жылы 2013 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда күрделі қаржы 64%-ға азайды (3-кесте). Күрделі қаржы бойынша көрсеткішті азайту 2013 жылы ӘК паркін кеңейтуге байланысты. Мәселен, 2013 жылы Боинг 767 үлгісіндегі 2 ӘК, Эйрбас

320 үлгісіндегі 3 ӘК және Эмбраер 190 үлгісіндегі 1 ӘК сатып алынды, бұл ретте 2014 жылы компания Боинг 767 үлгісіндегі бір ӘК ғана сатып алды.

## 4.5. «ЭНЕРГЕТИКА» СЕГМЕНТІ

[www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)

### 4.5.1. «KEGOC» АҚ



«KEGOC» АҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық желісін басқаратын және Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы болып табылатын компания.

#### Миссиясы

Қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

#### Көрінісі

2025 жылы «KEGOC» АҚ өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы әлемдік деңгейдегі компания мен құзыреттер орталығына айналады.

#### Негізгі стратегиялық мақсаты

Жаһандық экономикада бәсекеге қабілетті компанияны құру.

#### Қаржылық көрсеткіштер

Компанияның 2014 жылғы барлық кірісі 111,6 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 40,1%-ға артық.

2014 жылдың қорытындылары бойынша 8,6 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алынды, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен 23,1 млрд теңгеге артық (1-кесте).

Көрсеткіштерді жақсартуға 2014 жылы «құрылыс» класы бойынша негізгі қаражатты қайталама қайта бағалау жүргізу әсер етті, оның нәтижесінде 14,3 млрд теңге сомасында құрылыстар класы бойынша негізгі құралдардың құнсыздануынан шығынды қалпына келтіруден кірістер есептелді (негізгі құралдардың құнын азайтудан шығынды ескере отырып).

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	79 179	111 635
Шығыстар, барлығы	93 679	103 019
Бір жылға пайда/(шығын)	(14 500)	8 616

#### Халықтық IPO бағдарламасы

«Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде 2014 жылы компания Қазақстандық қор биржасына акцияларды орналастыруға екінші эмитент ретінде таңдалды. «KEGOC» АҚ 10% минус бір акциясын немесе 25 999 999 акция орналастырды.

Нәтижесінде «KEGOC» АҚ компанияны дамытуға, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталатын 13 млрд теңге мөлшерінде қаражат тартты. KEGOC акционерлері 40 мыңнан астам жеке тұлғалар, ҚР азаматтары болды. Көптеген акционерлер және оның өкілдері акционерлердің жиналысына қатысты, осылайша Қазақстан Республикасының ірі электр желілік компанияларын басқаруға қатысу – бірегей құқығын іске асырды.

#### Инвестициялық қызмет

Өңіраралық желіні дамыту және жаңа генерациялайтын қуаттарды енгізу жоспарланған қуаттарды беруді ескере отырып, Компания ұлттық электр желісін жаңғыртуға, республиканың электр энергиясын тұтынушыларға мұқтаждықты жабу мақсатында жаңа электр энергетикасы объектілерін салуға, экспорттық және транзиттік әлеует құруға бағытталған бесленді инвестициялық саясат жүргізеді.

2014 жылы Компания мынадай жобаларды іске асыруды жалғастырды:

#### «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту, II-кезең» жобасы

Жобаны іске асыру мақсаты электр жабдығының тиімді тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін және сапасын, техникалық және экологиялық қауіпсіздігін арттыру, жабдыққа қызмет көрсетуге және жөндеуге пайдалану шығындарын азайту.

Кіші станцияларды жаңғырту жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстары толығымен аяқталды. Мемлекеттік қабылдау комиссияларының актілерімен барлық 55 кіші станция пайдалануға енгізілді. Жобаны іске асырудың 2-ші кезегі бойынша «Түлкібас – Бурное» 220 кВ ЖЖ трассасын таңдау және келісу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде, инженерлік іздеулер бойынша жұмыстар аяқталды.

#### «Қазақстанның ҰЭЖ 500, 220 кВ желілерге қосатын 500/220 кВ Алма КС салу» жобасы

Жобаның мақсаты – Алматы өңірінің электрмен жабдықталу сенімділігін қамтамасыз ету, Балқаш ЖЭС бірінші кезекті қуатын беру (1320 МВт), Алматы спутник қалаларын дамытуға техникалық мүмкіндік құру, Алматы қаласы индустриалдық паркін салу.

Жобаны іске асыру аяқталды, барлық объектілер Мемлекеттік қабылдау комиссияларының актілерімен пайдалануға енгізілді.

#### **«Екібастұз – Шүлбі СЭС (Семей) – Өскемен 500 кВ желісін салу» жобасы**

Жобаны іске асыру мақсаты Солтүстік – Шығыс қимасында желілердің өткізу қабілетін ұлғайту, Ресей БЭС желілері арқылы электр энергиясының транзитінен тәуелсіз Шығыс Қазақстан облысының тапшылықтарын жабуды қамтамасыз ету және контрреттеуші – Бұлақ СЭС пайдалануға енгізу кезінде Шүлбі СЭС (ШСЭС) толық қуаттылығын беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Жоба Мемлекет басшысының 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына кіргізілді.

#### **«Шүлбі СЭС (Семей) - Ақтоғай – Талдықорған – Алма 500 кВ ЖЖ салу» жобасы**

Жобаны іске асыру Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік бағытында ҰЭС транзиттік әлеуетін ұлғайтуға, теміржолдардың электрмен қамтамасыз етілетін учаскелерінің, Тау-Кен өнеркәсібінің энергияны қажетсінетін объектілерінің электр энергиясына мұқтаждығын жабуды қамтамасыз етуге, шекаралық аумақтарды дамыту үшін жағдайлар жасауға және жаңартылатын энергия әлеуетін ауқымды игеруге, сондай-ақ Шығыс аймағының Қазақстанның бірыңғай электр жүйесімен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді.

Жоба Мемлекет басшысының 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына кіргізілді.

#### **«Осакаровка БТКС 220 кВ ЖЖ жаңғырту» жобасы**

Жобаның мақсаты – Астана қаласы тұтынушыларының электрмен жабдықталу сенімділігін арттыру, сондай-ақ қалада және Астана қаласы индустриалдық аумағында салу жоспарланған объектілерде электр энергияға өсіп келе жатқан мұқтаждықты қамтамасыз ету.

Жобаны іске асыру бойынша барлық құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Объект 2014 жылғы қазанда мемлекеттік комиссияның қортыныдысымен пайдалануға енгізілді.

#### **«Қазақстанның БЭЖ-імен Павлодар энергия торабы байланысын күшейту» жобасы**

Жобаны іске асыру мақсаты Павлодар қаласы тұтынушыларының электрмен жабдықталу сенімділігін қамтамасыз ету және Қазақстанның БЭЖ-іне қаланың электр станцияларының қуатын беру болып табылады.

2014 жылы 26,3 млрд астам теңге игерілді, оның ішінде ірі стратегиялық жобаларды іске асыруға – 21,5 млрд теңге, қолданыстағы активтерді жаңартуға және ауыстыруға – 3,9 млрд теңге.

## 4.5.2. «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

[www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz)



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Самұрық-Энерго) акционері «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады, оған компанияның акциялар пакетінің 100%-ы тиесілі. Самұрық-Энерго активтерінің құрылымы 4 деңгейдегі 40 компаниядан тұрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жарғылық капиталы 355,4 млрд теңгені құрайды. Самұрық-Энергоның жарияланған акцияларының саны 5 602 187 жай акцияны, Самұрық-Энергоның орналастырылған акцияларының саны – 5 585 437 жай акцияны құрады.

#### **Миссиясы**

Еліміздің экономикасының жоғарғы қарқынмен дамуын қолдау үшін және қазақстандықтардың тіршілік ету деңгейін арттыру үшін тұрақты даму арқылы жаһандық энергия экологиялық бастамалар шеңберінде электр және жылу энергиясының, сондай-ақ көмірдің сенімді және тиімді өндірісі мен жеткізілуін қамтамасыз ету.

#### **Көрінісі**

Еуразиялық маңызға ие бәсекеге қабілетті электр энергетикалық холдинг.

#### **Мақсаты**

Негізгі мақсаты – электр энергиясы мен көмірдің жеткізілу сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР БЭЖ тұрақтылығын қолдау.

Самұрық-Энерго осы мақсаттарға мына міндеттерді жүзеге асыру арқылы қол жеткізетін болады:

- 1) ұлттық маңыздағы станцияларға бақылау орнату.
- 2) генерациялау құрылымына оңтайландыру жүргізу.
- 3) резервтік қуаттылықтарды қамтамасыз ету.
- 4) экспортталатын/импортталатын электр энергиясын сату-сатып алуды орталықтандыру және экспорттық әлеуетті дамыту.

#### **Қаржылық көрсеткіштері**

Самұрық-Энергоның 2014 жылғы кірісі 261,3 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылғы осындай көрсеткішінен 90%-ға артық (1-кесте).

## 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	137 428	261 323
Шығыстар, барлығы	95 552	248 073
Бір жылға пайда/(шығын)	41 876	13 251

## 2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер

	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
Электр энергия өндірісі, млрд кВт-с	17,4	33,5	28,2
Жылу энергиясы өндірісі, мың Гкал	7 471	6 786	7 561
Көмір өндіру, млн тонна	44	41,7	38

2014 жылы электр энергиясының өндірісі 28,2 млрд кВтс. құрады, ол 2013 жылға қарағанда 15,8%-ға аз. Төмендеу электр энергияны тұтынудың азаюына байланысты.

Көмір өндіру 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 8,9%-ға қысқарды және 38 млн тоннаны құрады. Көмір өндірудің азаюына электр энергияны өндірудің азаюы және Ресейге көмір экспортын қысқарту әсер етті.

**Трансформациялау бағдарламасын іске асыру**

«Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының трансформациялау бағдарламасының Жол картасына сәйкес, приступит к реализации стадии с марта 2015 жылғы наурыздан бастап «0» сатыны іске асыруға кіріседі.

**«Халықтық IPO» бағдарламасы**

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген Қорды еншіле және тәуелді ұйымдарының акцияларын бағалы қағаздар нарығына бастапқы орналастыру бағдарламасына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Халықтық IPO бағдарламасының шеңберінде қор нарығына шығуы 2015 жылға жоспарланып отыр.

2014 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша таза пайда 13,3 млрд теңгені құрады. 2013 жылмен салыстырғанда пайда 28,6 млрд теңгеге немесе 68,4%-ға азайды.

**Өндірістік көрсеткіштер**

Негізгі өндірістік көрсеткіштер 2-кестеде көрсетілген.

**Инвестициялық қызмет**

Самұрық-Энергоның инвестициялық қызметі капиталды қажетсінетін бағыт болып табылады. Жобаларды бұдан әрі Самұрық-Энергоның, ЕТҰ-ның меншік қаражаты, республикалық бюджет пен Ұлттық қордың қаражаты есебінен, сонымен қатар қазақстандық және халықаралық қаржы институттарының қарыздық қаражатының есебінен қаржыландырылады және жоспарланады. Капитал салымдары көлемінің үлкен болуы, сондай-ақ жобаларды жүзеге асырудың ұзақ мерзімі салдарынан қазақстандық және шетелдік банкілер жобалардың экономикалық тиімділігі көрсеткіштеріне және экологиялық талаптарды сақтауға ерекше көңіл бөледі.

Қоғамның іске асырылып отырған инвестициялық жобалар қоржынына 16 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру жұмыс істеп тұрған станциялардың белгіленген қуаттылығын ұлғайту және жаңа қуаттылықтар құру арқылы Қазақстанның электр энергиясы мен электр энергиясындағы тапшылығын жабуға мүмкіндік береді. Олардың 6 жобасы ҮИИДМБ шеңберінде және Индустриалдандыру картасы шеңберінде іске асырылуда.



## 4.6. «ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ПОЧТА БАЙЛАНЫСЫ» СЕГМЕНТІ

www.telecom.kz

### 4.6.1. «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ



«Қазақтелеком» акционерлік қоғам – ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынатын Қазақстан Республикасының ең ірі байланыс операторы. Компания Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпарат жән ақпараттандыру комитеті 09.10.2014 жылы берген № 14014826 бас лицензия негізінде әрекет жасайды.

«Қазақтелеком» АҚ – орталықтандырылған түрде басқарылатын заңды тұлға, оның құрамында 23 филиал, сондай-ақ Ресей Федерациясында, Қытай Халық Республикасында өкілдіктері бар.

Компанияның Орталық кеңсесі Қазақстанның бас қаласы – Астана қаласында орналасқан. Компанияда шамамен 29 мың адам жұмыс істейді. «Қазақтелеком» АҚ-ның елдің әр облысында өңірлік бөлімшелері бар және елдің бүкіл аумағында байланыс қызметтерін беруді қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда компания 4 млн астам тұрақты байланыс абоненттеріне қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы телефонмен қамтылу тығыздығы орта есеппен әр 100 адамға 23,67 тұрақты телефон желісін құрайды.

Компанияның телекоммуникация желісіне Қазақстан Республикасының 120 астам байланыс операторының желісі қосу жүзеге асырылды. Бұдан басқа, «Қазақтелеком» АҚ алыс және жақын шетелдегі 40-тан астам операторлармен тығыз байланыс жасап, өзара әрекет жасайды.

#### Қаржылық көрсеткіштері

Берілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған «Қазақтелеком» АҚ жүргізетін телекоммуникация желілерін жоспарлы жаңғырту және одан әрі дамыту телекоммуникация қызметтерінің сұранымға ие болу және тұтынылу деңгейінің артуына мүмкіндік берді, ол Компанияның кіріс деңгейіне ықпал етті (1-кесте).

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Атауы	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	198 233	214 522
Шығыстар, барлығы	178 672	207 798
Бір жылға пайда/(шығын)	19 561	6 724


2014 жылы бар-жоғы 214,5 млрд теңге сомасында кіріс есептелді, ол 2013 жылғы деңгейден 8,2%-ға жоғары.

Шығыстардың бар-жоғы, тұтастай алғанда, 207,8 млрд теңге құрады, ол 2013 жылғы деңгейден 16,3% жоғары.

Жиынтық пайда 6,7 млрд теңге сомасында алынды, ол 2013 жылғы деңгейден 65,6%-ға төмен.

2014 жылғы «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобындағы негізгі қызметтен түскен тұтастай алғандағы кіріс 208,2 млрд теңге сомаға есептелді, ол 2013 жылдағы деңгейге қатысты 9,1%-ға өсті.


#### 1-ДИАГРАММА. «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы бойынша кірістердің құрылымы



2014 жылы біршама үлес салмақты мына кірістер алады;


- деректер беру желілері қызметтерінен, «Қазақтелеком» АҚ кірістерінің жалпы құрылымындағы үлесі 44,3%-ды құрады;
- жергілікті телефон байланысы қызметтерін беруден, кірістерінің жалпы құрылымындағы үлесі 22,8%-ды құрады;
- қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін беруден, оның кірістерінің жалпы құрылымындағы үлесі 5,2%-ды құрады (1-диаграмма).

2-ДИАГРАММА. 2013 жылға қарағанда 2014 жылғы кірістер құрылымындағы өзгерістер, млн теңге




Қазіргі сәтте ұтқыр операторлар мен IP-желілеріне (Viber, Skype) тіркелген телефонияның дауысты трафигінің асыра келуі және жеке тұлғалар сегментінде тіркелген желілердің азаюы байқалады, ол ұтқыр байланыстың жоғары қарқынмен өнуіне және ұтқыр қызметтерге тарифтердің төмендеуіне, оның ішінде виртуалдық анықтамалық қызметке өтуге байланысты. Көшбасшылықта – деректер беру қызметтері және жергілікті телефон байланысы қызметтері (2-диаграмма).

3-ДИАГРАММА. 5 жылға кірістердің біршама маңызды баптарының серпіні, млн теңге



Соңғы бірнеше жылда дыбысты трафик көлемінің азаюы және тиісінше, ұтқыр байланыстың жоғары қарқынмен өнуі, ұтқыр операторлардың төменгі тарифтері, қайта хабарласу және ауыстырғыш қызметтердің (VoIP, Skype және басқалар) баламалы түрлерінің танымалдығының өсуі салдарынан абоненттік сегмент бойынша ММТС қызметтерінен кірістердің өсу қарқыны байқалады (3-диаграмма).

4-ДИАГРАММА. 1 қызметкерге кірістер, мың теңге



Бір қызметкерге кірістерде оң серпін байқалады (4-диаграмма). 2014 жылы осы көрсеткіш 7180 мың теңгені құрады, ол 2013 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға артық.

**Өндіріктік көрсеткіштер**

Компанияның қызметінің негізгі индикаторлары 2-кестеде берілген.

2-КЕСТЕ. Қызметтің негізгі индикаторлары

<b>Қаржылық көрсеткіштер</b> (шоғырландырылған)	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>2012 ж.</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Қызметтерді өткізуден кірістер	млн теңге	175 669	190 867	208 223
Таза пайда	млн теңге	222 130	19 614	7 484
ЕБИТДА	млн теңге	69 068	65 829	61 580
ЕБИТДА margin,	%	39	34,5	29,6
Күрделі қаржы	млн теңге	63 270	61 503	55 154
<b>Тиімділік көрсеткіштері</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>2012 ж.</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
ROACE	%	62,5	7,1	6,1
Бір абонентке орташа кіріс (ARPU)	теңге/ай	2 823	3 086	3 413
Ұтқыр абонентке ARPU	мың теңге/ай	719	667	602
Қызметкерлердің саны	адам	29 237	29 847	29 000
Бар-жоғы 1 қызметкерге кірістер	мың теңге	6 008,4	6 394,8	7 180,1
<b>Активтер туралы мәліметтер</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>2012 ж.</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Ұзақ мерзімді кредиттер	млн теңге	63 786	36 029	56 426
Жеке меншік капитал	млн теңге	276 748	265 503	270 309
<b>Техникалық көрсеткіштер</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>2012 ж.</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Тіркелген желілердің саны	желі	4 047 566	4 085 811	4 063 258
Жергілікті желіні цифрландыру деңгейі	%	97,2	98,2	99,06
Тіркелген КАҚ абоненттерінің саны	абоненттер	1 203 897	1 467 520	1 543 138
Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны	абоненттер	1 125 991	628 521	851 264
Ұтқыр КАҚ абоненттерінің саны (EVDO, LTE, UMTS)	абоненттер	75 966	112 373	410 133

**Трансформациялау бағдарламасын іске асыру**

«Қазақтелеком» АҚ компанияны дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірледі, оның негізгі мақсаты 2022 жылға қарай компанияның акционерлік құнын екі есе ұлғайту және оны инфокоммуникация нарығында көшбасшы қазақстандық біріктірілген операторға айналдыру болып табылады. Стратегия негізінде «Өрлеу» трансформациялау бағдарламасы қалыптастырылып, 2014 жылғы мамырдан бастап іске асыруға қосылды.

Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету үшін трансформациялау офисі қалыптастырылды, сондай-ақ сыртқы консультанттар (Адизес институты және BCG) тартылды.

Компания 2014 жылға жоспарланған бастамалардың 16 блогын және 36 жобаны іске асыруға кірісті. Атап айтқанда, ұйымдық тиімділікті арттыру, абоненттердің азаюын басқару, көпшілік және корпоративтің сегменттерде өнімді ұсыныстарды дамыту, ЕТҰ басқару жүйесін трансформациялау, инвестицияларды басқару, жылжымайтын мүлікті жабдықтау және басқару үдерістерін жетілдіру, сату жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі бастамалар басталды.

## 4.6.2. «ҚАЗПОЧТА» АҚ



«Қазпочта» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерге және халыққа почта-жинақтау қызметтерінің кең спектріні ұсына отырып, ұлттық почта байланысының операторы болып табылады.

Почта саласында «Қазпочта» АҚ хаттар мен сәлемдемелерді жіберу, жедел және курьерлік почта, почталық ақша аударымдары, баспа басылымдарын тарату бойынша қызметтер көрсетеді. Компания қаржы-банктік қызметтер саласында валюта-айырбастау операциялары, депозиттер, төлемдер қабылдау, есеп-кассалық қызметтер көрсету, инкассация және ақша мен құндылықтарды тасымалдау, бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтер, электрондық ақша аударымдары, трансфер-агенттік қызмет және т.б. сынды осындай қызметтерді ұсынады. Агенттік қызметтер саласында екінші деңгейдегі банктер ұсынатын тұтыну кредиттеріне қызмет көрсету белсенді түрде дамуда.

«Қазпочта» АҚ-ның облыстарда, аудандар мен ауылдық елді мекендерде кең филиалдық желілері бар, активтерінің құрылымы 2 деңгейдегі 3 компанияны құрайды.

**Миссиясы**

Барлық клиенттерге олардың мұқтаждығын қанағаттандыратын ҚР барлық аумағы бойынша қазіргі заманғы сапалы почта, қаржы, логистикалық қызметтер беру.

**Көрінісі**

2022 жылға қарай: халықаралық стандарттар деңгейінде және ҚР әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес жоғары сапалы қызметтер беретін, ел экономикасының маңызды элементі болып табылатын, инновациялық бағдарланған, ішкі және сыртқы нарықтық ортадағы өзгерістерге жылдам ден қоятын бизнес-құрылым. Компанияның бизнес-қоржыны – почта, қаржы, логистикалық қызметтер синергиясы қағидаттарында бірін-бірі толықтыратын, почта желісінің үш – физикалық, қаржылық, электрондық өзгерісін барынша тиімді пайдалануды ескере отырып, қалыптастырылған. Бизнес-стратегия Компанияның трансформациялау бағдарламасы бойынша негізделеді, оның түпкі мақсаты – санамаланған үш нарықтарда бәсекелестік басымдық алу, нарықтың алатын үлесін ұлғайтуға және кірістердің көлемін ұлғайтуға қол жеткізу.

**Қаржылық көрсеткіштер**

«Қазпочта» АҚ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

## 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
Кірістер, барлығы	29 350	32 762
Шығыстар, барлығы	29 185	32 617
Бір жылға пайда/(шығын)	165	145

2014 жылы таза пайданың болмашы азаюы байқалады, бұл компанияның шығыстарының өсу қарқынының кірістерінің өсу қарқынынан артуымен түсіндіріледі.

«ROACE» көрсеткіші 2014 жылы 2013 жылғы деңгеймен салыстырғанда 66%-ға төмендей отырып, 0,94%-ды құрады. Көрсеткіштің төмендеуі таза пайданың азаюы және Компания активтері өсуінің нәтижесінде қалыптасты.

«EBITDA margin» көрсеткішінің мәні 2014 жылы 2013 жылғы 6% көрсеткішке қарсы 1,04%-ды құрады. Көрсеткіштің 83%-ға төмендеуі 2014 жылғы 1 сәуірден бастап өндірістік персоналға жалақының 10%-ға артуы және Ұлттық Банктің жаңа шектеулерді енгізуіне байланысты агенттік қызметтерден кірістің азаюы нәтижесінде өзіндік құнның өсуіне байланысты.

Почта қызметтерінен кірістері жазбаша хат-хабарлар бойынша кірістердің 29%-ға, мерзімді баспа басылымдарынан кірістердің – 24%-ға, жылдамдатылған почта бойынша кірістердің –20%-ға өсуі есебінен есептік кезеңде 16,9%-ға өсті.

Қаржылық қызметтерден кірістер жалақы төлеу бойынша кірістердің 9%-ға өсуінің, ақша аударымдары бойынша кірістердің 12%-ға, өзге де қаржылық қызметтерден кірістердің 26%-ға өсуінің арқасында 2013 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға ұлғайды.

Агенттік қызметтерден кірістер жеке тұлғаларды кредиттеу бойынша ҚР Ұлттық банкі тарапынан талаптар енгізу салдарынан 47%-ға азайды (өтеу сомасы жалақының 50%-нан аспайды). Осының нәтижесінде «Қазпочта» АҚ-ның комиссиялық кірісі салдарынан Хоум Кредит банктің сатуының бірнеше есеге азаюы байқалады.

Есептік кезеңде компанияның жиынтық шығыстары 32,6 млрд теңгені құрады, ол 2013 жылғы деңгейден 7,6%-ға, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша 9,8%-ға, өзіндік құн бойынша 12,1%-ға және пайыздық шығыстар бойынша 4,7%-ға жоғары.

Жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша 2013 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шығыстардың өсуі, негізінен, «Қазпочта» АҚ Басқармасының 19.03.2014 жылғы шешімімен (№ 08 хаттама) бекітілген «Қазпочта» АҚ филиалдарының, өкілдіктерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережеге» сәйкес еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарауға байланысты әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу қоры бойынша, айлық есептік көрсеткіштің өсуіне (АЕК, 2013 жылы – 1731 теңге, 2014 жылы – 1 852 теңге) байланысты 27 млн теңгеге іссапар шығыстары бойынша, Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалға алынған алаңдарды ұлғайту нәтижесінде 77 млн теңгеге жалдау бойынша (Астана қ., Бизнес орталық, Зүбәржат орамы), ҚҚС есебінен 106 млн теңгеге салықтар бойынша және т.б. қалыптасты. Сонымен қатар, БАҚ жарияланымдары, материалдар, қызмет көрсету және жөндеу бойынша шығыстардың азаюы және т.б. байқалады.

## 2-КЕСТЕ. Негізгі өндірістік көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Почта қызметтерінің көлемі, млн бірік	311,58	369,1	320,8
Қаржылық қызметтердің көлемі, млрд теңге	794,7	822,1	874,4
Агенттік қызметтердің көлемі, млрд теңге	32,5	48,8	24,3

2014 жылы почта қызметтерінің көлемі 2013 жылғы деңгейге қарағанда 13,1%,-ға немесе еншілес және тәуелді ұйымдардың қызмет көлемінің азаюы есебінен 48 млн бірлікке азайды («Электронпост.kz» ЖШС).

2014 жылы қаржылық қызметтер саласында 2013 жылғы деңгейге қарағанда 6,4%,-ға өсу немесе Компания өткізген клиенттерді тарту жөніндегі жұмыстың арқасында 52,3 млрд теңгеге өсу байқалады.

Кредиттер беру бойынша қызметтер көлемі 2014 жылы жоспарға қарағанда 50,2%,-ға немесе 25 млрд теңгеге азайды, ол ҚР Ұлттық банкінің жаңа шектелер енгізуіне байланысты.

### Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

Қазіргі сәтте компания өзінің барлық қызметі бойынша сапалы нәтиже беру үшін, батыс почта компанияларынан еш қалыстайтындей бәсекеге қабілетті болу үшін барлық ішкі бизнес-үдерістерді трансформациялайды.

Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай белгілі бір жұмыстар атқарылды:

Қосылған құн құратын (сату, операциялық қызмет, қаржы, персонал және басқалар) компанияның 11 негізгі функционалдық бағыттары бойынша «Қазпочта» АҚ қызметін басқарудың мақсатты моделі әзірленді (1–2 деңгейдегі үдерістер картасы). Үдерістер саны (1-2 деңгейдегі) 200 жуықты

Өзіндік құнның өсуі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2014 жылғы 1 сәуірден бастап өндірістік персоналға жалақының 10%-ға артуына байланысты.

Жарнама бойынша шығыстардың 2013 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда және жоспардағы деңгейге қарағанда азаюы 2014 жылғы 1-жартыжылдықта компанияның позициясы бойынша нарықтағы стратегиялық тәртіптің нақтылануына, біршама тиімді ақпараттық арналардың анықталуына, біршама ауқымды медиа науқанды іске қосу үшін дайындық жұмыстарының өткізілуіне байланысты.

### Өндірістік көрсеткіштер

«Қазпочта» АҚ-ның негізгі өндірістік көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

құрайды, оның ішінде 120-ға жуығы перспективалық ретінде анықталды, негізінен, бұл сатуды, операциялық қызметті, сатып алуды, өндірістік қауіпсіздікті қозғаушы үдерістер.

Трансформациялаудың негізгі міндеттерінің бірі – Қазпochtаны сервистік және клиентке бағдарланған компания етіп жасау. Қызметтер тізбесінің кеңеюі, қызмет көрсету сапасының артуы және жаңа технологияларды енгізу түрінде Трансформациялау бағдарламасын іске асыру әсерін клиенттердің сезінуі күтілуде.

### Инвестициялық қызмет

2014 жылы Компанияда мынадай инновациялық жобалар басталды: төлем карточкасын шығаруға «Онлайн-өтінім»; қызметтер беру географиясын кеңейтетін почта маркаларын «Онлайн-сатып алу»; «Трек-нөмірлер» – почта жіберілімдерін алу орны туралы біршама егжей-тегжейлі логистикалық ақпарат алуға мүмкіндік беретін почта жіберілімдерін қадағалау жүйесін жаңарту жөніндегі жоба; клиент үшін почта жіберілімдерін алу уақыты мен орны қолайлы болуына мүмкіндік беретін «Автоматтандырылған постаматтар желісі» (Сауда-саттық және Сауда-көңіл көтеру орталықтары, вокзалдар және ы т.б.); «Print2Card» – MyKazpost ұтқыр қосымшасы арқылы онлайн режимде бүкіл әлемге жеткізетін открыткалар жасауға мүмкіндік беретін жоба; почта жіберілімдерінің түсуі/келуі туралы «SMS-хабарлама»; үйден шықпай мерзімді баспа басылымдарға жазылуға мүмкіндік беретін «Интернет-жазылым»; «Интернетке қол жеткізу нүктесі» – ауылдық елді мекендердің тұрғындарына

интернетке тегін қол жеткізу, сондай-ақ «Нұр Отан» қоғамдық қабылдау партиясымен, Қала және облыс әкімдіктерімен тікелей байланыс жасауға (сұрақтар қою және өз етініштерін қалдыру) мүмкіндігін беретін жоба; «Мобильный Postman» – көрсетілетін қызметтер, жұмыстар сапасын және оларға бақылауды арттыруға және курьерлердің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған қызмет.

2014 жылы инвестициялық бюджетті іс жүзінде игеру 1,9 млрд теңгені құрады.

*Өндірістік объектілерге күрделі қаржы*

Өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстауға ҚҚС қосылған жалпы сомасы, 6 млрд теңгеге күрделі қаржы жүзеге асырылды, оның 1,3 млрд теңгесі меншік қаражат есебіне, 267,8 млн теңгесі қарыз қаражатының есебінен (3-кесте).

3-КЕСТЕ. Өндірістік объектілерге күрделі қаржы, млн теңге

Атауы	Меншік қаражат	Қарыз қаражаты	Барлығы
Ғимараттар мен құрылыстар	195,1		195,1
Көлік құралдары:	504,4	267,8	772,3
Машиналар мен жабдықтар:	549,7		549,7
Өзге де негізгі қаражат	28,2		28,2
Материалдық емес активтер	38,1		38,1

## 4.7. «ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ЖОБАЛАРЫН БАСҚАРУ» СЕГМЕНТІ

### 4.7.1. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ

<http://fnsk.kz/rus/index.php>



«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры, СҚЖК) «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурызындағы № 265 қаулысына сәйкес құрылған.

Жылжымайтын мүлік қорының Жарғысына сәйкес мыналарды жүзеге асырады:

- тұрғын және коммерциялық үй-жайлар түрінде жаңа активтерді құру;
- құрылыс объектілерін қаржыландыру, аяқталған немесе салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінде тұрғын және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайлар сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті басқару (жалға беру, оның ішінде кейіннен сатып алу құқығымен жалға беру, жылжымайтын мүлікті сату, пайдалануға беру, ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және т.б.).

**Миссиясы**

Мегажобалардың зәкірлік девелопменті, «жасыл» технологияларды қолдана отырып, құрылысқа инвестиция беру, сондай-ақ құрылыс саласына инновациялар енгізу арқылы Қазақстан Ре-

спубликасының құрылыс саласын және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға жәрдемдесу.

**Көрінісі**

Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы мегажобаларының зәкірлік девелопменті және инновациялар енгізу бойынша жетекші компания

**Қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары**

- I. Компанияның ұзақ мерзімді қосылған құнын ұлғайту.
- II. Құрылыс саласына инновациялар енгізу.

«Компанияның ұзақ мерзімді қосылған құнын ұлғайту» атты бірінші стратегиялық бағыты бойынша негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1 Мегажобаларды іске асыруда зәкірлік девелопер болу.
- 2 Коммерциялық жылжымайтын мүліктің девелопменті. Жылжымайтын мүлік қоры жылжымайтын мүлік нарығының жеке капиталы жеткіліксіз болатын сегменттерінде ғана коммерциялық жобаларды іске асырумен айналысуға ниетті.
- 3 Қызмет тиімділігін арттыру. Жобаларды іске асыру үшін табыстың сыни факторы СҚЖК ішкі үдерістерін, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, персоналды тиімді басқару болып табылады.

«Құрылыс саласына инновациялар енгізу» атты екінші стратегиялық бағыты бойынша негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1 «Жасыл» технологияларды пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік девелопменті. Осы мақсат «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық шеңберінде «Жасыл орам» құрылысын, сондай-ақ «жасыл» құрылыс стандарттарына сәйкес сертифицикатталған «жасыл» тұрғын үй кешендерін салуды көздейді. Жылжымайтын мүлік қоры жылжымайтын мүлік нарығының жаңа сегментін қалыптастыратын елдегі бірінші девелопер болады.
- 2 Жылжымайтын мүлік девелопменті саласында озық тәжірибе трансферті. Жылжымайтын мүлік қоры кейінгі жобаларды іске асыру кезінде алынған білімді пайдалана отырып, құрылысқа инновациялар енгізу бойынша тәжірибесі бар әріптестерді тарта отырып, жобаларды іске асыруға ниетті.

Жылжымайтын мүлік қорының қаржылық көрсеткіштері 2014 жылы өткен жылмен салыстырғанда жақсарты, ол «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберінде жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты (1-кесте)

#### 1-КЕСТЕ. Негізгі қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл
Кірістер, барлығы	6 078	6 886
Шығыстар, барлығы	4 522	5 153
Бір жылға пайда/(шығын)	1 556	1 733

#### 3-КЕСТЕ. Өндірістік объектілерге күрделі қаржы, млн теңге

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
«Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы, мың шаршы м.	115,15	322,1	455
Тұрғын үй құрылысына тартылған жеке инвестициялардың үлесі, %	20,7	25,6	25
«Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберіндегі жылжымайтын мүлікті пайдалануға жыл сайын енгізу, мың шаршы м	-	23,9	140,6
Құрылыс салушылардың сатып алудағы қазақстандық қамту үлесі, %	74	73	81

Жылжымайтын мүлік пулы 31.12.2014 жылы 455 мың шаршы м. құрады, ол 31.12.2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 41%-ға ұлғайды. 2014 жылы жалпы сомасы 21,9 млрд теңге болатын құрылысты қаржыландыру бойынша 6 шарт жасалды, оның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының үлесі 133,3 мың шаршы м жылжымайтын мүлік пулымен 18,7 млрд теңге.

Сондай-ақ есептік кезеңде Жылжымайтын мүлік қоры ЖАО жер учаскелерінде тұрғын үй құрылысы жобалары бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге жұмыстарды сатып алу бойынша 2 шарт жасалды.

Қаржылық көрсеткіштер серпіні ұзақ өндірістік цикл тән құрылыс саласын қаржыландыру ерекшелігіне байланысты Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің кезеңділігін көрсетеді. Жылжымайтын мүлік объектілерін салу кезеңі, орташа алғанда, 1,5–3 жылда жүзеге асырылады. Құрылыс және инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден кірістердің азаюы, шығындарды капиталдандыруды ұлғайту байқалады. Негізгі қызметтен кірістердің өсуі объектілерді пайдалануға енгізгеннен кейін байқалады.

Дағдарысқа қарсы бағдарламадан түсетін негізгі кірістерді Жылжымайтын мүлік қоры 2010–2012 жылдары алды. «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша жылжымайтын мүлікті өткізу 2014 жылдың екінші жартысында басталды. Осы Бағдарлама бойынша негізгі кірістер 2015 жылдан бастап күтілуде.

#### 2-КЕСТЕ. Қаржылық ҚНҚ

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.
ROACE, %	2,29	2,39
EBITDA margin, %	-25	-22,2

2014 жылғы қорытындылар бойынша «ROACE» тартылған капиталының рентабельділігі 2,39%-ды құрады. 2013 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің ұлғаюы шоғырландырылған пайданың өсуіне байланысты (2-кесте).

СҚЖҚ негізгі өндірістік көрсеткіштері 3-кестеде берілген.

«Жылжымайтын мүлік пулы» көрсеткішін атқару жоспардың 87%-ын құрады. Жаңа шарттар жасасу тұрғын үй құрылысына үлестік инвестициялау туралы заңнамамен белгіленген шектеулерге байланысты болды. Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындауға қатысты. 2014 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңға өзгерістер енгізілді.

2014 жылы СҚЖҚ жылжымайтын мүлік пулынан 140 мың шаршы м. жоғары «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша пайдалануға енгізілді (жоспардың 50%-ы). Жергілікті атқарушы органдардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды енгізу жөніндегі міндеттемелерін уақытылы орындамауы нәтижесінде, сондай-ақ теңгенің құнсыздануы нәтижесінде 3 объектіні пайдалануға енгізу 2015 жылға ауыстырылды.

Тұрғын үй құрылысына тартылған жеке инвестициялардың үлесі 25%-ды құрады (жоспардың 100%-ы).

Құрылыс салушылардың қазақстандық қамту үлесі 70% жоспар кезінде 81%-ды құрады.

### **Трансформациялау бағдарламасын іске асыру**

Жылжымайтын мүлік қорының трансформациялау жол картасы 2014 жылғы қарашада бекітілді.

Осы жол картасының шеңберінде негізгі іс-шаралар «0 сатыда»: «Дайындау және жұмылдыру» 2016 жылғы наурызға жоспарланып отыр. «Адамдар. Өзгерістерді басқару» бағыты бойынша іс-шаралар 2015 жылы Акционермен бірлесіп өткізілетін болады.

### **Инвестициялық қызмет**

Жылжымайтын мүлік қоры 2014 жылы «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын іске асыру бойынша қызметті жүзеге асырды, дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруды аяқтады және «мега» жобалар мен «жасыл» девелопмент саласындағы жобалар – жаңа стратегиялық бағыттарын пысықтауға кірісті.

Жылжымайтын мүлік қоры 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасының шеңберінде бар-жоғы 15 шарт жасасты, оның ішінде үй-жайлардың жалпы алаңы 583 мың шаршы метрден астам елдің 9 өңірінде (Астана, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Шымкент, Қарағанды, Өскемен, Қызылорда қалаларында және Алматы облысында (Алматы қаласының қала маңындағы аймағында) 13 тұрғын үй құрылысы объектілерін қаржыландыру шарттарын жасасты, оның ішінде Жылжымайтын мүлік қоры үй-жайларының алаңы – 455,4 мың шаршы м, 7,6 мың пәтер. Сондай-ақ үй-жайлардың жалпы алаңы 103 мың шаршы м кем болмайтын Ақтау және Астана қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 2 шартқа қол қойылды.

Осылайша, Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен Бағдарламаны іске асыру шеңберінде үй-жайлардың жалпы алаңы 692 мың шаршы м астам болатын елдің 10 өңірінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру жүзеге асырылды.

31.12.2014 жылғы жағдай бойынша Жылжымайтын мүлік қоры жалпы сомасы 46,3 млрд теңге болатын объектілерді қаржыландыруды жүзеге асырды.

Жылжымайтын мүлік қоры Тұрғын үйді пайдалануға енгізу жөніндегі 2013–2014 жылдарға арналған бағдарламасының мақсатты өлшемін орындауды (150 мың шаршы м) қамтамасыз етті. 2013–2014 жылдары Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен 200 мың шаршы м жуық үй-жайлар (3 757 пәтер) пайдалануға енгізілді, оның ішінде Қордың тұрғын үй алаңы – 164,5 мың шаршы м (3 152 пәтер).

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында (Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен 2013 жылғы 23 қаңтарда өткен кеңестің № 01-7.1 хаттамасының 1-тармағының 1) тармақшасы) Жылжымайтын мүлік қоры VI Group корпорациясымен бірлесіп, озық экологиялық және энергия тиімді технологияларды пайдалана отырып, Астана қаласында «Жасыл орам» өкімшілік-тұрғын үй кешенін салуды жүзеге асыруда.

Осы жоба «жасыл» құрылыс тұжырымдамасына өту саласында пилотты болып табылады және алда өткізілетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі шеңберінде таныстырылатын болады.

«Жасыл орам» ғимаратын Жасыл құрылыс жөніндегі америкалық кеңестің (USGBC) LEED стандарттарына (Leadership in Energy and Environmental Design) сәйкестікте сертификаттау жоспарланып отыр. Мұндай сертификаттау Астана-ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің – «Болашақ қуаты» атты ұранына сәйкес келетін осы жобаның бірегейлігін растауға мүмкіндік береді.

Жалпы және өкімшілік ғимараттардың жалпы алаңы 180 мың шаршы м. құрайды. Құрылыс аумағында дайындық жұмыстары жүргізілді, жер жұмыстары басталды. «Жасыл орам» жобасын 2016 жылдың аяғында пайдалануға тапсыру күтілуде.



## 4.7.2. ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ

.Екінші деңгейдегі банктердің капиталынан шығу туралы Мемлекет Басшысының тапсырмаларына және Қор инвесторлармен 2013 жылғы желтоқсанда және 2014 жылғы қаңтарда қол қойған келісімдерге сәйкес 2014 жыл ішінде үш банктің – «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ акцияларын дайындау және сату жөнінде жұмыс жүргізілді.

Мәмілелерді жасасу үшін барлық қажетті талаптар орындалды: «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктердің акцияларын иеліктен шығару жөніндегі Қордың корпоративтік шешімдері қабылданды, уәкілетті органдардың рұқсаттары, банктердің кредиторлары мен акционерлерінің келісімі алынды.

*«Темірбанк» АҚ мен «Альянс Банк» АҚ акцияларын иеліктен шығару*  
Қор мен Б.Д. Өтемұратов мырза арасында 2014 жылғы 15 мамырда қол қойылған келісімдерге сәйкес Б. Д. Өтемұратов мырзаның пайдасына «Темірбанк» АҚ-ның 79,88% жай акцияларын және «Альянс Банк» АҚ-ның 16% жай акциясын және 16% артықшылықты акциясын иеліктен шығару жөніндегі мәмілені жабу ресімі өткізілді.

Мәміле талаптарына сәйкес Қор жаңа акционермен бірлесіп 2014 жылы «Альянс Банк» АҚ берешегін қайта құрылымдау мәселесі бойынша оның кредиторларымен және акционерлерімен келіссөздер және «Темірбанк» АҚ-мен «ForteBank» АҚ-ны біріктіру жүргізілді.

2014 жылғы 10 қарашада «Темірбанк» АҚ және «ForteBank» АҚ-мен бірлісіп «Альянс Банк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда 2014 жылғы 13 қазандағы Ақпараттық меморандумдағы Қайта құрылымдау жоспары және «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ны Альянс Банкке қосу бекітілді.

2014 жылғы 19 қарашада «Альянс Банк» АҚ конкурстық кредиторларының жиналысы өткізілді, онда Банктің қайта құрылымдау жоспары мақұлданды.

2014 жылғы 10 желтоқсанда «Альянс Банк» АҚ оған «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ны қосу нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсатын алды.

2014 жылғы 30 желтоқсанда «Альянс Банк» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда «Альянс Банк» АҚ-ға «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ны қосу нысанында қайта ұйымдастыру, сондай-ақ «Альянс Банк» АҚ-ны «ForteBank» АҚ деп қайта атау шеңберінде мүлікті беру актісі, құқықтар мен міндеттерді беру бекітілді.

2014 жылғы 31 желтоқсанда Қордың Жалғыз акционерінің шешімі қабылданды – Б. Д. Өтемұратов мырзаның пайдасына «Альянс Банк» АҚ-ның қалған акциялар пакетін иеліктен шығару туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

*«БТА Банк» АҚ акцияларын иеліктен шығару*

2014 жылғы 30 маусымда және 4 шілдеде бір жағынан Қор және екінші жағынан, «Қазкоммерцбанк» АҚ мен Қ. Х. Рақышев мырза арасында жаңа акционерлердің пайдасына әрбір 46.5% бойынша – БТА-ның Қорға тиесілі акциялар пакетін иеліктен шығару жөнінде мәмілені жабу өткізілді.

Қорда қалған БТА-ның миноритарлық пакеті – 4,26% акциясы ҚКБ сенімгерлік басқаруына берілді.

2014 жылғы 26 желтоқсанда ҚКБ пен БТА акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында негізгі банк (ҚКБ) пен еншілес банк (БТА Банк) арасында активтер мен міндеттемелерді беру нысанында БТА және ҚКБ біріктіру мақсатты моделі мақұлданды.

Активтер мен міндеттемелерді беру 2015 жылғы бірінші жарты жылдықта кейінге қалдырылатын талаптарды орындағаннан кейін жоспарланды.

Қор жүргізген жұмыстардың қорытындысында 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үш банкті – «Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «БТА Банк» АҚ бақылау толығымен жаңа акционерлердің қолына өтті.

Осылайша, уақытша мемлекеттің бақылауында болған коммерциялық банктер бәсекеге қабілетті нарыққа қайтарылды.

5. «САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ  
2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

## «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

1. ДК Қордың болашақ моделінің тұжырымдамасын бекітуі.
2. Қордың корпоративтік орталығында және оның үш пилоттық компанияларында мақсатты үдерістерді әзірлеуді аяқтау.
3. Мақсатты үдерістерді имплементациялаудың басталуы.
4. Қордың корпоративтік орталығында жаңа ұйымдық құрылымды бекіту.
5. Барлық деңгейдегі ірі еншілес компаниялардың басшыларына тәуелсіз бағалау жүргізу.
6. Қор компанияларының тобы шеңберінде грәйдтер жүйесін және мәнсап жағынан өсу сызбасын енгізу.
7. Компания басшыларын көшбасшылық модульдік бағдарламасы бойынша оқыту.
8. Таланттарды басқару – кадрлық резерв жүйесін енгізу, сабақтастық жоспарларын бекіту.
9. Материалдық емес уәждеу жүйесін енгізу (Қордың, компаниялардың үздік қызметкерлерін ынталандыру).
10. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы жұмыстарды жалғастыру және дуальдық оқыту жүйесі шеңберінде кадрларды даярлау.
11. Қордың және ұйымдардың практикасына Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізу.
12. Бағдарланған тәсілдеме тәуекеліне негізделген Тұрақты даму тұжырымдамасын кезең-кезеңмен енгізу.
13. Корпоративтік басқару жүйесін бағалаудың жаңа әдістемесін әзірлеу және Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасын жүргізу.
14. Қазынашылықтың мақсатты моделінің жобасы бойынша жұмыстарды жалғастыру және қазынашылықтың автоматтандырылған жүйесін енгізу.
15. 2015 жылы Қордың компаниялар тобы 7,4 мыңнан астам уақытқа және 4,3 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын құра отырып, жалпы сомасы \$6,8 млрд 17 жобаны пайдалануға енгізуді жоспарлап отыр.

Олардың біршама маңызды жобаларына мыналар жатқызылады:

- «Қазақстан-Қытай» газ құбырының жобалау қуатын ұлғайту (нитка С);
- Астана қаласында көлік-логистикалық орталығын салу және басқару;
- көп функционалдық мұз айдыны сарайын салу;
- Жамбыл облысында қуаты 50 МВт болатын «Бурное» күн электр станциясын салу.

16. «ҚР аумағында 2012–2022 жылдары LTE/GSM/UMTS желілерін салу» жобасы шеңберінде Интернет желісіне ұтқыр кең жолақты қол жеткізу және ұтқыр дауыс қызметтерін дамыту. 2015 жылы LTE ұтқыр кең жолақты қол жеткізу қызметтерімен ҚР барлық аудан орталықтарын жабу, сондай-ақ желіге қосылған елді мекендердегі желілердің сыйымдылығын арттыру жоспарланып отыр.
17. Тіркелген КЖҚ қызметтерін және B2C және B2B сегменттерінде тіркелген байланысты дамыту.

## 6. ГЛОССАРИЙ

## Осы Жылдық есепте мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚР	Қазақстан Республикасы
Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
Қордың компаниялар тобы, Топ	Қор, компаниялар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компаниялардың осы еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар
Еншілес және тәуелді ұйымдар, ЕТҰ	Қор 20%-дан астам дауыс беретін акцияларын иеленетін немесе Қор қалыптастырған жарғылық капиталдың бір бөлігін иеленетін не жасалған шартқа сәйкес (не басқаша түрде) Қор осы заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар заңды тұлғалар
ТБК	Тау-Кен байыту комбинаты
ҚАӨ, Қазатомөнеркәсіп	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
ҚИ, Қазақстан инжиниринг	«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Қордың компаниялары	Ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар
ҚМГ, ҚазМұнайГаз	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
ҚТЖ, Қазақстан темір жолы	«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ
БХК	«Біріккен химия компаниясы» ЖШС
СҚЖК, Жылжымайтын мүлік қоры	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
Қазпочта	«Қазпочта» АҚ
«Тау-Кен Самұрық» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» ұлттық Тау-Кен компаниясы» АҚ
«KEGOC» АҚ, KEGOC	Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания
Самұрық-Энерго	«Самұрық-Энерго» АҚ
Эйр Астана	«Эйр Астана» АҚ
БЭЖ	Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі
АТ	Ақпараттық технологиялар
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ДК	Директорлар кеңесі
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
«ҰИМТ» АЭА	«Ұлттық индустриалық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ҚХР	Қытай халық республикасы
ҚЕХС	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ҚПҚ	Қатты пайдалы қазбалар



**Редакциялық алқа:**

Ердебай Д. И.  
Тәжібаев Ұ. Қ.  
Бахмутова Е. Л.  
Рахметов Н. Қ.  
Сәрсенбаев Т. Е.  
Бейсенғалиев Б. Т.  
Байдәулетов Н. Т.  
Сәлімгереев М. Ж.  
Ізбастин Қ. Т.  
Қалетаев Д. А.  
Бектеміров К. А.  
Мыңжасаров Ж. А.  
Әбдіғалпаров Ә. М.  
Құрманғазиев Ж. Е.  
Құсайынова С. Д.  
Қылбаев Е. С.

---

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

Заңды мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Қонаев көшесі, 8  
Б-блогы

Кеңсе:  
+7 (7172) 554 002, 554 001, 552 630  
Факс: +7 (7172) 554 000

[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

